

# EGEMEN QAZAQSTAN

№15 (30494) 24 ҚАҢТАР, СЕЙСЕНБІ 2023 ЖЫЛ

Жүз жылдық жинама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

## Әуе компаниясының жоспары сөз болды



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Air Astana» президенті Питер Фостерді қабылдады.

Қабылдау кезінде «Air Astana» басшысы Мемлекет басшысына әуе компаниясының 2022 жылғы операциялық және қаржылық көрсеткіштері жөнінде мәлімет берді. Сондай-ақ компанияның 2023-2027 жылдарға арналған жоспары туралы баяндады.

«Air Astana» компаниясы өз әуе паркін «Airbus A320» және «Boeing 787 Dreamliner» секілді жаңа буын ұшақтарымен толықтыруды жоспарлап отыр. Бұл ұшақтар елімізге 2025 жылы жеткізіледі.

Питер Фостер компанияның бөлімшесі «Fly Arystan» лоукостері жұмысының келешегі және 2024 жылы IPO-ға шығуға дайындық туралы баяндады.

Президент «Air Astana» қызметін оң бағалап, компанияның ұшақ санын арттыруды және ұшу географиясын кеңейтуді көздейтін стратегиясына оң баға берді.

Сондай-ақ кездесу барысында жолаушылар санын арттыруға бағытталған әуе компаниясының баға саясаты талқыланды.

## Жеңісімен құттықтады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев XXXI Дүниежүзілік қысқы универсиадада табысты өнер көрсеткен Қазақстанның студенттер құрамасын құттықтады.

«Сіздердің жарқын жеңістеріңіз күллі жанкүйер қауымға зор қуаныш сыйлады. Дүниежүзілік қысқы Универсиадада сіздер шеберлік пен жеңіске деген ерік-жігердің бірегей үлгісін көрсеттіңіздер. Байрақты бәсекеде жастарымыз ел сенімін ақтап, алтын, күміс және қола медальдарға ие болды. Спортшыларымыздың мұндай жоғары нәтижеге қол жеткізуіне жаттықтырушыларымыз елеулі үлес қосты.

Елімізде бұқаралық және балалар спортын дамытуға барлық жағдай жасалып жатыр. Құрама командалық Универсиададағы тамаша өнері мыңдаған жасты жігерлендіріп, жеңістерге бастайтыны анық», деп жазылған құттықтау хатта.

Президент Қазақстанның студенттер құрама командасының биік белестерді бағындыра беруіне тілектестік білдірді.

### РЕСМИ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Конфедерациясының Федералдық Кеңесі арасындағы бағалы металдардан жасалған бұйымдардағы сынамалық таңбаны өзара тану жөніндегі келісімді ратификациялау туралы**

2021 жылғы 29 қарашада Женевада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Конфедерациясының Федералдық Кеңесі арасындағы бағалы металдардан жасалған бұйымдардағы сынамалық таңбаны өзара тану жөніндегі келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті  
**К.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 23 қаңтар  
№ 189-VII ҚРЗ

### ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының өкімімен Наиль Рафисович Ахметзакиров Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің басшысы лауазымына тағайындалды.

### ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРДЫ: НӘТИЖЕ ҚАНДАЙ?



Суретті түсірген Ерлан ОМАР, «ЕҚ»

## Шетелдік автокөліктерді заңдастыру басталды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтырғы Жолдауда айтқан тағы бір тапсырмасының ойдағыдай орындалғанына куә болдық. Дәлірек айтсақ, кеше өткен жылдың 1 қыркүйегіне дейін елімізге әкелінген шетелдік көліктерді заңдастыру басталды. Осылайша, жүздеген жүргізушінің жанын жеген маңызды мәселенің түіні тарқай түсті.

**Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Ел Президенті Жолдауда шетелдік көліктерге қатысты мәселеге назар аударғаны есімізде.

— Кейбір жақын шетелдерден әкелінген автокөліктерге қатысты түйткілдер баршаға мәлім. Заң аясынан тыс қалып отырған мұндай көліктер қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіруде. Заңсыз көлік

әкелетін амал-тәсілдің бәріне тосқауыл қою үшін батыл шаралар қабылдау қажет. Ал былғы 1 қыркүйекке дейін елге әкелінген автокөліктерге қатысты ахуалды реттеу керек. Оларды заңдастыру мақсатында утилизация және алғашқы тіркеу үшін төленетін қаржы көлемін 200-250 мың теңгеден асырмай, бәріне бірдей және бір реттік алым алуды ұсынамын. Бұл — іздеу салынбаған және кеден рәсімдерінен өткен көліктерге

ғана қатысты шара, — деген болатын Мемлекет басшысы.

Президенттің тапсырмасынан кейін көлік жүргізушілері үніміз жоғарыға жетті деп қуанған еді. Солардың қатарында алматылық Сейілбек Олжабеков те бар. 39 жастағы тұрғын кеше шетелдік көлікті заңдастырған алғашқы тұрғын атанды. Ол тақымындағы Toyota Alphard-ты 2019 жылы Армениядан әкелген екен.

(Соңы 7-бетте)

## Зияткер ұлт қалыптастыруға тың серпін

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан шахмат федерациясының президенті Тимур Турловты қабылдады. Кездесу барысында елімізде шахматты дамыту мәселелері талқыланды.



Қасым-Жомарт Тоқаевқа жуырда Қазақстанда Халықаралық шахмат федерациясымен (FIDE) бірлесіп ұйымдастырылған халықаралық турнирлердің қорытындысы жөнінде мәлімет берілді.

Тимур Турлов федерацияның алдағы кезеңге арналған жоспары туралы баяндады. Атап айтқанда, федерация еліміздегі шахмат секцияларының санын 2 есе, яғни 7 мыңнан 14 мыңға дейін ұлғайтуды, шахматты одан әрі дәріптеу жұмыстарын жалғастыруды, осылайша зияткерлік ұлт қалыптастыруға үлес қосу жөніндегі Президент

тапсырмаларын орындауды көздейді. Сондай-ақ федерация Қазақстан құрамасы көшбасшыларының әлеуетін танытуды, жаңа чемпиондарды тәрбиелеп шығаруды мақсат етіп отыр.

Мемлекет басшысына әлем чемпионы атағы үшін биыл 7 сәуір мен 1 мамыр аралығында Астанада өтетін шахмат жарысына дарылық барысы туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев отандық шахмат шеберлерінің халықаралық аренадағы жетістіктеріне жоғары баға берді. Мемлекет басшысының айтуынша, елімізде әлемнің үздік шахматшыларының қатысуымен ірі жарыстар ұйымдастыру балалар мен жастар арасында осы спорт түрінің танымалдығын арттыруға ықпал етеді.

### САРАПТАМА

## Балық шаруашылығының бары мен жоғы

Балық шаруашылығын дамыту агросаясаттағы басты міндеттің бірі болғанымен, бүгінде нақты нәтижеге қол жеткізу қиындау болып тұр. Бұл өз кезегінде ел Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған» бағдарламасы атты іргелі жоспардың орындалуын кешеуілдетіп отыр.



**Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Осы межелі жылдар аралығындағы істелетін жұмыстың нәтижесі бойынша ауланатын балық түрінің үлесі 270 мың тоннаға дейін артуға тиіс-тұғын. Өкінішке қарай, аймақтардағы жағдай ол жоспарды орындауға мүмкіндік бермейтін сияқты. Өйткені өңірлерде балық шаруашылығының дамуына қолбайлау болатын

кедергілер көп екен. Бұл мәселе еліміздегі аграрлы өңірдің бірі әрі балық шаруашылығының дамытуға қолайлы аймақ саналатын Алматы облысында да бар.

— Бізде 2030 жылға дейін балық шаруашылығын дамыту бағдарламасы бар. Онда Алматы облысынан шығатын балық өнімін 25 мың тоннаға жеткізу көзделген. Осы міндетті орындау үшін балық шаруашылығына берілетін мемлекеттік қолдаудың көлемін арттыру керек.

Алматы облысындағы болашағы зор саланың бірі — балық шаруашылығы. Қазірдің өзінде өңірден мал етінен гөрі балық өнімдері көбірек экспортталады. Бұл саланың қуатын арттыру үшін балық шаруашылығының көлемін

ұлғайту керек. Сондай-ақ өндірістік мақсатта шабақ өсіруді қолға алу қажет, — деген былтыр Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өңірге жасаған сапарында.

(Соңы 6-бетте)

### ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН

## Еңбекқорлық пен ізденіс

Ел еңбекпен көркейеді. Қандай шаруаның құлағын ұстаса да адал еңбектеніп, жұмысының жемісі манайына жұғысты болған бейнетқор азаматтар — қашанда қоғамның айнасы. Халқымыздың «Азаматына қарап, елін таны» деуі де сондықтан. Бұған ерекше мән берген Мемлекет басшысы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты халыққа Жолдауында «Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет

көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды», делі. Осы қасиеттер бойынша табылатын, қарапайым шаруасымен-ақ берекелі қоғам құруға үлкен үлесін қосып жүрген бастамашы, іскер азаматтар аразымызда көптеп кездеседі. Бұл ретте көпке үлгі, елге жұғымды еңбек адамдарын газетіміздің «Еңбегімен еленген» айдарының кейіпкері ретінде көпшілікке таныстырып келеміз.

Осы айдармен берілген материалды 8-беттен оқи аласыздар



# Парламентаралық ынтымақтастық арта түседі

Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған Палата делегациясы ресми сапармен Қырғыз еліне келді. Екі күнге жалғасатын сапар барысында депутаттардың Қазақ-қырғыз зиялыларының VII форумына қатысуы және елдің басшылығымен бірқатар екіжақты кездесу өткізуі жоспарланған.

Мәулен Әшімбаев пен Қырғызстан Жогорку Кенешінің төрағасы Нұрланбек Шакиевтің кездесуі кезінде тараптар парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту перспективаларына кенінен тоқталды.

«Қазіргі таңда қазақ-қырғыз қарым-қатынасы барлық салада қарқынды дамып келеді. Оған ең жоғары деңгейдегі белсенді диалогтің ықпалы зор екені сөзсіз. 2021 жылы наурызда Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров Қазақстанда мемлекеттік сапармен болды. Ал бытыр мамыр айында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстанға ресми сапармен келді. Сонымен қатар мемлекет басшылары басқа да көпжақты және екіжақты форматтағы іс-шараларда кездесіп отырады. Сол кездесулердің нәтижелері елдеріміздің барлық саладағы қарым-қатынасына тың серпін берді», деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ ол Қазақстан Парламентінің Сенаты өңірлердің мүддесін білдіретін Палата екеніне және екі ел арасында өңіраралық қарым-қатынасты

арттыру мәселелеріне назар аударды. Мәулен Әшімбаев бұл бағытта нақты істерге басымдық берудің маңызы зор екенін атап өтті.

«Жалпы, Қазақстан мен Қырғызстанның өңіраралық ынтымақтастығының әлеуеті зор. Соны тиімді пайдаланғанымыз абзал. Бұл ретте екі елдің шекаралас аймақтары арасындағы байланысты нығайту маңызды. Ол сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық қарым-қатынасты дамытуға ықпал етеді. Сондай-ақ трансшекаралық мәселелерді шешу арқылы шекаралас өңірлердегі тұрғындардың өмір сүру деңгейін де жақсартуға мүмкіндік туады. Өңірлерде екі ел депутаттарының, оның ішінде жергілікті өкілді орган депутаттарының кездесулерін тұрақты түрде өткізудің де берері мол деп есептейміз», деді Қазақстан Парламенті Сенатының Спикері.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Сенат депутаттарының жұмысында өңірлердегі проблемаларды шешуге баса мән берілетінін, бұл Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың



бастамасымен іске асырылған конституциялық реформаның жалғасы екенін айтты.

Өз кезегінде Нұрланбек Шакиев Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды саяси және экономикалық реформалардың рөлін жоғары бағалап, екі мемлекет арасындағы қарым-қатынасты дәйекті түрде дамытудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ ол парламентаралық ынтымақтастықты нығайту бағытындағы бірлескен жұмыс үшін Мәулен Әшімбаевқа алғысын

білдірді және екіжақты диалогті жан-жақты кеңейтуге дайын екенін жеткізді.

Бұдан бөлек, сұхбаттасушылар сауда-экономикалық, әлеуметтік, мәдени-гуманитарлық және басқа да мәселелерді шешуге екі ел парламентарийінің тигізер ықпалын талқылады. Екі мемлекет арасында білім және ғылым саласындағы өзара байланыс жүйелі түрде дамып келе жатқаны да айрықша аталды. Қазіргі таңда Қазақстандағы жоғары оқу орындарында оқу үшін Қырғызстан азаматтарына бөлінетін квотаның

көлемі ұлғайтылды. Сонымен бірге таяуда Бішкекте Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалы ашылғанын да айта кеткен жөн.

Сонымен бірге сапардың алғашқы күнінде Сенат төрағасы 1916 жылғы қайғылы оқиға салдарынан қаза тапқандарды еске алуға арналған «Ата-Бейит» тарихи мемориалына гүл шоғын қойды және әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовтың рухына тағзым етті. Сондай-ақ қайраткер қаламгердің музей-үйіне барды.

## Серіктестіктің жаңа міндеттері

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі Алматы қаласына жұмыс сапары аясында жақында ғана қайта жасақталған «Қазақ газеттері» серіктестігінің ұжымымен кездесті. Кездесу барысында басылымдардың алдағы даму жоспарына қатысты тиісті міндеттер айтылып, дәстүрлі медиа-ны заманауи мүмкіндіктерге сай өрістету мәселесі талқыланды.

Арман ОКТЯБРЬ,  
«Egemen Qazaqstan»

«Egemen Qazaqstan», «Қазақстанская правда», «Ана тілі», «Ақиқат», «Мысль», «Тенге монитор», «Ұйғыр авазы», «Үркер», «Ақжелкен», «Балдырған», «Ұлан», «Дружные ребята» басылымдары бұдан былай бір шаңырақ аясында «Қазақ газеттері» ЖШС ретінде жұмысын жалғастырады.

Дархан Қыдырәлі қазақ газеттерін өрістетуде сәтмен жүзеге асқан бұл істің барысына тоқталып: «Бүгін жаңа өзгеріс бастауында бас қосып отырмыз. «Қазақ газеттері» өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты деп нық сеніммен айта аламыз. Айтулы басылымдар бір шаңырақтың астында қызмет істей отырып, ортақ ақпараттық міндеттерін тиімді

жүзеге асыратын болады», деп атап өтті.

Министр бірнеше басылымның бас директоры ретінде Дихан Қамзабекұлын таныстырды. Сондай-ақ Думан Анаш «Қазақ газеттері» бас директорының орынбасары – Алматы филиалының басшысы, Асыл Сағымбеков «Мысль» журналының бас редакторы, Ерлан Жүніс «Ана тілі» газетінің бас редакторы қызметіне тағайындалды.

Қазақ баспасөзінің өткені мен бүгін, алдағы даму бағыты талқыланды. Д.Қыдырәлі отандық журналистиканың өрге басуына сүбелі үлес қосқан белгілі қаламгерлер – Шамшиддин Паттеев, Қали Сәрсенбай, Аяған Сандыбайға ұзақ жылғы жемісті еңбектері үшін алғыс айтып, арнайы салалық медальдармен марапаттады.

Сондай-ақ ақпарат кеңістігінде өз орнын қалыптастырып, жарыққа шыққанына биыл 90 жыл толып отырған «Дружные ребята» газетінің ұжымын мерейлі белесімен құттықтады. Өз кезегінде басылымның редакторы Ольга Гумирова «Еңбек ардагері» медалімен, бас редактордың орынбасары Ольга Рыбкина және басылым қызметкерлері Сарина Акашева мен Елена Мазина министрдің Алғыс хатымен марапатталды.

Басқосуда министр оңтайландыру жұмыстары аясында балалар басылымдарына ерекше көңіл бөлу, қазіргі ақпарат алу мен беру үдерісін ескеріп, барлық газет-журналда интернет-редакция жұмысын жаңа арнаға қою, қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту, басылымдарда салмақты да мазмұнды материалдардың артуы үшін авторлар тарту әрі серіктестікке қарасты басылымдарда жұмыс істейтін іштегі авторлардың әлеуетін пайдалану сынды маңызды мәселелерге айрықша назар аударуды тапсырды.

АЛМАТЫ



Суретті түсізсең, Юрия БЕККЕР

## Білікті мамандарға жол ашық

Биыл Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу өтеді. Өйткені еліміздің барлық аймағына талантты жастарды тартып, өңірлік резервтер құру қажет. Бұл туралы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев кеңейтілген алқа отырысында мәлімдеді. Сонымен қатар осы жылы мемлекеттік қызметте өзге де тың бастамалар қолға алынбақ.

Гүлнар ЖОЛЖАН,  
«Egemen Qazaqstan»

– Биыл Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу өтеді. Қазіргі кезде еліміздің ең маңызды салалары денсаулық сақтау, энергетика, білім беру бағытында жұмыс істейтін резервшілердің саны өте аз. Бұл ретте, резервшілердің салалық топтарын қайта қарастырамыз. Үміткерлермен әңгімелесу міндетті түрде салалық орталық органның қатысуымен өткізіміз деп жоспарлап отырмыз, – деді агенттік төрағасы.

Ал осыған дейін резервке қабылданған, алайда өзге елдің азаматтығын алып Қазақстан азаматтығын жоғалтқан, сондай-ақ қызметтен түрлі себеппен кеткендер резервтен шығарылады. Сонымен қатар мемлекеттік грантпен бітім алған жоғары оқу орындарының үздік түлектері аудандық және ауылдық деңгейлерде конкурстық қызметке тағайындалады.

– Бұл білікті жастарды мемлекеттік қызметке ынталандыруға, жас мамандардың аудан мен ауылдық жерлерге оралуына, сонымен қатар өңірлердегі кадр тапшылығын азайтуға септігін тигізіп, мемлекеттік қызметке кіруді жеңілдетеді. Бұған қоса «Б» корпусының жоғары лауазымдарына уәкілетті органның келісімімен конкурстық іріктеусіз тікелей тағайындау мүмкіндігі беріліп отыр. Бұл бірінші басшылардың өз қызметшілері үшін жауапкершілігін арттырады. Сондай-ақ Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында жоғары үлгерімін

көрсеткен түлектерді оқуды бітіргеннен кейін бір жыл ішінде елорданы қоспағанда, жергілікті органдарға келетін лауазымдарға конкурстық іріктеусіз тағайындауды қарастырып отырмыз, – деді Д.Жазықбаев.

Ал екі тоқсан бойы қабілеттіліктері тиімсіз деп бағаланған қызметшілердің лауазымы төмендетіледі, егер төменгі бос лауазым орны болмаған жағдайда қызметтен шығарылады. Агенттік басшысының айтуынша, бұл аппаратты тиімсіз мемлекеттік қызметшілерден босатуға ықпалын тигізіп, мемлекеттік қызметтен шығарылған қызметші мемлекеттік қызметке үш жыл бойы қайтып келе алмайды.

Бұған қоса агенттік мемлекеттік қызметті жетілдіру жөнінде заң жобасын әзірлеп, Парламенттің қарауына жіберген. Заң жобасында Президент шешімімен саяси қызметшілерді «сенім жоғалтуына» байланысты жұмыстан шығару мәселесі қарастырылған. Мұндай себеппен шығарылған қызметші мемлекеттік қызметке үш жыл бойы қайтып келе алмайды.

– Алдағы уақытта мемлекеттік органдардағы басқарушы және атқарушы лауазымдар саны реттеледі. Қазіргі кезде, кейбір мемлекеттік органдарда бір не екі қызметшіден құрылған бөлімшелер бар. Біздің мақсатымыз – мемлекеттік органдардың оңтайлы және тиімді құрылымын қалыптастыру. Осының бірі ретінде «Е-қызмет» жүйесінің сыртқы порталында іске асырылатын мемлекеттік қызметке жаңа іріктеу алгоритмі әзірленді, онда конкурстық рәсімді өткізу форматы қайта қаралды. Конкурстық рәсімнің жаңа

форматы үміткерлерге алдын ала белгіленген уақытта өтетін әңгімелесуден басқа барлық кезеңде, кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен конкурстық қатысуға мүмкіндік береді. Ендігі кезектегі біздің жоспарымыз жаңа іріктеу жүйесін сынақтан өткізу, – деді агенттік төрағасы.

Аталған қанатқақты жоба 1 наурыздан бастап 5 мемлекеттік органдарда (Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Сауда және интеграция министрлігі, Ақмола облысы және Шымкент қаласы әкімдіктері) сынақтан өткізіледі.

Бүгінде кейбір қызмет көрсету салалары бюрократиядан арыла қоймағаны белгілі. Осы бағытта агенттік денсаулық сақтау, білім беру, еңбек, әлеуметтік қорғау салаларына талдау жүргізіп, мемлекеттік аппараттың жұмысын мейлінше тұрғындарға бағдарланған сервисті қалыптастыруға, бюрократиялық кедергілерді азайтуға бағытталған 183 ұсыныс әзірлеген.

– Бұған қоса, жалпы мемлекеттік органдардың жұмысында көп кездесетін ішкі әкімшілік рәсімдеріне кешенді мониторинг жүргізілді. Бұл жұмысқа әртүрлі сала мамандарынан, азаматтық қоғам өкілдерінен және сарапшылардан құралған жалпы саны екі мыңға жуық адам қатысты. 2023 жылы қаржы-экономикалық саласына талдау жүргізуді жоспарлап отырмыз, – деді Д.Жазықбаев.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің кеңейтілген алқа отырысында Президент Әкімшілігінің өкілдері, Парламент депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, орталық мемлекеттік органдар өкілдері, аумақтық департаменттердің басшылары, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы және Мемлекеттік қызмет персоналын басқару жөніндегі ұлттық орталықтың қызметкерлері қатысты.

## Жастар индексінің мақсаты қандай?

Елімізде жастар индексі әзірленіп жатыр. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Данияр Қалдыров хабарлады. Жынытық жастардың білімі, жеке қабілеті, қоғамдық-саяси көзқарасы, тұрмыстық жағдайына талдау жүргізеді. Нәтижесінде, жастар саясатын ұлттық және өңірлік деңгейде бағалауға мүмкіндік туады.

Зейін ЕРФАЛИ,  
«Egemen Qazaqstan»

Бүгінде ведомство «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы негізінде заңға тәуелді актілер әзірлеп жатыр. Құжат аясында Жастар ресурстық орталықтары қызметкерлерінің мәртебесін ұлғайту мүмкіндігі пайда болады. Сонымен қатар еңбек жасақтарын құру,

ұйымдастыру, қамтамасыз ету және олардың қызметіне мониторинг жүргізу көзделген.

– 2021 жылы 15 қаңтарда Парламент палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы жастарға байланысты ұсыныстарды нақтылады. Заң жобасын жан-жақты талқылау мақсатында көптеген басқосу ұйымдастырылды. Оған халықаралық мамандар мен сарапшылар жұмылдырылды. Жалпы, құжат мемлекеттік жастар саясаты саласын жетілдіруге, қоғамдық қатынастарды кешенді реттеудің тиімді

құқықтық негізін қалыптастыруға, жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге, жастардың дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Заңда жастардың даму индексі; жастардың әлеуметтік қызметтері; жастармен жұмыс жөніндегі маман; жастардың еңбек жасақтары ұғымдарын заңнамалық бекіту ұсынылды, – деді Данияр Қалдыров.

Заңның бір тармағы ретінде таныстырылған жастар индексі қарапайым тілмен түсіндірсек, бұл 14 пен 35 жас аралығындағы азаматтардың қаншалықты спортпен айналысатыны, кәсіби біліктілігін шыңдау үшін тренингтерге қаншалықты қатысатыны, қоғамдық белсенділігі бойынша нақты мәліметтерге қол жеткізу тәсілдерін біріздендірудің таптырмас құралы. Бір жағынан жиынтық – мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бойынша мемлекеттік органдар

қызметінің тиімділігін арттыруға жол ашады. Демек осы санаттағы қазақстандықтарға қай өңірде қандай қолдау көрсету керек екенін анықтайды.

– Біздің әзірлеп жатқанымыз – БҰҰ-ның жастарды дамытудың жаһандық индексінің отандық нұсқасы. Индексті енгізу еліміздің халықаралық ұстанымына оң әсер етеді, – деді Д.Қалдыров.

Бұған қоса құжат шеңберінде жастар саясатының негізгі бағыттарына қосымша екі тетік енгізілген. Олар – цифрлық сауатты арттыру және волонтерлік қозғалысты дамыту.

Жынында вице-министр саланың әлеуметтік желілердегі ақпараттарды қадағалау мақсатында қандай жұмыстар жүргізілетінін атап өтті. Егер әлеуметтік желіде мемлекеттің тұтастығына, Конституцияға қайшы, ұлттаралық және дін аралық араздық туындататын жазба болса

және ол құқық қорғау органдары тарапынан дәлелденсе, бұғатталатынын жеткізді.

– Министрлік аталған мәселелерді заң шеңберінде қадағалап отыр. Қазір «Масс-медиа туралы» заң жобасы қоғамның ашық талқылауынан өтіп жатыр. Оның ішінде әлеуметтік желілер жұмысы да бар. Жаңа заң жобасы 27 қаңтарға дейін ашық талқыда болады. Сондықтан ұсыныстар болса, қарауға әзірміз, – деді вице-министр.

«Жалпы заң жобасы жастардың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған. Осы ретте жастар санатына кіретіндер саны ұлғаюына байланысты жеңілдікпен жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасына да өзгерістер енгізу қарастырылып жатыр», дейді Данияр Қалдыров. Айта кетейік, елімізде бұрын жастар саны 3,7 миллион болса, қазір жемені өзгеруіне байланысты 14-тен 35 жасқа дейінгі азаматтар 5,8 миллионға жетті.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

## ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР! 2023 жылы 19 наурыз

### Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлауы

Сайлауға қатысуға конституциялық құқықты іске асырудың кепілі Сіздің сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз болып табылады.

Тізімдерді дауыс беруге арналған нақты учаскенің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) жасайды. Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берген өтінішінің негізінде енгізіледі.

Дауыс беру күні өзінің тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келе алмайтын әрбір азамат дауыс беру күніне отыз

күн қалғанда, яғни 2023 жылы 17 ақпаннан кешіктірмей тиісті әкімдікке өтініш беріп, өзінің нақты орналасқан жері бойынша сайлау учаскесінде тіркелуге құқылы.

Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны дауыс беретін учаскенің тізіміне енгізуді ұйымдастырады.

Осы құқықты:

- дауыс беру күні тіркелген жері бойынша болмайтынын білетін азаматтар;

- басқа қаладан келген, арнаулы жоғары және орта оқу орындарында оқитын, жатақханалардан тыс тұратын студенттер;
- вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар пайдалана алады.

Азамат, біртұтас жалпыұлттық сайлау округін, сонымен қатар бірмандаттық аумақтық сайлау округтерін ескере

отырып, сайлаушылардың бір ғана тізіміне енгізіле алады. Сайлаушылар тізіміне тіркелген жеріңіз бойынша енгізілгеніңізді тиісті әкімдіктің сайты немесе Call-орталығы арқылы тексеруге болады.

2023 жылы 4 наурыздан бастап Сізге өз учаскеніңдегі сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

### Құрметті сайлаушылар!

Сіздерді құқықтық сауаттылық танытып, өзіңіздің сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

Өзіңізді сайлаушылар тізіміне енгізуге қажетті заңдық маңызы бар әрекеттерді уақтылы қабылданыз!

**ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!**

# Сайлаушылар тізімін түзудің тәртібі

Кеше Орталық сайлау комиссиясы 2023 жылы 19 наурызда өтетін Мәжіліс пен мәслихаттар депутаттарын сайлау мәселелеріне қатысты зекетті отырысты ұйымдастырды.

**Оралхан АХМАДИЯ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров сайлаушылар тізімдерін жасау және онымен жұмыс істеу сайлау үдерісінің маңызды элементі екенін атап өтті. Себебі азаматтар осы тізім негізінде сайлауға дауыс беруге қатысуға конституциялық құқығын жүзеге асырады. Сондықтан Орталық сайлау комиссиясы сайлаушылардың толық тізімін жасау мәселесін сайлауға дайындық жұмысының маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырады.

Бұл нақанның ерекшелігі – республиканың барлық аумағында, сондай-ақ аумақтық сайлау округтері шегінде өкілді органдардың депутаттарын сайлауға бір мезгілде өткізу. Осыған байланысты уәкілетті органдардың алдында азаматтарды тіркеу орны бойынша сайлаушылар тізімдерінің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету және оларға азаматтардың өтініштері негізінде әрбір сайлау округі шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен өзгерістер енгізу міндеті тұр.

Әкімдер келіп түскен барлық өтініштерді ескере отырып, сайлаушылардың дұрыс және өзекті тізімдерін қалыптастыруды қамтамасыз ету бойынша барлық түбегейлі шараларды қабылдауы қажет.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасының орынбасары Константин Петров Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының бір мезгілде өткізілетін сайлауын ескере отырып, сайлаушылар тізімін жасау мәселесін құқықтық реттеуге және осы үдерістің ерекшеліктеріне егжей-тегжейлі тоқталды. 2023 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша республика сайлаушыларының тізіміне белсенді сайлау құқығы бар 11 млн 976 мың 406 азамат енгізілді. Азаматты сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның сайлау учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелуі, азаматтардың жергілікті атқарушы органдарға сайлаушылар тізіміне енгізу үдерісін білім беру мен мәслихаттар депутаттарының бір мезгілде өткізілетін сайлауын ескере отырып, сайлаушылар тізімін жасау мәселесін құқықтық реттеуге және осы үдерістің ерекшеліктеріне егжей-тегжейлі тоқталды. 2023 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша республика сайлаушыларының тізіміне белсенді сайлау құқығы бар 11 млн 976 мың 406 азамат енгізілді.

Азаматты сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның сайлау учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелуі, азаматтардың жергілікті атқарушы органдарға сайлаушылар тізіміне енгізу үдерісін білім беру мен мәслихаттар депутаттарының бір мезгілде өткізілетін сайлауын ескере отырып, сайлаушылар тізімін жасау мәселесін құқықтық реттеуге және осы үдерістің ерекшеліктеріне егжей-тегжейлі тоқталды. 2023 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша республика сайлаушыларының тізіміне белсенді сайлау құқығы бар 11 млн 976 мың 406 азамат енгізілді.

тізіміне енгізу мәселесіне ерекше назар аударды. Орта арнаулы және жоғары оқу орындарында, сондай-ақ жатақханаларда тұратын күндізгі оқу нысанында жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша білім алушылар жатақхананың орналасқан жері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізіледі. Жергілікті атқарушы органдар өңірлер оқу орындарының басшыларымен бірлесіп студенттерге болу орны бойынша дауыс беруге мүмкіндік беруі қажет. Вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар да жазбаша өтініштер негізінде сайлаушылар тізіміне енгізілуі мүмкін. Вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтардың тұратын жері бойынша дауыс беруге мүмкіндік беру жөнінде алдын алу шараларын қабылдау қажет. Олар сондай-ақ жазбаша өтініштер негізінде сайлаушылар тізіміне енгізілуі және Мәжіліске бірыңғай жалпыұлттық сайлау округі бойынша, сондай-ақ егер осы аймақта тіркелген болса, бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша дауыс беруі мүмкін.

Әскери бөлімдерде сайлаушылар тізіміне ондағы әскери қызметшілердің барлығы, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері және әскер бөлімдері орналасқан жерлерде тұратын басқа да сайлаушылар тізімдері әскери бөлімдер командирлері ұсынатын мәліметтер негізінде жасалады.

Азаматтарды сайлаушылар тізіміне енгізу туралы жазбаша өтініштері тиісті әкімдіктерге осы жылдың 17 ақпанына дейінгі мерзімде, яғни дауыс беру күніне отыз күн қалғанда ұсынылуға тиіс. Жергілікті атқарушы органдар азаматты өзі дауыс беретін учаскенің сайлаушылар тізіміне енгізуді қамтамасыз етеді және азаматты тіркеу орны бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Дауыс беру күніне 15 күн қалғанда, яғни 4 наурыздан кешіктірмей азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдері сайлаушыларға танысуға ұсынылады. Азаматтарға тиісті сайлау комиссияларының үй-жайларында сайлаушылар тізімдерімен танысу, оларға енгізілген сайлаушылар туралы деректердің дұрыстығын тексеру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Әрбір азамат сайлаушылар тізіміндегі өзі туралы



деректерді тексеруге және тізімге енгізілмегенін, дұрыс енгізілмегенін немесе тізімнен шығарылмағанына, сондай-ақ тізімде сайлаушы туралы деректерде жіберілген дәлсіздіктерге шағымдануға құқылы. Өзіңізді тіркеу орны бойынша сайлаушылар тізіміне енгізуді тиісті әкімдіктің сайты немесе Call-орталығы арқылы тексеруге болады.

Сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген өкілеттіктерге сәйкес өңірлердің жергілікті атқарушы органдары мен сайлау комиссияларына тапсырмаларды қамтитын «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының 2023 жылы 19 наурызда тағайындалған кезектен тыс сайлаудағы сайлаушылар туралы» Орталық сайлау комиссиясы қаулысы қабылданды.

«Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарын сайлау жөніндегі науқан кезеңінде сайлау комиссияларының мүшелерін және басқа да сайлау үдерістеріне қатысушыларды оқытуды ұйымдастыру туралы» екінші мәселе бойынша Орталық сайлау комиссиясы Сәбила Мұстафина баяндама жасады. Ол сайлау жүйесі кадрларының кәсібиленуін, сондай-ақ заңнамамен жаңа нормаларына сәйкес өтетін ағымдағы сайлау нақанын ескере отырып, Орталық сайлау комиссиясы қызметінің бірінші кезектегі бағыты сайлау үдерісіне қатысушылардың барлық санаттарының құқықтық сауаттылығы мен сайлау мәдениетін арттыру болып табылатынын хабарлады.

Осыған байланысты ол электронды оқыту бойынша тиісті жоспарды ұсынды, оған сәйкес бірінші кезекте барлық деңгейдегі сайлау комиссияларының мүшелерін келесі бағыттар бойынша әртүрлі нысандарда даярлау және оқыту көзделген: бейнеконференц-байланыс режимінде сайлау нақанының нақты кезеңдері мен бағыттарының өзекті мәселелері бойынша аумақтық, округтік сайлау комиссиялары үшін Орталық сайлау комиссиясының онлайн семинар-кеңестері;

комиссия мүшелері мен аппарат қызметкерлері өңірлерде өткізетін көшпелі оқыту және инспекциялық семинар-кеңестер. Аталған іс-шаралар шеңберінде сайлау комиссиялары іскерлік ойын нысанында «Дауыс беру күні» тренингтерін ұйымдастыруға тиіс: қашықтан оқыту және тестілеу. Сайлау жүйесі, округтік комиссиялардың құрылуын ескере отырып, барлық деңгейдегі сайлау комиссияларының 86 мың 440 мүшесін қамтитынын ескерсек, оқытудың бұл түрі өте ыңғайлы; Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының өңірлік филиалдары базасында сайлау комиссияларының мүшелеріне арналған семинарлар; төмен тұрған аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссиялары үшін Сыртқы істер республикалық маңызы бар қалалардың АСК мүшелерінің көшпелі оқыту семинар-кеңестері мен тренингтері; Қазақстан Республикасының шетелдегі өкілдіктері жанынан құрылған 69 учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері үшін Сыртқы істер министрлігі және Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясының қолдауымен семинарлар.

Электронды оқыту жүйесінің әдіснамалық негізі сайлау жүйесінің барлық деңгейлері бойынша сайлау үдерісін ұйымдастырушыларды даярлаудың ОСК енгізілген каскадтық әдісі болып табылады, ол алдыңғы нақандар барысында өзінің тиімділігін көрсетті. Бірінші кезеңде өкілеттілерін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асыратын аумақтық сайлау комиссияларының мүшелері жана-жақты оқытылатын болады. Екінші кезеңде аумақтық, округтік сайлау комиссияларының мүшелері, учаскелік сайлау комиссияларының төрағалары, төрағалар орынбасарлары мен хатшыларын оқытады. Үшінші кезеңде учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері шеберлігін арттырады. «Hard skills», яғни кәсіби дағдыларды, сайлау заңнамасын білуді

өкілдері үшін семинарлар ұйымдастырылатын болады. Әдістемелік сүйемелдеу мақсатында сайлау үдерістерінің құқықтық рәсімдерін түсіндіретін саяси партияларға, кандидаттарға, БАҚ-қа, сенім білдірілген адамдарға, мүгедектігі бар адамдарға, халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттердің байқаушыларына арналған әдістемелік құралдар әзірленіп, ОСК интернет-ресурсында орналастырылатын болады. Бұдан басқа, ақпараттық, түсіндіру және жұмылдыру сипатындағы сайлау үдерісіне қатысушылар үшін аудио, бейне-роликтер мен өзге де көрнекі өнімдердің үлкен көлемі дайындалды.

Отырыс барысында Денсаулық сақтау вице-министрі – Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Айжан Есмағамбетова кезектен тыс сайлауда Мәжіліс пен мәслихаттар депутаттарына кандидаттарды ұсыну кезінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу шаралары туралы хабарлар етті. Ол республикада коронавирус инфекциясы бойынша эпидемиялық жағдай тұрақты екенін айтты. Соңғы екі аптада сырқаттанғандардың саны азайған. Тәулігіне COVID-19-ға ПТР-дің оң нәтижесімен 120 жағдайға дейін және COVID-19-ға ПТР-дің теріс нәтижесімен 10 жағдайға дейін тіркелді. Алдыңғы аптамен салыстырғанда соңғы аптада сырқаттанушылық деңгейі 1,7 есеге (782 жағдайдан 461 жағдайға дейін) төмендеді. Эпидемиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес республика және барлық өңірлер жақсы аймақта тұр. Сонымен қатар 7 өңірде (Шымкент қаласы, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, облыстары) R көрсеткіші бірден жоғары. Осыған байланысты Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес R көрсеткіші 1 жоғары болған кезде адамдар көп жиналатын орындарда маска тағу ұсынылады.

Республикада коронавирус инфекциясы бойынша ағымдағы жағдайды, сондай-ақ ЖРВИ және тұмаумен сырқаттанушылық бойынша эпидемиялық маусымның ағымын ескере отырып, кандидаттарды ұсыну жүргізу кезінде: кандидаттарды ұсыну бойынша съездер мен конференциялар өткізу кезінде кен үй-жайларды пайдалану; үй-жайларда үздіксіз жұмыс істейтін желдету/ауаны баптау жүйелерінің болуы; R көрсеткіші бірден жоғары аймақтарда маска кию режимін сақтауын қамтамасыз етуге назар аударылады.

Отырыс соңында Нұрлан Әбдіров өңірлердегі санитарлық-эпидемиялық жағдайды ескере отырып, бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің ұсынымына сүйене отырып, сайлау үдерісіне қатысушылардың осы сайлау үдерісі кезеңінде санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қажетті шараларды ұйымдастыру қажеттігіне назар аударды.



# Партиялар бәсекесі күшейеді

Мәжіліс пен мәслихаттар депутаттарын сайлаудың басты ерекшеліктерінің бірі — аралас сайлау жүйесі бойынша өтуі. Яғни ондағы 69 депутат партиялық тізіммен пропорционалды жүйе бойынша, ал 29 депутат бір мандатты сайлау округтері бойынша сайланады.

Бір айта кетерлігі, заң шығарушы орган мүшелерін сайлаудың осындай жүйесі әлемнің басқа елдерінде де кездеседі. Мысалы, Жаңа Зеландия, Германия, Жапония, Оңтүстік Корея, Литва, Мексика, Ұлыбритания. Әрине, елдердің әрқайсысының өзіндік айырмашылықтары, ерекше белгілері бар. Бірақ жалпы алғанда аралас сайлау жүйесі пропорционалды жүйенің де, мажоритарлық жүйенің де тиімді тұстарын пайдалануға мүмкіндік береді.

Аралас сайлау жүйесінің тағы бір артықшылығы, сайлаушы енді партияларға, сондай-ақ өз аймағынан белгілі бір кандидатқа дауыс беру арқылы белгілі бір саяси бағдарламаны таңдайды. Осылайша, саяси мүдделердің өкілдігі сақталады және сайлаушы мен белгілі бір аймақтан сайланған депутат арасындағы байланыс нығаяды. Оның үстіне сайлаушылар енді бір мандатты округ бойынша сайланған депутатты кері шақырып алу мүмкіндігіне ие.

Бұл депутаттар жұмысының тиімділігіне, олардың ашықтығы мен азаматтарға қолжетімділігіне оң әсер етуге тиіс.

Саяси өмірді жандандыру идеясын жалғастыра отырып, жаңа жүйе елдегі партиялық жүйе мен көппартиялықтың дамуына да серпін бермек. Мысалы, Жаңа Зеландияда аралас жүйе енгізілгеннен кейін этностық және тілдік азшылықтар мүддесін қорғайтын ұсақ саяси партиялар Парламентте өкілдік алды.

Оның үстіне саяси партиялар аймақтық деңгейде де белсенді түрде әрекет етеді. Өйткені бір мандатты округтердегі сайлау елдің заң шығарушы органында депутаттық орын алуға қосымша мүмкіндік береді. Осылайша, 2023 жылғы парламент сайлауы саяси партиялар, саяси белсенді азаматтар мен қазақстандық сайлаушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайтады.

**Әмина ҮРПЕКОВА,**  
сарапшы

## Бізге қандай депутат керек?

Біраз жыл бұрын Алматыдағы бір қайырымдылық қорының өтінішімен шығыс өңіріне жолымыз түсті. 30 миллионға жуық теңге көлеміндегі қамқорлық жұмысын ұйымдастыра жүріп, облыстағы бір аудан бюджетінің игерілу бағытын сұрадық. Бюджет — 7,5 миллиард теңге. Ал ауданның салық кірісі — 900 миллион теңге. Арадағы айырманы қараңыз — 88%.

Аталған ауданның білім бөлімі ғана осы ақшаның 4 миллиард теңгесін игеріп отыр. Бұл ауданның салық түсімі (0,9 миллиард теңге) бала оқытуға да жетпейді деген сөз. Ал 6,6 миллиард теңгені мемлекет береді.

Нулы-сулы шығыстағы жағдай осындай болса, шәлейтті өңірлердегі жағдай қандай? «Ондай аудандардың біразында жер асты байлығы, кен орындары бар» дейік. Солай. Кем-кетімізді кенімізбен жауып отырмыз. Қашанғы қазған жерімізден қазына, тескен жерімізден теңге шыға бермек? Ал кені де, суы да, нуы да жоқ, бірақ бай елдер бар ғой?

Мәжілісте 98 орынға осындай өзекті мәселені ойлай алатын, елінің атынан есеп сұрай алатын, мемлекет

ақшасын министрмен бірге санап білетін санасы өскелең, білімі мен білігі бекем адам керек.

Мемлекетіміздің батысында топтасып талап қоюдың мәдениеті қалыптасып келеді. Алайда топтасып қойған талаптың бәрі орынды бола бермейді. Сондықтан да ол әртүрлі деңгейде орындалып, кейде орындалмай жатады. Депутат соның ақ-қарасын тани алатын, оң болса қолдап, теріс болса түсіндіретін, жинай да, тарата да алатын білікті болғаны керек. Сайлаушыларға уәдені үйіп-төтетін, толағайды төбесіне көтеріп сөйлейтін сөзшендерді сабырлы, салқын тыңдаған жөн.

Бұл жолғы сайлаудың даулы,

шулы болары анық. Шыны керек, халықта таңдау таразысы жоққа тән. Содан да таңдаулы кандидаттан гөрі танымал кандидат дауыс тартады.

Біз — мемлекет құрушы ұлтпыз. Бізде Парламент болуы керек. Оны өзіміз сайлауымыз, өзіміз таңдауымыз керек. Соған қадам жасауымыз қажет. Бізге уәде бергіш сайрауық депутаттар емес, шын сөйлейтін, дәл айтатын, дәлелі, дәйегі бар білімді депутат керек.

Сөзімізді бастағанда айтқанымыздай, нулы-сулы, кенді-қазыналы кең байтақ даламызды еңбекпен игеруге елді жұмылдыра алатын Парламент керек. Елді еңбек қоғамын жасауға ұйымдастыратын заң керек. Сондай заң шығара алатын зияткер депутаттар қосыны қажет.

Бұл — арман емес. Бұл алдағы сайлауларда жүзеге аса бетайтын ұлттық мақсат! Сондықтан да сайлауға бару — азаматтық, ұлттық парыз.

**Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ,**  
қоғам қайраткері

## Өте қажет шешім

Қазақстан Президентінің өткен жылдың қыркүйек айындағы Жолдауында кезектен тыс сайлау жарияланды. Сондықтан Парламенттің таралуы бұл билік институтындағы саяси қайта жүктеудің логикалық тізбегі, ол Қаңтар оқиғаларынан кейін айтылды.

Бұл жаңа кезеңде жүйелерді шамадан тыс жүктеу және жаңа тұлғаларды енгізу үшін маңызды. Себебі Мәжіліс пен мәслихаттардың қазіргі өкілдері басқа саяси жағдайларда таңдалған. Қазіргі жағдайда бұл өте қажет шешім.

Менің ойымша, Парламент 5-6 партиядан құралады. Алайда бір мандатты аудандарда бәсекелестік болуы мүмкін. Мұндай округтерде Парламент депутаттарының 30 пайызы сайланады. Бірақ түптеп келгенде, тіпті округтерде де жүйелік саясаткерлер ғана пайда көреді. Сондықтан депутаттардың кем дегенде жартысы өз орындарын сақтап, қайтадан депутат болып сайлануы әбден мүмкін.

Қазірдің өзінде көптеген партияның тіркелуі туралы жарияланды, ал іс жүзінде тек екі жаңа партия тіркелді. Қазір елімізде 7 партия бар, олар Президентке де, қазіргі билікке де нақты саяси қарсылықты білдірмейді. Алайда өкілдік бойынша сұраныс сақталады және бұл партиялар кем дегенде экономикалық және әлеуметтік күн тәртібі бойынша өзара бәсекелесе алады, нәтижесінде жаңаруға бастама болады деп үміттенемін. Мәжілістің жаңа құрамы құрылғаннан кейін Үкіметтің ауысуы күтіп тұрғанын атап өткен жөн.

**Рахым ОШАҚБАЕВ,**  
«TALAP» колданбалы зерттеулер орталығының директоры

## Халықтың таңдауы – ашықтық

Еліміздің жаңа даму белесіне, саяси жүйені түбегейлі жаңғырту мен трансформациялау жолына басқан қадамы — Мәжіліс пен мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауы. Парламенттің төменгі палатасының жаңартылған құрамын қалыптастыру арқылы жүйелі реформаларды іске асыру — сайлаудың ашық және бәсекеге қабылетті түрде өтуі талап етеді. Ортақ мақсат пен мүдде, берекелі бірлігіміз үшін жасаған таңдауымыз кемел келешегімізге кепіл болары анық.

Алдағы сайлаудың — Мәжіліске депутаттар бір мандатты округтер арқылы да сайланатыны, үміткерлердің өзін-өзі ұсынуына мүмкіндік берілуі, әйелдер, жастар және ерекше мұқтаждығы бар адамдар үшін квота қарастырылуы, облыстардағы аймақтық сайлау комиссиялары кәсіби түрде жұмыс істейтін секілді басқа да бірқатар ерекшелігі қоғам тарапынан қолдауға ие болды.

Мемлекет басшысы: «Саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес», деп атап өткен болатын. Бұл ретте азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысуы өте маңызды. Оны сайлау үдерісінен де көруге болады. Әсіресе, мемлекетіміздің институционалдық тұғырын нығайтып, Парламенттің рөлін арттыру маңызды болып отырған қазіргі кезеңде халықтың сенім мандатына ие болатын депутаттарға зор үміт артамыз. Қазақ елінің қарыштап дамуы мен өркендеуіне, жаңа мемлекеттік моделін қалыптастыруға бағытталған батыл бастамаларды күтеміз.

Бұл саяси науқан еліміздің дамуы үшін ерекше маңызды. Сайлауға қатысу арқылы азаматтық парызымызды атқарып, болашағымызға лайықты таңдау жасаймыз. Жаңару мен жаңғыру жолындағы Қазақстанды құру — әрқайсысымыздың қолымызда.

**Гүлзада ШАКУЛИКОВА,**  
«С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ басқарма төрағасы-ректор

## Өзгеріс халыққа да, билікке де пайдалы

Сонымен Мемлекет басшының Жарлығы бойынша жетінші сайланған Парламент Мәжілісі таратылып, барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтады және кезектен тыс сайлау өтетін күн белгіленді. Біз бұл өзгерістерге бытырғы республикалық референдумнан кейін-ақ дайын болдық. Өйткені мемлекеттік басқару ісі мен қоғаммен біте қайнасып жүргендіктен, уақыт талабын анық сезінеміз.

Президент мәлімдемесінде: «Мәжілістің және мәслихаттардың кезектен тыс сайлауы — конституциялық реформаның жалғасы» деп түсіндірді. Расында, орны бөлек осы орган қызметі жаңармай, азаматтық қоғамның дамуы тиісті деңгейде іске аспайтыны белгілі.

Ал азаматтық қоғамның өзі қалыптастырмаған Мәжіліс пен мәслихаттар құрамының билікке ықпалы да, халыққа қызметі де толық өте бермейтінін тәжірибе көрсетті. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Құшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» қағидаты бойынша жаңару жолына бет бұрдық.

Халық арасында кейінгі жылдары түрлі сайлау науқандарының жиі өтіп

жатқанын сынаушылар да, оны түсінбей жүргендер де бар. Керісінше, сайлау сайын саяси сауаты мен мәдениеті қалыптасып, азаматтық белсенділігі артып келе жатқандар да аз емес.

Бірақ кім-кімнің де аптықпалыққа салып: «Өзгеріс осылай болады...» дегендей шалт қимылдар мен оқыс шешімдерден гөрі парасатты қадамдар күтіп отырғаны анық. Соған қарағанда, демократиялық ұстанымдар байыпты байлам және батыл қадаммен сатылай жоғарылағанда ғана нәтижелі боларына баршаның көзі жетіп отыр.

Жақында ғана өткен Сенат сайлауында бірқатар жаңа саяси тұлға мандатқа ие болды. Енді кезек — Мәжіліс пен мәслихаттардың жаңаруы. Егер осы қадам оңтайлы іске асса,

«есеп беретін Үкіметтің» қызметі де, оның құрамы да алдыңғы аталған екі құрылымның ықпалында болмақ. Сондықтан бұл жолғы науқанның маңызына бәріміз бірдей мүдделіміз.

Ел ішінде осы уақытқа дейін даулы мәселеге айналып келе жатқан «Халық саяси реформаларға дайын емес» және «Билік саяси реформадан қорқалды» деген сыңаржақ пікірлер бар. Екі тараптың да уәжінә көңіл қойсаңыз, көкейге қонымды себептерін санамалап береді. Бірақ ондаған жыл бойы осы даудың аразігін айырып, алтын арқауын табатын амал болмады немесе шын ниеттенген тұлғалар тарапынан тиісті талпыныс тумады. Әйтпесе, бұл қисын қайшылығы осыныша уақытқа дейін шиеленіспес еді.

Әрине, оған екі тарап та бірдей жауапты. Биліктен саяси реформа жасауды талап ету бір бөлек, оған қоғамның өзі де араласып ықпал етуі тағы керек. Елдің талабымен бұл жолы билік алға қадам басты. Ендігі кезек — жұртымыздың жауапты жүрісінде. Тарихтан тағылым мен тәжірибені мол жиган дана

халқымыз осы жолғы мүмкіндіктерін мүлт жібермейтініне сенемін.

Қоғам өз ішінен лайық кандидаттарын іріктеп ұсынып, сайлаудың ашық әрі әділ өтуі үшін байқаушы болып, азаматтық құқығын пайдаланып дауыс беруге қатысуы — әлсіз саяси реформаға дайын емес» деген теріс пікірді түбегейлі жоққа шығарады. Белсенділігіміз қаншалықты жоғары болады, соншалықты оң өзгерістерге жол ашылатынын ұмытпайық.

Президент айтқандай: «Біз бір ел, бір халық болып, әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Осы жолда түрлі сын-қатерді еңсеріп, көптеген маңызды міндетті бірге атқаруымыз керек». Ендеше, билік пен қоғам бірігіп, мәңгілік мемлекеттік мүдде тұрғысынан ортақ мәмілеге келуге әрқашан әзір болуымыз керек.

**Берік АХМЕТОВ,**  
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің президенті

## Сенім сынағы

Биліктің ең басты ресурсы — халық сенімі. Қоғам билікті неғұрлым белсенді қолдаса, мемлекет соғұрлым нығая түседі. Мәжіліс сайлауының мерзімінен бұрын өткізілуі саяси партиялар үшін де, тәуелсіз кандидаттар үшін де, сайлаушылар үшін де нағыз сынақ болмақ.

Сайлау — қоғамда алаңдаушылық танытып отырған мәселелерді көтеруге мүмкіндік береді. Сайлаушылардың қолдауына сенім артып отырған кандидаттар барлық тараптың пікірі мен мүддесін ескеріп, халықтың әл-ауқатын жақсартудың жолдарын іздеуі керек. Жоғары оқу орындарының ғалымдары мен оқытушыларында «академиялық еркіндік» деген түсінік бар. Ол барлық студенттерге қарастырылатын тақырып бойынша сұрақ қоюға, пікірталас жүргізуге және сол тақырып бойынша өз көзқарастарын жеткізуге мүмкіндік береді. Әрине, мұндай диалог кейде орынсыз немесе жағымсыз да болуы мүмкін. Дегенмен де әртүрлі идеяларды

талқылау мүмкіндігі ғылымның ақиқатын ашуға көмектеседі.

Алдағы сайлауда халықтың сеніміне ие болған азаматтар билікке келіп, Қазақстан бұдан да күшті әрі тұрақты, заң мен әділеттілікті қатаң сақтайтын мемлекет болатынына сенім мол. Кез келген елдің алға қарай дамуы мен экономикалық нығаюы осындай факторларға тікелей байланысты, демек біздің әрқайсысымыздың әл-ауқатымыздың жақсы болуы да осыған келіп тіреледі.

**Мейрам БЕГЕНТАЕВ,**  
Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ректоры

## 29 орынның жөні бөлек

Қазақстанда бір мандатты округтер бойынша соңғы сайлау 2004 жылы өтті. Демек сайлауға қатысты ақпаратты көбірек тарату керек. Яғни дауыс берудің ерекшеліктері мен сайлаудың пропорционалды-мажоритарлық жүйесі туралы түсіндірме жұмысын жүргізген жөн.

Бір айта кетерлігі, өткен сайлаудың қорытындысы бойынша партиялық тізімдегі әйелдер мен жастарға 30 пайыздық квота беру нормасы жүзеге асырылып, парламенттік оппозиция институты да енгізілді. Биылғы сайлау науқанының ерекшелігі көп.

Олардың қатарына саяси партияларды тіркеу талаптарының едәуір жеңілдегенін атап айтсақ болады. Бұл іс жүзінде жаңа партиялық қозғалыстарға жол ашты. Мәселен, сайлау жарияланған кезеңде «Байтақ» және «Республика» атты екі жаңа партия тіркелген. Партияларды құрудың жаңа тәртібінен бөлек, партиялардың Парламентке кіруіне қойылатын шекті келергі де төмендетілді. Осының бәріне бір мандатты сайлау

округі бойынша кандидаттардың үгіт-насихат жұмыстары да қосылып, жаңа сайлауда тартысты күшейте түспек. Бір мандатты үміткерлер Мәжілісте 29 орынға таласады.

Өңірлік деңгейде де айтарлықтай белсенді сайлау науқаны өтуге тиіс. Облыстар және Астана, Алматы және Шымкент қалалары мәслихаттарының депутаттары партиялық тізім бойынша да, бір мандатты округтер бойынша да сайланады. Ал аудандық мәслихат депутаттарын сайлау толықтай бір мандаттық жүйемен өтеді.

**Жанар САНХАЕВА,**  
Стратегиялық зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері



# Обағанның абат келбеті

Ресейдің Қорған облысымен шектесетін шекараның түбінде жатқан қазақы ауылдың бірі Обаған – заманында талай құқайды бастан кешірген тағдырлы мекен. «Атақты Кенесары хан Тобольскіге өтіп бара жатып, осы Обаған өзеніне атын суарған. Бұл өзеннің жағасында Шокан Уәлихановтың ізі қалған. 1966 жылдары Сәбит Мұқанов та келген. Обағанның тарихын отыз күн жырласақ та тауыса алмаймыз», дейді жергілікті жұрт.

Нұрканат ҚҰЛАБАЙ,  
«Egemen Qazaqstan»



Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы өтпелі кезеңде шаруасын шатқаятатып алған шет ауыл кейінгі жылдары қайта түлеп, ажары кіре бастаған. Бүгінгі Обағанның абат келбетін көрген жанның көңілі тоғайды. Облыс әкімдігінің мәліметінше, кейінгі үш жылдың ішінде ауылшаруашылық кәсіпорындары өңірдегі жеті ауданда жұмысшыларына арнап небәрі 60-ақ тұрғын үй тұрғызған. Әулиекөл ауданында – 9, Денисов ауданында – 8, Мендіқара ауданында 6 үй тұрғызылса, Алтынсарин, Бейімбет Майлин, Жігітқара, Қамысты ауданында бірде-бір үй салынбаған.

Былтыр Обағанда медпункт ғимараты бой көтерді. Мұны да Болат Қарабаев өз қаражатына тұрғызған. Оған қоса сырттан дәрігер маман шақырып, ол кісіге де жаңа үй салып берді. Бүгінде медпункт ауыл тұрғындарына тегін медициналық қызмет көрсетіп отыр.

– Коронавирус індеті басталғанда Болат Жұмашұлы аудандық ауруханаға 3 млн теңгенің аппаратын алып берген. Былтыр жазда өзі ауылға шақырып, жұмыс істе, жағдайыңды жасап беремін деген соң осында келіп, көріп кеттім. 100 шаршы метрлік медициналық пункт те, оның қасындағы үй де унады. Автономды газбен жылиды. Медпункт – бесбөлмелі, дәліз, вестибюлі бар. Бәрі заманауи, ішінде маған керек нәрсенің бәрі бар. Ұнаған соң көшіп келдім. Өте жақсы ауыл. Жағдай жақсы болған соң бала туу көрсеткіші де жақсы болады. Мысалы, бұл ауылда бір жасқа дейінгі 15 бала бар, – дейді ауыл фельдшері Жайлы Исабаева.

Обағанда 109 үй бар, 400-ге тарта тұрғын мекендейді. Олардың дені – осы ауылдың байырғы адамдары. Бұрын жайлы жер іздеп қалаға көшіп кеткендердің біразы қайта оралып жатыр.

Ауыл әкімінің айтуынша, бұл өңірдегі бірнеше елді мекен бертінге дейін Россия ауылдық округі деп аталып келген. Көпшіліктің қалауымен 2019 жылдан бері Обаған ауылдық округі деп өзгертілген. Ауылдың шағын кәсіпкерлері жол бойынан да пайда тауып, нәпақа айырып отыр. Түмен – Лисаков, Рудный – Қорған, Қостанай – Түмен бағытындағы автобустар, жүк көліктері осы Обағанның үстімен өтеді. Екі елдің арасына қатынайтын жолаушылар ауыл шетіндегі екі дәмханаға тоқтап, тамақтанады.

Бұл бәрі де үйренуі керек, – дейді шаруа қожалығының басшысы Болат Жұмашұлы.

Азаматы бар ауыл азбайды деген осы. Обаған мектебінде бүгінде 74 бала оқиды. Шалғайда жатқан өзге ауылдардағы оқушы саны жыл санап кеміп жатқанын ескерсек, бұл – өте жақсы көрсеткіш.

– Мұның өзі жас отбасыларға жағдай жасап, жұмыс тауып беріп отырған Болат Қарабаевтың арқасы. Айлықтары жақсы. Кәсіпкер кейінгі 5-6 жылдың ішінде мектепке 100 мың доллар көлемінде қаржы бөлді. Мектеп ғимаратын толықтай күрделі жөндеуден өткізді, – дейді ауылдық округ әкімі.

Өкінішке қарай Обағандағы халық саны 400-ден асса, осы округтің орталығы болып саналатын Тайсойған ауылында 75-ақ адам қалған. Бұл ауылдағы ұшқабатты үлкен мектепте 6-ақ бала оқып жатыр. Бұл ауылда 500 мың гектар алқапқа астық егетін алпауыт кәсіпорын «Олжа-Агро» агроөнеркәсіп холдингінің «Росбидай» деген бөлімшесі жұмыс істейді. «Росбидайдың» Тайсойғанның маңайындағы 18 мың гектар жерге егін егіп отыр. Бұл серіктестік те жұмысшыларына арзан жемшөбін беріп, ауылға тиіп-қашып көмектесіп тұрады. Бірақ осыншама ұлан-ғайыр жердің игілігін көріп, аста-төк пайда тауып отырған ірі шаруашылықтың ауылға тигізіп отырған пайдасы шамалы.

«Осы мәселені ойластырып, заңдастырып, дұрыс шешім қабылдау керек сияқты. Мысалы, небәрі 5 мың гектар жерге дән егетін «Мирас» шаруа қожалығы өз ауылына керемет жағдай жасап беріп отыр. Ал одан 4 есе үлкен алқапқа дән сіңіріп отырған «Олжа-Агроның» қыста қар тазалап, күзде жұмысшыларына арзан жемшөп бергеннен басқа екітәп бара жатқан көмегі жоқ. Соншама жерге ие болып отырған алпауыт кәсіпорынның жарнамасы жақсы болғанымен, елге тиынайы көмектесу, ауылға шарапатын тигізу дегенге келгенде сараңдық танытып отыр. Облыс басшылары осының бәрін көріп-біліп отыр. Неге мұның қалай демейді? Обалы не керек, кенес дәурінде ауылдың жағдайы жақсы болды. Өйткені айналасындағы иен жерден түскен табыстың белгілі бір мөлшері сол ауылдың игілігіне жұмсалатын. Енді оны қайта қалпына

келтіріп, алпауыт шаруашылықтарды ие болып отырған жер көлемі мен жылдағы тапқан табысына қарай, ауыл бюджетіне салық төлейтіндей ететін кез келді ғой. Сенат, Мәслихат депутаттары да осы мәселені қозғап, заңдастыру жағын ойластырса екен. Мұнсыз Президентіміздің ауылды дамыту жөніндегі игі бастамаларын жүзеге асыру мүмкін емес. Керісінше, жекенің меншігіндегі егін шаруашылығы дамыған сайын, ауылдың жайылымы тарылып, тұрмысы төмендей береді. Біз ғана емес, көптеген ірі шаруашылықтардың өз жұмыскерлерінің өмір сапасын көтеру мәселесінен шеткері екенін көріп жүрміз. Осы ауылдың маңайындағы жерді еміп, елдің еңбегін пайдаланып отырған соң, шаруашылық басшысы жыл сайын ауыл тұрғындарымен кездесіп, ауылды көркейту үшін қандай мәселелерге көңіл аудару керек деп кенесіп отыруы керек қой. Әйтпесе бюджеті мардымсыз ауыл әкімдігінің қолынан не келеді? Шаруашылықтардың бұл мәселеден шет қалуына жол бермеу керек», дейді тұрғындар.

Тұрғындардың айтуынша, ауылда жалақы жақсы. Медицина тегін. Тұрғындардың отын-көмірін, жемшөбін жыл сайын күзде «Мирас» шаруа қожалығы түсіріп беріп отыр. Ауылда той-томалақ, қаза бола қалса, шаруашылық басшысы жұмысшыларын, азнадарын жіберіп қолдау көрсетеді.

«Мирас» шаруа қожалығы 5 мың гектар алқапқа егін егеді. 500-ге тарта ірі қарасы мен жылқысы бар. Жылда аста-төк астық алатын алпауыттардың қатарынан емес. Бірақ соған қарамастан, табысының қомақты үлесін ауылды көркейтуге жұмсап отыр.

– Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға биыл 120 млн қаржы салып қойды. Енді одан басқа жанадан көшіп келгендердің жағдайын жасау деген мәселе бар. Кезінде осы ауылдан көшіп кеткендер қайта орала бастады. Мысалы, былтыр 5 отбасы бала-шағасымен көшіп келді. Оларға бұзаулы сиыр, құлынды бие, он шақты ұсақ мал, дайын баспана бердік. Тек ерінбей еңбек етіп, осы ауылға бір шыбық ексе де пайдасын тигізуі керек. Ауылды дамыту үшін ең алдымен жұмысшыларға жоғары жалақы, еңбектен тыс уақытта тынығатын демалыс орындары керек. Ауыл адамдары тек мал жайлап, жұмыс істеп қана жүре бермей, бір ауық демала

да білуді де үйренуі керек, – дейді шаруа қожалығының басшысы Болат Жұмашұлы.

«Осы мәселені ойластырып, заңдастырып, дұрыс шешім қабылдау керек сияқты. Мысалы, небәрі 5 мың гектар жерге дән егетін «Мирас» шаруа қожалығы өз ауылына керемет жағдай жасап беріп отыр. Ал одан 4 есе үлкен алқапқа дән сіңіріп отырған «Олжа-Агроның» қыста қар тазалап, күзде жұмысшыларына арзан жемшөп бергеннен басқа екітәп бара жатқан көмегі жоқ. Соншама жерге ие болып отырған алпауыт кәсіпорынның жарнамасы жақсы болғанымен, елге тиынайы көмектесу, ауылға шарапатын тигізу дегенге келгенде сараңдық танытып отыр. Облыс басшылары осының бәрін көріп-біліп отыр. Неге мұның қалай демейді? Обалы не керек, кенес дәурінде ауылдың жағдайы жақсы болды. Өйткені айналасындағы иен жерден түскен табыстың белгілі бір мөлшері сол ауылдың игілігіне жұмсалатын. Енді оны қайта қалпына

келтіріп, алпауыт шаруашылықтарды ие болып отырған жер көлемі мен жылдағы тапқан табысына қарай, ауыл бюджетіне салық төлейтіндей ететін кез келді ғой. Сенат, Мәслихат депутаттары да осы мәселені қозғап, заңдастыру жағын ойластырса екен. Мұнсыз Президентіміздің ауылды дамыту жөніндегі игі бастамаларын жүзеге асыру мүмкін емес. Керісінше, жекенің меншігіндегі егін шаруашылығы дамыған сайын, ауылдың жайылымы тарылып, тұрмысы төмендей береді. Біз ғана емес, көптеген ірі шаруашылықтардың өз жұмыскерлерінің өмір сапасын көтеру мәселесінен шеткері екенін көріп жүрміз. Осы ауылдың маңайындағы жерді еміп, елдің еңбегін пайдаланып отырған соң, шаруашылық басшысы жыл сайын ауыл тұрғындарымен кездесіп, ауылды көркейту үшін қандай мәселелерге көңіл аудару керек деп кенесіп отыруы керек қой. Әйтпесе бюджеті мардымсыз ауыл әкімдігінің қолынан не келеді? Шаруашылықтардың бұл мәселеден шет қалуына жол бермеу керек», дейді тұрғындар.

Тайсойғандықтар «Олжа-Агроның» бас директорына: «Жердің құты – тұрғындар, ауылға жанашырлық танытып, беттеріңді бері бұрындар, бұлай бола берсе, бұл өңір елсіз қалатын түрі бар, халық көшіп жатыр», деген мазмұнда хат жолдамақ.

Обағанға қайта оралсақ, әкімнің айтуынша, ауылда мал ұстауға мүмкіндік бар, тұрғындардың бәрі төрт түлік ұстап, төл алып отыр. Бірақ жайылымның аздығы мал басын көбейтуге мүмкіндік бермей отыр. Өйткені Обағанның бір жағы Мендіқара ауданы, бір жағы егістік, бір шақырым жерден Обаған өзені өтеді, ал бір жағына шекара тиіп тұр.

Облыстық жер ресурстарын басқару департаментінің мәліметінше, 2022 жылы өңірде пайдаланусыз жатқан 260 мың гектардан аса жер мемлекет меншігіне қайтарылған. Оның 141 мың гектары – жайылымдық жер. «Қайтқан малда қайыр бар» демекші, тұрғындар жайылымға жарымай отырған ауылдарға да мемлекет меншігіне өткен жерлерден үлес тиіп қала ма деп үміттеніп отыр.

Қостанай облысы

# Бірлігі жарасқан мекен

Ауылдың түтіні түзу ұшып, босағасына береке үйірілу үшін бірлік керек. Елінің бас көтерер ер-азаматтары жұмыла қимылдаған жерде тәп-тәуір тірлік бар.

Байкал БАЙӘДІЛ,  
«Egemen Qazaqstan»

Атбасар қаласынан жиырма шақырымдай ұзап шыққан соң қарама әжептәуір ажарлы ауыл көзге ілігеді. Түп-түзу көшелерінде көлденең жатқан бір бұрау жоқ. Үйлері де көзартарлық. Қора-қопсыларының жанында үйілген қоян-жон маалар тоқтықты аңғартып тұрғандай. Бұл – Новосельское ауылдық округі. Етек-жеңі кең пішілген елді мекенде 334 шаңырақ бар. Ұзын-ырғасы 14 ұлттың өкілі, 900-ге жуық адам бір үйдің баласындай «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып», тату-тәтті тіршілік етеді. «Бірлік бар жерде, тірлік бар» дегендей,

бір жақсысы, ырыс-ынтымаққа үйіріліп, жыл өткен сайын әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы көпкөрім жақсарып келеді.

– Округтің орталық қонысы – Никольское ауылы, – дейді округ әкімі Юлия Польш, – орта мектеп, фельдшерлік-акушерлік пункт, Мәдениет үйі, спорт кешені, оннан аса сауда орны жұмыс істейді. Кейінгі жылдары шалғайдағы ауылдарға көп қамқорлық жасалып жатыр. Сол жақсылықтың шарапатын біз де көріп отырмыз. Елге қайырымды тиіп тұрған бағдарламаның бірі – «Ауыл – ел бесігі». Осы бағдарламаның аясында фельдшерлік-акушерлік пунктті күрделі жөндеуден өткізіп алдық. Қазіргі күні ауылдағы

медициналық мекемелерге жеткілікті көңіл бөлініп отыр. Біздің округтің тұрғындары да басы ауырып, балтыры сыздай қалса, алғашқы медициналық көмекті толық ала алады.

Шынында да, бұл – шарапаты мол шаруа. Өңірдегі көптеген елді мекенде медициналық қызметтің болмауы немесе әлсіздігі тұрғындардың кір жуып, кіндік кескен атамекендерінен көшуіне себепші болып отырғанын жасыруға болмас. Ауылдың ажарын келтіріп, жан жадыратар жылылық ұялатуға себепші болып отырған жергілікті серіктестік басшылары екенін де бірауыз сөзбен айта кетсек, өзгелерге өнеге болар еді. Округ әкімінің айтуына қарағанда, Павел Шакола мен Юрий Скубак тәрізді серіктестік басшылары ел жұмысына араласып, қамқорлық қолын созуда. Міне, қақаған қыста шалғайдағы шағын ауылдар қар

көп түскендіктен жол жабылып қала ма деп алаңдап отырса, бұл жерде мұндай мәселе туындамайды. Серіктестік басшылары жол бойын уақтылы айнадай етіп тазалап, округте тұратын тұрғындардың шамасы келмей жатқан шаруаларын екі айтқызбай тындырып береді.

Ауыл тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартумен қатар, жас мамандардың да орнығуына қолданып беріп жатыр. Былтыр жас мамандарға арнайы төрт үй салып беріпті.

– Маған да жайлы пәтер берілді, – дейді Гүлжанат Еркемқызы, – осындай қамқорлық көрсетіліп жатқан жерде жаныңды салып жұмыс істеуге әбден болады. Бар жақсылық, игі істер бір арнада тоғысып, туған еліміздің тұрғыны биіктетуге бағытталып жатқаны жақсы емес пе?! Негізінде, ауылға келген

жас маман аламын деп емес, қызметімді сіңіріп, еңбек етемін деп келуі керек. Ал жергілікті серіктестіктер тарапынан осындай қамқорлық көрсетіліп жатса, ортақ мақсаттағы оңды іс сүттей ұйып, берекесі арта түсер еді.

Ауыл тұрғыны Юрий Скубактың айтуына қарағанда, осы топырақта туып-өскен ел азаматтарының бірлігі мықты болғандықтан, ешқандай қошу байқалмайды. Қайта керісінше, ішінара жастар ауылға оралып жатыр. Бұл да – жақсылықтың белгісі. Тұрғындардың пікіріне құлақ түрсеніз, серіктестік басшысы Павел Шаколаның қарапайымдылығын, өтініш айтып барған кісінің тілегін екі етпейтінін естуге болады. Ел мақтаған жігіттің енесі биік.

– Туған жерге байланған тамыр ешқашан үзілмейді, – дейді Павел Шаколаның өзі, – біз осы жердің игілігін көріп

отырғаннан кейін қолымызда барымызбен бөлісіп, ең алдымен ауылдың жағдайын ойлауымыз керек. Айталық, ел көшіп кетсе, серіктестіктің жұмысын кім істер еді? Табыс болса, игілік үйірілсе, ол жұмысқа жұмылған жалпы жұрттың бірлігі. Елді мекенде ауызсу тарапанда еш мәселе жоқ. Көшелер толық жарықтандырылды, жолды жөндеп тұрамыз. Ауыл мәдениетін өркендетіп, тұрғындардың бұқаралық спортпен айналысуына жыл сайын мол қаржы бөлеміз. Осындай ықыластың игілігін де көріп отырмыз.

Айтса айтқандай, ауыл тірлігі алға басып келеді. Соның барлығы берлік беріктің арқасы. Сол бірлікті бекемдеп отырған азаматтардың өнімді еңбегі өзгеге өнеге болса, қанеки?!

Ақмола облысы,  
Атбасар ауданы



МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ



Коллажты жасаған: Аманжол ҚИЯС, «EQ»

## Банкроттық – несие кешіру акциясы емес

Наурыздан бастап қаржы ұйымы алдындағы берешегін өтей алмаған азаматтар өздерін банкротпыз деп жариялауға құқылы. Заң бойынша борышкер үш түрлі әдіспен банкрот бола алады – соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы және төлем қабілетін қалпына келтіру рәсімі. Үшеуі де тек клиенттің бастамашылық етуімен іске асады. Қаржы мекемесі өз клиентіне қатысты банкроттық процедурасын бастауға құқылы емес. Бұл ретте жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң – ешқандай да несие кешіру акциясы емес екенін түсінген абзал. Бұл – қарызды төлеуге еш амал қалмағанда жасалатын ақырғы қадам.

**Абай АЙМАҒАМБЕТ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Быттыр жыл соңында қабылданған «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң халықтың шектен тыс кредит алуын азайту мақсатында қабылданды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандықтардың несие қарызы 14 трлн теңгеге жетті. Соның ішінде тұтынушылық несиеменің көлемі – 8 трлн теңге. Төленбегеніне 90 күннен асқан (NPL90+) несие берешегінің көлемі бүкіл портфельдің 6 пайызын құрайды. Қарыз алушылардың жапсы саны 8 млн адамға жуықтайды. Мемлекеттік кірістер комитетінің хабарлауынша, 1,5 млн адам қаржы институты алдындағы қарызын 90 күннен асырып төлей алмай отыр. Несие берешегінің 90 күннен асып кетуі қарызды проблемалық займ қатарына қосады. Мұндай қарыз көлемі – 1 трлн 449 млрд теңге. Ал микро-қаржы ұйымдары берген қарыз көлемі 979 млрд теңгеге таяп, 2021 жылмен салыстырғанда 42,7 пайызға өскен. Бұл ретте 90 күннен артық төленбей тұрған қарыз көлемі портфельдің 8 пайызын құрайды. Тиісінше 76 млрд теңгеге бағаланып отыр.

Әрине, 14 трлн теңге болған банк несиесі де, жалпы көлемі 1 трлн теңгеге жуықтап қалған микроқаржы ұйымдарының қарызы да аз берешек емес. Бұл азаматтардың ерікті өтініші негізінде жүзеге асатын бастамасы болғандықтан, әзірге ел бойынша нақты қанша адамның жеке тұлға банкроттығына өтініш берері белгісіз. Дегенмен Қаржы вице-министрі Ержан Біржановтың айтуынша, банкроттыққа өтініш берушілер саны шамамен 1 млн 100 мың адамнан асуы мүмкін.

– Арыз келіп түскеннен кейін мемлекеттік органдармен, банкроттермен мәлімет алмасамыз. Егер ол барлық параметрге сай келсе, онда жұмысқа алып, банкроттығы жайлы шешімді қабылдаймыз. Ескеретін жайт – 3 жыл бойы қаржылық мониторинг жұмысын жүргіземіз. Егер банкроттыққа әдейі тапсырғаны анықталса, онда азамат жауапкершілікке тартылады. Заңның тағы бір маңызды тұсы – банкроттық әр азаматтың өзінің еркі. Яғни банк немесе қандай да бір үшінші тарап банкроттық мәселесін қозғай алмайды. Себебі банкроттық – қарызды кешіру акциясы емес. Азаматтар осыны түсінуі керек. Банкроттықтың салдары бар. Әлем тәжірибесіне ден қойсақ та, банкроттық – ең соңғы қадам. Табыс, артық ақша, мүлік болмай, банкроттықтан басқа амал қалмады деген кезде жасалатын шешім, – дейді Ержан Біржанов.

Вице-министрдің пікірінше, заң жобасын дайындау кезінде банкроттермен белсенді пікір алмасу жүргізілген. Әзірге мемлекет пен банк секторы ортақ мәмілеге келіп отыр. – Бұл заң басқа елдерде іске асырылып жатыр. Солардың тәжірибесін

ескеріп, оң тұстарын алып, заңға енгіздік. Көп талқыланып барып қабылданды. Заңды мемлекеттік қызмет органдары және екінші деңгейлі банктермен бірігіп іске асырамыз. Қазіргі уақытта елімізде әсіресе, кепілсіз несие алған азаматтар саны көп. Бұл заң бірінші кезекте солардың жағдайын шешуге бағытталады. Заңды дайындау процесіне екінші деңгейлі банктер толыққанды қатысты. Әрине, сұрақтар туындады, бірақ ортақ мәмілеге келе алдық. Іске асыру кезінде сауалдар туындаса оны бірлесіп шешеміз деп ойлаймын, – дейді вице-министр.

Жеке тұлғаның банкроттығы бірнеше жылдан бері өзекті мәселеге айналғанын білеміз. Мұны «Нұрбанк-тің» баспасөз қызметі де растады.

«Заңның басты мақсаты – экономиканы жақсарту, кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру және азаматтардың қарыздарын өтеу процедуралары арқылы үмітсіз қарыздардың көлемін азайту. Дегенмен, көпшілік бұл заңды кезекті несие амнистиясы ретінде, ал процедураның өзін қарызды кешіру ретінде қабылдауы мүмкін. Бұл дұрыс пікір емес. Барлық «проблемалық» борышкерлер «банкрот» бола алмайды. Ал процедураның өзі айтарлықтай қиын және борышкерлер үшін бірқатар жағымсыз салдарға әкеледі. Қазіргі уақытта біздің банктің несие портфелінде NPL90+ үлесі 5,52 пайызды құрайды. Әзірге қарыз алушылар ішінен қанша адамның соттан тыс банкроттық рәсіміне қатысу үшін өтініш берерін тап басып айту өте қиын. Бірақ аталған мүмкіндіктің проблемалық қарызы бар бірқатар клиентті қызықтырады сөзсіз. Ал сот банкроттық рәсімін қолдану мақсатында сотқа жүгіну үшін 1 600 айлық есептік көрсеткіштен асатын міндеттемелерден бөлек, басқа да факторлардың болуы талап етіледі. Аталған жағдайды ескере отырып қазір қандай да бір нақты цифрларды айтып, адамдардың ойын бұзғымыз келмейді. Қазір айтқан дерегіміз келешекте дұрыс болмай қалуы әбден мүмкін. Нақты сұрақтарға тиісті заң күшіне енгеннен кейін оралған жөн», деп мәлімдеді банктің баспасөз қызметі.

«ВТБ Банктің» хабарлауынша, жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң қаржы институтының қаржылық ахуалына зиянын тигізбеуге тиіс. «Қабылданған заң қарыз алушы мен кредитор арасындағы қарым-қатынасты реттеуге бағытталады. Сол себепті заң өмірлік қиын және қаржылық жағдай қыспағында қалған клиенттердің проблемасын шешеді және олардың мойнындағы несие жүктемесін жояды деп есептейміз. Сондай-ақ жаңашылдық келешекте азаматтардың несиемен ешқандай кедергісіз рәсімдеу үшін жағымды несие тарихын қалыптастыруға деген жеке қызығушылығын оятуға көмектеседі деп ойлаймыз», деп хабарлады банктің баспасөз қызметі.

Ж е к е т ұ л ғ а л а р д ы н

банкроттығына байланысты кредит алуға өтініш білдіретін азаматтардың саны азаюы мүмкін бе? Бұл сұраққа «ВТБ Банктің» баспасөз қызметі былай деп жауап берді: «Банкер ішкі тәуекел-рәсімдерді және борыштық жүктеме коэффициентін ескере отырып, кредит тарихын талдау кезінде бастапқы кезеңде критерийлерге сәйкес келмейтін өтініштерді әрі қарай қарастырмайды. Сондықтан халық тарапынан кепілсіз тұтынушылық кредиттерге сұраныстың төмендеуі күтілмейді».

Freedom Bank бұл заңның қаржы институты қызметіне зиянын тигізбейтініне сенімді. «Біздің банк ашылған күннен бастап жеке тұлғаларды несиелендіруге қатысты консервативті несие саясатын ұстанады, негізінен кепілмен (авто, ипотека) несие береді. Банктің несие портфеліндегі NPL90+ ағымдағы үлесі 1 пайыздан аз. Осыған байланысты, бұл заң банктің көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етпейді», деп хабарлады банктің баспасөз қызметі.

«Алтын Банк»-тің баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, Қазақстан аумағында практика жоқ болғандықтан, банк аталған заңның қолданысына қатысты пікір білдіре алмайды. «Қазіргі уақытта осы заңның құралдарын дұрыс қолдану үшін уәкілетті органдармен бірлесіп барлық қажетті іс-шаралар жүргізілуде», деп жауап берді.

Жоғарыда айтқанымыздай, банкроттық рәсімін пайдаланудың үш нұсқасы бар. Алғашқысы, соттан тыс банкроттық рәсіміне қарызы 5,5 млн теңгеден аспайтын азаматтар қатыса алады. Бұл рәсім аясында іс сотқа жолданбай, тікелей Мемлекеттік кірістер комитеті арқылы реттеледі. Банкроттықтың бұл рәсімін Egov.kz электронды порталы және «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасы арқылы да жүзеге асыруға болады.

5,5 млн теңгеден асатын қарыздар бойынша және басқа да берешек түрлері бойынша азаматтар сот банкроттығына жүгіне алады. Сот банкроттығының мақсаты – банкроттың мүлтік массасы есебінен кредиторлардың талаптарын барынша қанағаттандыру. Егер жалғыз тұрғын үй кепіл заты болып саналса, онда кредитор оны қайтарып алуға құқылы. Жалғыз баспана кепіл болмаса, кредитор оны талап ете алмайды. Сот банкроттығы рәсімін қаржы басқарушылары жүзеге асырады. Олар – заңды тұлғалар банкроттығы рәсіміндегі әкімшілер, кәсіби бухгалтерлер, заң консультанттары және аудиторлар.

«Барлық борышкер қаржы басқарушыларының қызметіне ақы төлей алмайтынын назарға ала отырып, заң жобасында, мүлік жоқ, әлеуметтік осал топқа жататын адамдарға мемлекет есебінен ақы төлеу көзделген», деп мәлімдеді Мемлекеттік кірістер комитеті.

Банкроттықты қолдануға мүмкіндік беретін үшінші рәсім – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі. Бұл ең қолайлы нұсқа саналады. Себебі рәсімнен кейін ешқандай салдар болмайды. Тұрақты табыс болған жағдайда, қарызды төлеу үшін (5 жылға дейін) сот тәртібімен бөліп төлеу жоспарын алу мүмкіндігі қарастырылады. Сауықтыру жоспары қаржы бақарушымен бірлесіп әзірленіп, сотпен бекітіледі. Бұл процедураның артықшылығы, кейін адам «банкрот» деген мәртебесін алмайды. Сондықтан банкрот үшін көзделген салдар оған қолданылмайды.

САРАПТАМА

## Балық шаруашылығының бары мен жоғы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда аймақта дәл осы шабақ өсіруге қатысты жұмыс көңіл көншітпейді. Оның бір мысалын быттыр Қапшағай көліндегі ұсақ балықтардың қынадай қырылғанынан көруге болады. Қараша айында көл жағалауынан 17 923 кг өлі балық шабақтары жиналған еді. Бұл мемлекетке 33 млн теңге шамасында қаржылай шығын әкелді. Аталған факт бойынша қылмыстық іс қозғалғанымен, шабақтардың қырылу себебін нақты анықтау мүмкін болмапты. Балқаш-Алакөл облысаралық балық шаруашылығы бассейндік инспекциясының мамандары шабақтардың қырылуының негізгі үш себебі болуы мүмкін деген пікірде. Әуелгісі – табиғи фактор. Бұл су астындағы оттегі жетіспеуі немесе түрлі ауру тарау ықтималдығынан болуы мүмкін. Екіншіден, көл суының ластануының кесірінен балық қырылуы ықтимал. Әсіресе аймақтағы шаруашылықтардың зиянды қалдықтары Қапшағайға құйылуы әбден мүмкін екен. Сондай-ақ айдында жүзген моторлы қайық немесе кез келген басқа су көліктерінің механикалық әсері де шабақтардың жаппай қырылуына әсер ететін көрінеді. Алайда тексеру қорытындысында алдын ала айтылған бұл 3 фактордың да балық өліміне қатысы шамалы екен. Нақтырақ айтқанда, Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының зертханасында су сынамаларына жүргізілген гидрохимиялық талдау нәтижесі көл суының тіршілік үшін қауіпті емес екені анықталған. Тек «Қазгидромет» республикалық-мемлекеттік кәсіпорнының 44 физикалық-химиялық көрсеткіштер бойынша жүргізген зерттеуі су құрамынан фосфор, фосфат және темірдің жоғары концентрациясын көрсеткен. Алайда шамадан тыс қауіпті элементтер анықталмағандықтан, бұл жағдайда шабақтардың өліміне себеп бола алмайды екен. Сонымен қатар Төтенше жағдай департаментінің сүнгүірлері ластанудың бастапқы көзін табу үшін тексеру жүргізген, бірақ ешқандай күдікті дерек тіркелмеді. Яғни талдаулар нәтижесі шабақтардың өлімі улы заттардың бөлінуіне байланысты емес деген қорытындыға негіз болған. Дегенмен шабақтардың қырылуына оттегі жетіспеушілігі себеп болуы мүмкін деген шешім шығарылған. Өйткені «Қазгидромет» қызметі қазан айының сол күндерінде көл аумағында 18-20 м/сек жылдамдықта жел соққанын тіркепті. Соның салдарынан толқын көтеріліп, шабақтардың тығыздығы артқан болуы мүмкін. Сөйкесінше оттегі жетіспеген шабақтар жел күшінен қорғана алмай, жағаға шыққан. Сөйтіп қырылуы мүмкін екен. Яғни 18 мың кг жуық майда балықтың бір күнде ақ сөңгеге айналуы мен оған жұмсалған 33 млн теңге қаражаттың ақталмауы балық шаруашылығын дамытуға соққы болғаны анық. Жалпы, 2030 жылға дейін Алматы облысында өндірілетін балық түрінің көлемін 25 мың тоннаға дейін арттыру міндеті бар. Ал бір ғана Қапшағай көліндегі жағдайдан кейін ол меже оңайлықпен орындала қоймайтыны білініп қалды. Өйткені 2021 жылы аймақтағы балық өнімдері 6 мың тонна ғана болған. Ал быттыр бұл көрсеткіш 8 мың тоннаға жетуге тиіс еді.

Дерек бойынша, облыста балық өсірумен айналысатын 22 шаруашылық бар. Өкініштісі, олардың да жағдайы мәз емес. Өткен

жылы Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Көлді ауылының тұрғындары аумақтағы «Халық балық» серіктестігінің жұмысына наразылық білдіріп, шу көтерген болатын. Аты айтып тұрғандай, бұл серіктестік балық шаруашылығымен айналысады. Негізі 1963 жылы қаланған шаруашылық қазір жеке адамдардың қолында екен. Бірақ жұмысы өнбей отыр. Тұрғындар серіктестік қожайындарының балық өсіру мен аулауға немқұрайды қарайтынын, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайына да назар аудармайтынын айтқан еді. Соның кесірінен компания иелігіндегі 3 мың гектардан аса жер де игерілмей қалған. Ал балық басын көбейтуге тиісті тоғандары кеуіп қалған. Бұрын он шақты көл болса, қазір 3 көлде ғана шабақ өсіріледі екен. Балық өңдеу мақсатында салынған зауыты да жабылып тынған. Ауылда тұрақты жұмыс болмағасын жұрт қала жағалап кеткен-мыс. Тұрғындар бұл тығырықтан шығудың жолы тоғандар мен балық өсіруге қажетті бөгеттерді жекеменшіктен алып, мемлекет иелігіне қайтару деген пікірде. Бұл – бір ғана шаруашылықтағы жағдай. Жалпы, ел ішінде балық өсірумен айналысатын шаруашылықтардың дені тек мемлекет төлейтін субсидия үшін ғана жұмыс істеп отыр деген пікір бар. Демек балық шаруашылығын дамытуға деген көзқарас әлі оналмағаны анық. Оның үстіне еліміздегі балық инспекциясының қызметі де жанданбай отырғанын Мемлекет басшысы да сынға алған еді. Алайда балық өсіру ісіне жауапты сала мамандары ауызды ку шөппен сүртуге болмайды деген ойда.

– Алматы облысында жасанды су көздері де, табиғи көлдер де баршылық. Быттыр сол табиғи көлдерді балық өсіру үшін бекітіп, жылдың соңына қарай өсірілетін балық санын 8 мың тоннаға дейін жеткізу міндетін атқардық. 2021 жылы Алматы облысының бюджетінен тауарлық балық өсіруді субсидиялауға 32,1 млн теңге қаражат бөлінді, оның 16,2 млн теңгесі игерілді. Қалған 15,8 млн теңге өтініш түспегендіктен бюджетке кері қайтарылды. Ал 2022 жылы облыс бюджетінен тауарлық балық өсіруді субсидиялауға 38 млн теңге бөлінген. Яғни Алматы облысының өзге өңірлерге қарағанда балық өсіруге әлеуеті жоғары. Сондықтан болар қолдан өсіремін деген ниет білдірушілер көп. Оларға мемлекет тарапынан қолдау да жеткілікті, – дейді Балқаш-Алакөл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Ринат Құмашев.

Рас, балық шаруашылығының барын бар деп айтуымыз керек. Өңірде балық өсіруді атакәсіпке айналдырып, табыстың көзі еткен азаматтар жеткілікті. Жоғарыда аймақта өсірумен айналысып отырғанын айттық. Еңбекшіқазақ ауданындағы Есік форель шаруашылығының иесі Марлен Тұрсынәлі де – сол қатарда. Ихтиолог маман Есік қаласы маңынан балық өсіретін бірнеше тоғанды өз қаржысына салған. Арғы жылы бір ғана бастақ балығын 50 тоннаға жеткізсе, быттыр 160 тоннаға дейін өсіріпті. Мұнан бөлек бұл шаруашылық 220 тонна форель, 50 тонна бекіре, 100 тонна африкалық клариви балығын балаша бағып отыр.

Алматы облысы



■ ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРДЫ: НӘТИЖЕ ҚАНДАЙ?


# Шетелдік автокөліктерді заңдастыру басталды

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Көпбалалы әкемін. Табысымды дәл осы көлікпен табымын. Жолаушылар тасымалдаймын. Мемлекеттің мен секілді жүргізушілер бетпегет келген мәселеге назар аударғанына қуаныштымын. Бүгін алғашқылардың бірі болып көлігімді заңдастырдым. Бұл – халыққа берілген тамаша мүмкіндік, – дейді Сейілбек Олжабеков.

Осы орайда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы шетелдік автокөліктерді заңдастыру жұмыстарын жылдам әрі дұрыс орындауды тиімді тетіктерін ұсынды. Ол үшін ең алдымен көлік иесі eGov.kz порталы арқылы деректерді тексеруге өтініш беруі қажет. Мұны дербес компьютер арқылы істеуге болады. Компьютер жоқ болса, еліміздің кез келген Халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы өзіне-өзі қызмет көрсету секторы арқылы өтініш беруге мүмкіндік бар. Бұл ретте аталған қызметті екінші деңгейлі банктердің қосымшалары («Kaspi», «HomeBank») арқылы алу тетіктері пысықталып жатқанын еске саламыз. Сондай-ақ автокөліктің тіркеу деректері қатесіз толтырылуы қажет.

Берілген өтінімді Ішкі істер министрлігі қарайды. Көлік иесінің жеке кабинетіне өтініштен бас тарту туралы хабарлама келсе, себебін білу үшін Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарына барудың қажеті жоқ. Дұрысы тікелей мемлекеттік органға хабарласқан абзал. Ал өтініш қабылданған болса, автокөлікті тексеру үшін Мамандандырылған халыққа қызмет



Информацияны жасаған: Аминесей ҚИЖС, «Ер»

көрсету орталығына онлайн кезекке тұру қажет. Ол үшін мәртебе парағында «кезекке тұру» батырмасын басып, мекенжайлар тізімінде көрсетілген орталықтардың бірін таңдап, сонында күні мен уақытын белгілеу керек. Алдын ала онлайн кезекке тұрмаған жағдайда, азаматтарға

қызмет көрсетілмейді. Осыны қаперде ұстаған абзал.

Заңдастыруға рұқсат алған автокөлікті Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының тексеру пунктіне белгіленген уақыттан 20 минут бұрын әкелу керек. Талонды тексеру пунктіне немесе Халыққа

қызмет көрсету орталығының мобильді қосымшасы арқылы алуға болады.

Тексеруді толық өткеннен кейін, автокөлікті тіркеу үшін Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының ғимаратына өту керек. Одан әрі қызметкерге автокөлікке меншік құқығын растайтын құжаттың түпнұсқасын және көліктің шетелдік техникалық паспортын тапсыру маңызды. Осыдан кейін алғашқы тіркеу үшін 200 мың теңге, техпаспорт үшін мемлекеттік баж (4 313 теңге), мемлекеттік нөмір үшін 9 660 теңге мөлшерінде қаржы төлеуісіз. Төлемді QR арқылы орталықта төлеуге мүмкіндік бар. Төлем жүргізілгеннен кейін сол күні көлік иесіне техникалық паспорт және Қазақстан Республикасының мемлекеттік нөмірлік белгілері беріледі.

Өздеріңіз білетіндей, шетелдік автокөліктерді заңдастыру жұмыстары бір реттік акция ретінде ұйымдастырылып жатыр. Бұл ережелер 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін күшінде болады және жеңіл автокөліктерге, шағын, орта автобустарға (толық салмағы 5 тоннаға дейін) және шағын жүк автокөліктеріне (толық салмағы 3,5 тоннаға дейін), оның ішінде басқару органдарының оң жақта орналасуына қатысты қолданылады. Тіркелетін шетелдік автокөліктерге жасына және экологиялық сыныбына талаптар қойылмайды.

Өткен жылдың қазан айында Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін елімізге 300 мыңнан аса шетелдік көлік келгенін айтқан еді.

## ■ ОҚЫС ОҚИҒА

### Тұрғын үйден өрт шықты

Қарағанды қаласында тағы бір оқыс оқиға болды. Қаңтардың 21-і күні сағат 19.00-ге қарай ШОрс көшесіндегі қосқабатты үйде баллондағы газ жарылды. Төтенше жағдайлар департаменті жарылыстан 2 адам зардап шегіп, 3 пәтер зақымданғанын хабарлады.

### ■ Қызғалдақ АЙТЖАН, «Egemen Qazaqstan»

«Қосқабатты үйде көлемі 5 литрлік газ баллоны жарылды, өрт шыққан жоқ. Екінші қабаттағы №6 пәтердің ағаш едені мен қабырғалары толықтай, ал екінші қабаттағы 4, 5-пәтерлер, бірінші қабаттағы 3-пәтер жартылай қираған. Алдын ала болжам бойынша оның

ауданы 36 шаршы метрді құрайды», деп хабарлады Қарағанды облысының төтенше жағдайлар департаменті.

Тиісті құзырлы ұйымдар оқиға орнында тергеп, тексеру амалдарын жүргізуде. Тексеру аяқталғанша жылу және ішінара электр жүйесі өшірілді. Тұрғындар уақытша жатақханаға орналастырылды. Қарағанды қаласының әкімі Меірам Кожухов тұрғындармен

кездесіп, жағдайды баяндады.

– Қазір үй жылу жүйесінен ағытылды. Себебі бірінші кіреберісте едендері, қабырғалары құлаған. Үйдің екінші жартысына, яғни екінші кіреберісте жылу беруге тырысамыз. Ондағы 7-12 пәтерлерге қауіпті көріп тұрған жоқпыз. Ал бірінші кіреберіс туралы қорытынды әзірге шығара алмаймыз, сарапшылар жұмыс істеуге тиіс, – деді Қарағанды қаласы әкімі Меірам Кожухов.

Үй түнде құлыптап жабылды. Тұрғындар бағалы заттарын құтқарушылар көмегімен алып шықты.

Зардап шеккеннің біреуі – 1970

жылы туған ер адам, екіншісі – 1971 жылы туған әйел адам. Екеуін де күйік шалған. Қарағанды қаласындағы облыстық медицина орталығына жеткізілді. Денсаулық сақтау басқармасы баспасөз қызметінің хабарлауынша, науқастардың халі – орташа ауыр жағдайда. «Ер адамның басы және оң жақ иығы күйген. Комбустиология бөліміне жатқызылды. Жағдайы – орташа ауыр. Әйел адамның оң жақ білегі, оң жақ иығы, оң жақ саны күйген. Ол да комбустиология бөлімінде жатыр», делінген басқарманың мәлімдемесінде.

### ҚАРАҒАНДЫ

## ■ ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

### Зейнетақының ең төменгі көлемі артты

2022 жылы республикалық бюджеттен 2,9 трлн теңгеден аса сомаға зейнетақы төленді. Оның ішінде базалық зейнетақыға – 883,7 млрд теңге, ынтымақты зейнетақыға 2 022,6 млрд теңге жұмсалды. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады.

Биыл 1 қаңтардағы жағдай бойынша елімізде 2 млн 295 мың зейнеткер бар. Бүгінде оларға берілетін жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 108 761 теңгені құрады. Оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 74 950 теңге, базалық зейнетақы – 33 811 теңге.

2018 жылдың шілдесінен бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі зейнетақы жүйесіндегі өтілін ескере отырып, әр азаматқа жеке тағайындалып келеді. Бұл ретте 1998 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ынтымақты жүйеде жұмыс істеген уақыты, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) төленген кезеңдер зейнетақы жүйесіндегі еңбек өтіліне қосылады. Егер азаматтың зейнетақы жүйесіндегі өтілі 10 жыл немесе одан аз және мүлде жоқ болса, сондай-ақ базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60%-ына тең болса, содан кейін 10 жылдан асқан әр жыл үшін оның мөлшері 2%-ға артады. Ал егер еңбек өтілі 20 жыл болса, базалық зейнетақы төменгі күнкөріс деңгейінің 80%-ын құрайды. Еңбек өтілі 30 жыл немесе одан көп



болса, күнкөріс деңгейінің ең жоғары мөлшерінде, яғни 100% белгіленеді.

Егер бір ай ішінде міндетті зейнетақы жарналары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бірнеше рет аударылса, жинақтаушы жүйеге қатысу мерзімі бір айды құрайды. Осылайша, міндетті зейнетақы жарналары неғұрлым тұрақты және толық көлемде аударылатын болса, зейнет жасына жеткенде базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері соғұрлым көп болады.

Өз кезегінде азаматтың жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің көлемі 1998 жылғы 1 қаңтардағы жұмыс өтіліне (кем дегенде 6 ай қажет) және зейнеткерлікке дейінгі

кезеңдегі орташа айлық табысына байланысты болады.

Ынтымақты зейнетақылардың көлемі жыл сайын инфляция деңгейінен 2% артып көтерілуіне кепілдік беріледі. Бұл 2014 жылы қабылданған зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес келеді.

«2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңға сәйкес жасына және еңбек сіңірген жылдарына байланысты зейнетақы төлемдерінің көлемі 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап алынатын мөлшерден 10,5%-ға артты. Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру

шеңберінде ынтымақты зейнетақыны есептеу үшін ең жоғары табыс мөлшері 46-дан 55 АЕК-ке дейін ұлғайтылды.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің көлемі ең төменгі күнкөріс деңгейінің ұлғаюына байланысты, сондай-ақ ең төменгі мөлшердің ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%-дан 60%-ға дейін ұлғаюына байланысты арттырылды.

Осылайша, биыл қаңтардан бастап базалық зейнетақы төлемін ескере отырып, зейнетақылардың ең төменгі көлемі 68 223 теңгеден (2022 жылы) 77 417 теңгеге дейін артты.

«Егемен-ақпарат»



Жолдыбай БАЗАР, «Egemen Qazaqstan»

### «Өнер-білім бар жұрттың» өнегесі

Қазір біз Ыбырай Алтынсаринның атақты «Өнер-білім бар жұрттар» атты өлеңін қайта оқып, оған жаңаша көзқараспен қарауымыз керек. Біз осы өлеңді балаларға арналғандай көреміз. Түсіне білгенсіз, бұл іс басында жүрген бүгінгі ересектерге арналып тұр. Қалайша дейсіз бе?..

Ыбырай атамның өз жұртымызда да болса деген игіліктердің қызығын бүгінде барынша көріп отырмыз. «Тастан сарай салу, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алу» деген тұк те қиындық тудырмайтын болды. «Аты жоқ құр арбаны мың шақырым жерлерге күн жарымды барғызу» былай тұрсын, аспанда құстай ұшып, әлемнің бір түкпірінен екінші түкпіріне бірер сағатта жетіп баратын болды. Мұны аз десеніз, «отынсыз тамақ пісіру, шалқыған теңіздерде балықтай жүзу» және басқа да бұрын адамның өңі түгілі түсіне де кірмеген дүниелерді өзіміз меңгеріп алдық. Әрине, қуанарлық жайт. Бірақ біз Ыбырай атамның жұртына тілеп, атап көрсеткен жақсылықтарға қол жеткіздік те, осымызға тоқмай ілісіп, алға қарай жылжымай қалғандаймыз. Дәлірегі айтқанда, уақыт талабына сай ілгерілеудің тың жолдарына түсуге талпынысымыз әлсіз.

Қазіргі таңда үй салу, жылдам хабар алу, аты жоқ арбаны жүргізу, аспанда ұшу, отынсыз тамақ пісіру, теңізде балықтай жүзу дамудың өлшемі болмай қалғаны баршаға мәлім.

Бүгінде шикізатты тереңдеп өңдеп, оны дайын бұйымға айналдырып, ұқсатып сату, өз өнеркәсібінді өркендетіп, басқасын айтпағанда қарапайым қажетті заттар, киім-кешек шығару, ауыл шаруашылығының игілігін арттыра отырып өзіңді азық-түлікпен қамтамасыз ету, креативті индустрияны дамыту мәселесінде кенжелеп қалсаң, «Өнер-білім бар жұрттар» қатарына ілессе алмайсың. Осы жайт дәл қазір біздің басымызда бар. Халыққа аса қажетті азық-түліктен бастап басқа да керек-жаракты сырттан тасу, өзгенде қып-қызыл ақшаға сатып алу ел экономикасын, әлеуметтің тұрмыс-тіршілігін басқаға тәуелді етуді тереңдете түсетіні сөзсіз.

Осындайда Ыбырай Алтынсаринның: «...Біз де бекер жатпалық, Осыларға таныспай; Ат өнері білінбес Бәйгеге түсіп жарыспай; Желкідеп шыққан көк шөптей Жаңа өспірім достарым, Қатарың кетті-ау алысқа-ай, Ұмтылыңыз, қалыспай...» деп сонау заманда жұртына қарата шырлдап айтқан сөзі санаңда жаңғырып, жүрегіңді шымырлатады. Ы.Алтынсарин аталған өсиетін дәл қазіргі Қазақстан халқына, оның атқарушы билігіне айтып тұрғандай әсер қалдырады.

Біз жоғарыда креативті индустрия жөнінде айттық. Осы креативті индустрияны шындап қолға алып, оның игілігін көріп отырған елдерді бүгінгі нағыз «Өнер-білім бар жұрттар» деп тануға болады. Біздің үлкен межеміздің бірі осындай жұрттардың қатарына қосылу болуы керек.

Бізге заман талаптарына лайықты жауап бере отырып даму, озық технологиялардың пайда болуына туындап жатқан өзгерістердің табанында жаншылып қалмай, шылауында кетпей, қайта сол екпінді өзгерістерді өзі тиімді пайдалану ел Тәуелсіздігінің, болашағымыздың кепілі екенін ұғатын кез жетті.

Бұл жерде көп түйткілдердің бірі ретінде білім беру ісін қайта жаңғырту қажеттігін айтқымыз келеді. Әсіресе қулығын, кеселін ішіне жасырған, жалтырақ жарнамалардың артында жасырынған, көке-жәкелердің көмегіне сүйеніп күнелтіп жүрген ЖОО-ларға ерекше назар аударатын болса, барлық жоғары оқу орындарын қатаң талаптар негізінде сұрыптап, оларды арман қуып, оқу іздеп барған жастың көңілінен шығатындай, уақыт талабына жауап беретіндей деңгейге жеткізу қажет. ЖОО-лардағы бюрократизм, паракорлық, басқа да жағымсыз көріністер ернеуінен асып, кілкіп тұрғанда елімізді «Өнер-білім бар жұрттар» қатарына қосады деп үміттендірер жастарымыз көп шыға қоймайды.



| ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН

# Еңбекқорлық пен ізденіс

Сарыағаштық бағбан лимон өсіріп, табыс тауып отыр

Қыстың күні де бұл әулетте ешкім қарап жатпайды, ағаштардың бұталарын кесіп, көктемге дайындауда. Жылыжайдағы ауа температурасын +5 градустан төмендетпеу де шығынды айтпағанда бірталай еңбекті қажет етеді. Бірақ Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Бағыс ауылында он жылдан аса уақыттан бері жылыжайда лимон өсіріп, ел тұрғындарын тропикалық жеміспен қамтамасыз етіп отырған ағайынды Манатәлі және Оспанәлі Таңсықбаевты биылғы қыс әжептәуір әбігерге салды. Қалың жауған қар бір жылыжайын қиратса, аязды күндері бірнеше ағашын суық ұрған.

**Ғалымжан ЕЛШІБАЙ,**  
«Egemen Qazaqstan»

«Көмір тапшы болғандықтан жылыжайды жылытудың бар амалын жасадық. Ауданға әкелінген көмірдің өзін қымбатқа, тоннасын 25-35 мың теңгеден алып жатырмыз. Әрине, бұл қиындықтан да шығармыз, қараған жерлерін өзіміз қалпына келтіреміз. Бірақ көмір тапшылығы, бар көмірдің бағасын көтеріп жіберу ертеңгі күні жылыжай өнімдерінің қымбаттауына әкелері әбден мүмкін», дейді Манатәлі Таңсықбаев.

Бағбан лимон өсіруде қиындықтардың аз кездеспегенін айтады. Бірақ еселі еңбектің, тынымсыз ізденістің нәтижесінде айтарлықтай табысқа да жетіп отыр. Отандық өнімнің артуына ерекше үлес қосып келе жатқан ағайындыларды ауылдастары да үлгі тұтады. Бүгінде бұл кәсіп Таңсықбаевтардың отбасылық бизнесі, яғни ұл-қыздарымен қосқанда он шақты адам маңдай терін төгіп келеді. Ал терім кезінде ауылдастарын жұмысқа тартады. Бір жарым айға созылатын жиын-терінде жиырмадан аса адам осы лимон бағбанын нәпақа табады. Жылыжайдағы әр түрлі лимон ағашы кемі 100-150 кило өнім береді. Алдағы уақытта 300-400 килоға дейін өнім алу көзделіп отыр. Сондай-ақ жыл сайын бұл отбасы 50-60 тонна өнімді еліміздің өзге өңірлері мен Ресейге жөнелтіп келеді. Шаруаның айтуынша, лимон өсіру – ұзақ мерзімді бизнес, яғни одан 3 жылға дейін еш пайда көрмейсіз. Тек шығынға жұмыс істейсіз. Осы аралықта қыста жағатын көмірге, жұрттың сайын ауыстыратын жабынды-пленкаға, дәрі-дәрмегі, жұмысшыларға беретін еңбекақыға жұмсалатын шығын аз болмайды. Манатәлі мен Оспанәлі де алғашында қомақты

шығыннан кейін бәріне қолды бір сілтеп, бұл кәсіпті тастағысы келген.

«Інім екеуіміз көлігімізді, бар малды саттық. Жағатын көмір жетпей қалған кезде көшеден бала-шағамызбен бірге тезек, отын тердік. Әйтеуір қиындықтардан жол табуға тырыстық. Дана Абайдың өлеңіндегі «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген сөзін ұстаным еттік. Үшінші жылы алған өнім жұмысшылардың еңбекақысын ақтады. Осылай жыл сайын өнім өсіп тұрады. Сол үшін лимон өгіп, бизнес бастағысы келетіндер кемі 3 жыл қиындыққа шыдау керек», дейді Манатәлі сол бір күндерді еске алып. Бүгінде алғашқы кездердегі шығындары мен қиындықтар артта қалған табысты кәсіп қалай басталған еді?

Сонау 2002 жылы көрші елдегі Шыршық қаласынан атамекенге өз бетінше қоныс аударуды ұйғарған Таңсықбаев отбасы Сарыағаш ауданындағы туыстарын сағалап келіпті. Елге келген соң отбасы 3 гектар жер телімін өз қаражатына сатып алады. Үйді де өз күштерімен салған. Сойтпін, жылыжай құрып, оған қияр мен қызанақ еккен. Алғашында жақсы өнім алады. Бірақ көп өтпей ол жерге «нематода» деген құрт түсіп, қияр мен қызанақ тамырының қанат жаюына мүмкіндік бермейді. «Ол құртты жоятын дәрі де тым қымбат, онымен күресу де қиын екен. Оның үстіне бұрын бір «ГАЗель» көкөністі базарға апарып, 15-20 минутта сатып қайтатын болсақ, қияр, қызанақ егетін жылыжайлар көбейген соң, сату жағы да қиындай бастады. Бізге кәсіп бағытын өзгерту керек болды. Інім екеуіміз нарықты зерттеп, 60 соттық жерге жылыжай соғып, лимон көшетін отырғызуды жөн деп



таптық. Лимон ағашы әлгі нематода құртынан қорықпайды екен», дейді бағбан. Әрине, жаңа істі бастама бұрын, барлық әрекет жан-жақты есептеліп, тәжірибенің жоқтығы да ескерілген. Ағайындылар лимон көшетін отырғызбастан бұрын Ташкентке барып біраз жылдан бері цитрусты жеміс өсіруде тәжірибелі, осы істің қыр-сырына қанық мамандармен кеңесіп, дәріс алады. Алдымен лимонның «мейер» деген сортын 640 көшет әкеліп, көшетжайда 2-3 жыл баптайды. Сосын бірнеше жылыжайға бөліп отырғызды.

Бүгінде бұл ағаштардың жапырақ жайып, өсіп тұрғанына он жылдай болған. Лимон ағашы алғашқы үш жыл өнім бермейді. Яғни ағайындылар алғашқы жылдары шығынға жұмыс істеген. «Ал күлті оңай. Лимон теріліп, артық бұтағы кесіліп болғаннан кейін ағаштар ұйқы фазасына кіреді. Олар оянып кетпеуі және суық ұрмау үшін жылыжай ішін +5 градустан ұстап отырамыз. Мысалы, қияр мен қызанаққа +18-20 градус керек болса, лимонның өсуіне +5 градус жылылық жетеді. Лимон ағашы жылына 4 рет гүлдейді. Бірақ бір рет өнім аламыз. Мысалы, наурыздың аяғында гүлдегендері қараша айында салады. Мамырда гүлдегендері желтоқсанда піседі.

Пісіп сарғайса, бірден үзіп алып, сатса болады. Біз бәрінің бірдей уақытта піскенін күтіп, бір-ақ тереміз. Негізі лимонға да зиянкестер келеді. Бірақ уақытында барлық күтім шараларын істеп, жазда «шомылдырып», «тамағын» уақтылы беріп, қарап тұрсаңыз ол аурулар жоламайды. Келсе де, емдеп алу қиын емес. Содан кейін алма, алмұрт ағаштарының артық бұтақтарын қырықандай, лимонды да жылына екі рет қырып тұрамыз. Бірақ басқаша кесіледі. Желтоқсанда теріліп болғаннан кейін бәрін қырып шықтық. Енді мамыр айының соңы мен маусым айының басында қырылады. Жаздың күні аптасына екі рет, ал күз бен көктемде он күнде бір рет суарамыз. Ал қыста мүлдем суармаймыз. Лимон ағаштары сегіз ай су ішпесе де тұра береді», дейді Манатәлі.

Тәуекелмен басталған жұмысты табыс көзіне айналдыру да оңай соқпаған. Лимон өсірудің жай-күйін жақсы білетін мамандар жақын маңда жоқ. Бұл арада жылыжай жұмысымен қатар ізденуді де тоқтатпаған ағайынды Таңсықбаевтар Ташкенттегі мамандардан ағаш бұтақтарын кесу, дәрілеу тәсілдері бойынша кеңес алады, үйренеді. Түркиядан мамандар шақырғанды. «Іздендік, жан-жақтан ақпарат жинадық,

тәжірибе жасадық. Үйренуге осылайша біраз жыл уақыт арнадық. Ал қазір менде бар жинаған тәжірибем бойынша құрылған арнайы бағдарлама бар. Егер үйренемін, лимон өсіремін дейтіндер болса, бар білгеніммен бөлісемін. Ертең ол бәсекелес болады деген қызғаныш жоқ. Қайта отандық өнім көбейіп, басқа елдерге экспортқа шығарып жатсақ қанекі?! Онымен тұрмай, қаржының өз елімізде қалғаны жақсы ғой. Нарықты зерттеп қарасақ, елімізге лимондар Аргентина, Түркия, Қытай, Тәжікстан мен Өзбекстаннан келеді. Біздің ақшамыз сол елдерге кетіп жатыр. Қазір елімізде 20-30 гектар лимон бағы өсіп қалды. Көбейтсек, импорт көлемі де азайып, ақша өз елімізде қалады», дейді Манатәлі. Өнімді өткізу жағынан да ешқандай мәселе жоқ. Сапасымен де танылып үлгерген отандық өнімді арнайы келіп алып кететін алып сатарлар аз емес. Кейде Алматы қаласына апарып өзі сатып келеді. «Қайбір жылы Алматыға қаңтарда жүк көлігімен лимон апардым. Таңнан кешке дейін 20 тонна саттым. Одан кейінгі жылы 30 тонна апарып, бір апта саттым. Көрші Өзбекстаннан келгендерден арзанға беремін. Мен – диканмын. Маған базар бағасынан 50 теңге төмен

бергенім қалтама әсер етпейді. Ал жұрт қашанда 5-10 теңге болсын арзан алғысы келеді. Бірақ көбі бізде, өз елімізде лимон өсіп жатқанына сеніңкіремейді. Әрі-бері ұстап көріп, таңғалып қарайды. Көзін талсаң, қызығушылығың болса, бізде кез келген нәрсені өсіруге болады. Бізде лимон еккісі келетіндер көп. Бірақ сол бастапқы жылдары шығынды өтей алмай, қолын бір сілтеп тастап кетеді. Егер Үкіметтен арнайы бір субсидия беріліп тұрса, лимон егетіндер көбейер еді. Қазір Алматы, Өскемен, Ақтау, Атырау, Тараз, Қызылорда, яғни еліміздің біраз қаласында лимон өсірілуде. Біз көшетін де дайындап, сатып жатырмыз», дейді Манатәлі Таңсықбаев.

Лимонның адам денсаулығына пайдасы орасан. Егер қан-қысымы жоғары адамдар болса, гүлдеген кезде екі сағат жылыжай ішінде отырса, бір жылға дейін қан қысымы мазаламайды екен. Мұның пайдасын білетін жергілікті жұрт немесе сырттан естігендер келіп, күш-қуат алып кетеді.

Тұтынушыларға отандық өнім мен импорттық өнімді ажырату қиын емес. Дәмін көрген жұрт мұны бірден байқайды екен. Оның себебін бағбан мүлде химикат қосылмайтынмен байланыстырады. Сарыағаштық бағбан жамбылдық жас ғалым Дәулет Егембердиев ойлап тапқан биологиялық тыңайтқышты қолданып, оң нәтиже көріп жатқанын айтады. Осылайша, ауылда табысты отбасына айналып, жинаған білім-тәжірибесін басқалармен бөлісіп жүрген Манатәлі Таңсықбаев лимоннан бөлек, 25 сотық жылыжайына піяз, бұрыш егеді. Яғни лимон піскенше қарап отырмайды. Сондай-ақ ол былтыр баға тиімсіз болғандықтан, лимоннан тосап жасап, еліміздің әр өңіріне жеткізуді қолға алыпты. Отандық өнімнен жасалған тосапқа сұраныс көп. Мемлекет тарапынан субсидия ретінде қолдау көрсетілсе, алдағы уақытта кәсіпін кеңейтісі келетін бағбан лимоннан бөлек, апельсин, маңдарин, лайм сияқты цитрусты жемістер егуді жоспарлап отыр.

Түркістан облысы

| КӨКЕЙКЕСТІ

# Көктей солған көкөніс

Аяз бен қар шымкенттік дикандарды да қып-қызыл шығынға батырып кетті. Көкөніс біткенің көктей солғаны аздай, тобықтан аса жауған қалың қар жылыжай құрылымдарын да қиратып тынды. Бұған кім кінәлі? Жапа шеккен дикандардың ендігі жағдайы не болмақ?

**Әнуар ЖҰМАШБАЙ,**  
«Egemen Qazaqstan»

«Зәуре» шаруа қожалығының төрайымы Жания Ашықбекованың айтуынша, осының бәріне көмірдің жоқтығы себеп. – Қарамағмызда екі жылыжай бар. Бірі Түркістан облысының Сайрам ауданында, екіншісі Шымкенттегі іргесінде орналасқан. Қаладағы жылыжайдың көлемі – 3 гектар. Өндірістік бағыттағы бұл кешенге қызанақ екенбіз. Оның өнімін сонау шілдеге дейін жинауымыз керек болған. Бірақ аяздың салдарынан бәрі үсіп кетіп, еңбегіміз еш болды. 3 гектар жылыжайдағы өнімдердің дымы қалмай үсікке ұрынған соң амал жоқ қолқыса апарып төктік. Есіл еңбегіміз текке кеткеніне ішім удай ашып отыр. Оның үстіне көмір де қолды бөгегенін қайтерсің. Шұбаркөлдікі деп алған көміріміз жанбай әлекке түсірді. Дым жылуы жоқ, ол неғылған көмір болды екен?! Қол қусурып қарап отырмаймыз ғой. Қайта егіміз керек. Бірақ істі бастауға қаражатты қайдан аламыз? Ойлансам, басым қатады. Өйткені Аграрлық несие корпорациясынан 700 млн теңге несие алып қойғанбыз. Жыл сайын 90-100 млн теңге несие қарызын төлейміз. Был сол қарыздан қалай құтыламыз? Жағдай болса мынау. Сондықтан Үкімет бізге жәрдем беріп, несие қарызын төлеуді шамалы шегере тұрса екен. Біздің бар тілек осы, – дейді кәсіпкер етегі жасқа толып.

Өткен жылы Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев Шымкенттегі «Аделя» шаруа қожалығында жылыжай

шаруашылығындағы дикандардың басын қосып, саладағы проблемаларды талқылапты. Сонда шаруалар министрдің алдына үш үлкен мәселе қойыпты.

Біріншіден, жарық, газ, көмір бағасы қымбат. Отынның барлығы өзімізде өндірілсе де құны дикандарға өте қымбатқа түсіп жатыр. Сондықтан жылуға кеткен шығынды мемлекет тарапынан субсидиялау қажет. Кәсіпкер осы тұста Түрікменстанды мысалға келтірді. Ол елде газдың құны біздікімен салыстырғанда анағұрлым төмен екен. «Зәуре» шаруа қожалығы 1 текше метр газға 37 теңгеден төлейді. Сайрам ауданындағы жылыжайды жылыту үшін күн сайын 1 миллион теңгенің үстінде газ жағып отыр. Сонымен министрлік бұл мәселені шешуге уәде берген, тіпті арнайы жұмыс тобын құратын болған. Алайда кәсіпкердің айтуынша, берілген уәде бүгінге дейін орындалмай келеді.

Екіншіден, көктемде өнім піскенде жергілікті дикандар жылыжайда өсірген өнімдерін нарыққа шығарады. Ал сол кезде базарлар мен сауда нүктелерін, әсіресе Түрікменстанның арзан қызанақтары басып қалады екен. Негізінде былтыр «Зәуре» шаруа қожалығы өндірген қызанақтарының өзіндік құны 350-400 теңгеден айналыпты. Алайда Түрікменстан, Өзбекстаннан келген арзан өнімдердің салдарынан бұлар қызанақты 150 теңгеден сатуға мәжбүр болып, пайда көрудің орнына қып-қызыл шығынға батыпты. Сол сатқан өнімдері «Магнум» секілді ірі сауда орындарында 500-600 теңгеден сатылған. Демек бағаны көтеріп

отырған – ортадағы делдалдар. Ал жұрт көкөністің қымбат бағасын дикандардан көреді. Сондықтан сауда мәселесін ретке келтіру керек екенін айтады кәсіпкер.

Сонымен бірге ол Орталық Азия елдерінен келетін көкөністердің көпшілігі контрабандалық жолмен ішке енетінін айтып қалды. Егер заңды түрде баж салығын төлеп, елімізге кіргізілсе, бағасы арзан болмас еді. Тиісінше, жергілікті дикандардың өнімі бәсекелестікке шыдар еді. Отандық кәсіпкерлер де екен өнімінен пайда тауып, табысқа кенелген болады. Осы проблемаға орай дикандар жабылып, Сауда және интеграция министрлігіне ашық хат жазыпты. Ол жақтан «Орталық Азия елдерімен арада еркін сауда аймағын құру туралы келісім бар. Соған орай тосқауыл қоятын нақты шаралар қабылдай алмаймыз» деген мазмұнда жауап келген.

– Жарайды, солай-ақ болсын. Бірақ бәрі әділ болсын да. Түрікменстаннан өнімдер бізге тонналап келіп жатыр. Біз дәл солай осы елге өз өнімдімізді өткізе аламыз ба?! Өкінішке қарай, жоқ. Түрлі сылтау тауып, әйтеуір нарығына кіргізеудің амалын жасайды. Мәселен, жоқ жерден өсімдік ауруын ойлап таба салады. Түрікменстанды қойшы, бір одақтың шеңберіндегі Ресейге былтыр қызанақты кіргізе алмадық қой. Сылтау біреу-ақ. Қазақстандық қызанақтардан қауіпті кесел табылыпты-мыс. Үкімет осы жағын ескерсе екен. Сауда нарығындағы ойында неге допты тек бір қақпаға сала беру керек, – дейді шаруа.

Е.Қарашөкеевпен кездесуде осы мәселе көтерілген. Бірақ әлі күнге дейін нақты істер қолға алынбай тұр.

Үшіншіден, қазір тыңайтқыштардың бағасы да аспандап кеткен. Бағасы қанша болса да, шаруа байғұс алмай тұрмайды. Соның кесірінен жыл сайын



дикандар өз қалталарынан миллиондап шығын шығаруға мәжбүр. Мәселен, дәл сол «Зәуре» шаруа қожалығы 3 гектар жылыжайға айына 4-5 млн теңге жұмсайды екен. Осыдан кейін көкөністің бағасы қалай арзандамақ. Бұл мәселені шешудің де бір-ақ жолы бар. Ол – мемлекеттік көмек. Басқаша айтқанда, субсидия. Шаруалар осы ұсынысты да министрдің алдына қойған. Алайда ведомство тарапынан ешқандай әрекет байқалмайды.

– Жылыжай шаруашылығының дикандары өз проблемасымен бетпе-бет қалды. Қолұшын берер ешкім жоқ. Өзімізді тура жетім қозыдай сезінеміз. Табыстан гөрі әйтеуір шығынға батып жатқан бір шаруа. Бұйте берсек, ертең күніміз не болады? Шыны керек, ертеңгі күнге деген үмітпен өзімізді алдап жүрміз. Ал бірақ дәл қазір шаруалардың көбі ашулы. Жағдай түзелмесе, қойылған талаптар шешілмесе, қажетті көмек болмаса, мәселені төтесінен қоямыз деп бекініп отыр, – дейді Жания Ашықбекова.

Біз осы мәселемен жергілікті кәсіпкерлер палатасына хабарластық. Бизнес өкілдерінің құқығын қорғау ұйымының мамандары шығынға батқан немесе жоғарыдағы кейіпкеріміз секілді несие төлеуде қиындыққа ұшыраған

ШЫМКЕНТ



ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖАРШЫСЫ

# Өндірісті өркендететін жетістіктер

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Университет ғылымының дамуы – Қазақстанның инновациялық дамуының қажетті алғышарты» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Аталған іс-шараға Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек қатысып, оқу орнының ғылыми жетістіктерімен танысты.

**Эльвира СЕРІКҚЫЗЫ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Ғалымдардың ғылыми-тәжірибелік алаңдарда жасаған зерттеулері ендігі кезекте үлкен өндірістерге жол ашады. Осы ретте Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Президент тапсырмасына сәйкес тиісті министрлік ғылым саласына инвесторлар тарту мәселесіне ерекше назар аударып отырғанын жеткізді. Оның айтуынша, инновациялық экожүйе қалыптастыруда әрбір жоғары оқу орнын техникалық жабдықтау, зертханаларды жаңа құрылғылармен қамтамасыз ету мәселелеріне көңіл бөлінеді. Ең мықты стартаптарға инвестиция тартылып, ғылыми өнімдер сұранысына

сомасы 28,2 млрд теңгеге жеті басым бағыт бойынша 1 070 жоба іске асты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – 80, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ 49 жобаны жүзеге асырса, гранттық қаржыландыру шеңберінде жалпы сомасы 21,7 млрд теңгеге 561 ғылыми жоба (42%) іске асуда. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – 31%, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ – 16%, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ 13%-бен көш алдында келеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижесімен таныстырды. Университетте «идеяны қалыптастырудан коммерцияландыруға дейін»

саулығына ықпалы зор жобалар ретінде танылатыны сөзсіз.

Биологиялық белсенді қоспалар өндірісімен таныстырған ҚазҰУ Дәрілік өсімдіктер ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор Жанар Жеңісқызы елімізде өсетін улы емес дәрілік өсімдіктерден жасалатын қоспалардың көптеген аурудың алдын алуға әсері туралы айтып өтті. Зертханада салауатты өмір салтын сақтауға бағытталған үш мемлекеттік, бес халықаралық жобалар негізінде тұмауға қарсы, өкпе, бауыр, бүйрек, асқазан жолдары жұмысын жақсартуға, ағза қызметін белсендіруге, қант диабетіне, коронавирусқа қарсы белсенді қоспалар өндірісі жолға қойылған.

Логистика және көлік академиясы ғалымдары құрастырған дельтаработ шағын денелерді зерттеуге бағытталған. Жас ғалым Айдос Сұлтан атап өткендей, жаңа құрылғы салмағы 1 кг жетпейтін шағын пішінді бұйымдардың құрамын анықтауға арналған. Конвейердің жұмысын тоқтатпастан нысанды толыққанды сараптауға болады. Бұл жобаға үш жылдай уақытын арнаған ғалымдар жоба өндірісте іске асады деген сенімде.

Қазақ тілін технология тілімен байланыстыра отырып, дыбыстану үрдісін жеңілдетуге мүмкіндік беретін IT жоба да ерекше назар аударуды қажет етеді. Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты бас директорының ғылым жөніндегі орынбасары, PhD Өркен Мамырбаевтың жетекшілігімен жүзеге асқан жоба Kazak ASR дауыстық сигналдарды танып қана қоймай, мәтінге айналдырумен ерекшеленеді. Қазіргі кезде бұл жобаға қызығушылық артып келеді.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Инновациялық су тазарту жүйелері ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі, PhD Абдығани Азимов стевия өсімдігінен жасалған өнімдермен таныстырды. Тарихы Аргентинамен байланысты бұл өсімдікті кейіннен Еуропаның елдері мен Жапония, Малайзия сияқты дамыған елдер өз өндірісінде пайдалана бастаған. Табиғи тәттілендіргіш ретінде қолданылатын өсімдік қант диабетімен ауыратын науқастарға мың да бір ем. Жылыжайда, ашық егістік алқаптарында сынақтан өткен өсімдіктен жылына бес рет өнім алуға болады. Сонымен қатар бұл зертханада жеміс дәндерінен, қабығынан алынған май, су, газ тазалығы мақсатында пайдалануға болатын белсендірілген көмір өндірісте сұранысқа ие. Дүниежүзілік банк қаржыландыру бұл жоба жемісін беріп, қазіргі кезде ғалымдар өндірістен түскен табыстың 10 пайызына ие.

Жиын отандық ғалымдардың ғылыми жетістігін паш етіп қана қойған жоқ, жобалардың өндірістік мүмкіндігінің зор екеніне тиісті министрлік мамандарының назарын аударды. Қазіргі кезде еліміз өңірлерінде 20 орталыққа академиялық басымдық берілген. Университеттік ғылымды дамыту жастарды ғылымға көптеп тартуға ықпал етеді дейтін болсақ, жоғары оқу орындары ерте курстардан бастап зерттеулермен айналысуға қатысты білім бағдарламаларын қайта қарап, ғылыми жетістікке талпыныс жасауы уақыт күттірмейді.

АЛМАТЫ



баса мән берілмек. Егер белгілі бір өндіріс орны ғылымға инвестиция салатын болса, мемлекет тарапынан салық жеңілдіктері де қарастырылады. Бұл бағытта Салық кодексіне де өзгерістер енгізіледі. Сонымен бірге Президент жанынан Ғылым және технология бағытында ұлттық кеңес құрылып, нәтижесінде ғылыми қауымдастық өз мәселесін Президентке тікелей жеткізе алатын болады.

Ғылыми жобаларды өндіріске енгізу, университеттердің ғылыми-зертханалық мүмкіндіктерін арттыру мәселесі ғылыми конференция аясында кеңінен талқыланып, секцияларда жалғасын тапты. Биыл елімізде ғылымды қаржыландыру өткен жылмен салыстырғанда 3,5 есеге артқан. Университет ғылымын тұрақты қаржыландыру үшін биыл бес пилоттық оқу орнында эндаумент-қорларды ашу бойынша нысаналы капитал қорлары туралы жеке заң тұжырымдамасы және жол картасы әзірленді.

Жиын барысында Ғылым комитетінің төрағасы Дархан Ахмед-Заки еліміздегі жоғары оқу орындарының негізгі жетістіктеріне тоқталды. 2018-2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру шеңберінде жалпы

технологиялық дәлізі құрылған. Олардың қатарында шунгит концентраты, полиэфирлі шайыр, газразрядтық лампалар, дәрі-дәрмектер, көміртекті нанокұрылымдар және тағы басқа 10-ға жуық шағын өндірістік алаңдар жұмыс істейді.

Университеттің Қан тамырлары патологиясы орталығының директоры, профессор Оралбай Дәрменов атап өткендей, «Артериялық тамырлардың өткізгіштігін қалпына келтіруге арналған құрылғы және әдіс», «Атеросклеротикалық түйіндерді селективті ультрадыбыстық диссекция жасауға арналған құрылғы және артериялық тамырлардың өткізгіштігін қалпына келтіру әдісі» қан тамырларындағы түйіндерді түбегейлі жоюға және бірден бірнеше артерияларды тазалауға мүмкіндік береді. Артериялық тамырларды қалпына келтіруге арналған құрылғылар шетелдерде қымбат тұрады. ҚазҰУ ғалымдары ұсынып отырған өнертабыс техникалық әрі қаржылық тұрғыдан да үнемді.

Зертхана ғалымдары іске асырған тағы бір жоба – вирустан қорғану құралы. Жаңа құрылғы өкпедегі вирусты залалсыздандыра отырып, науқас адамның демін тазартуға ықпал етеді. Арнайы патенті бар өндірістер желісін әрі қарай кеңейту алдағы уақытта халық

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМ

# Қазақша дәріс оқитын Ниномания сэнсэй

Биыл елімізде жапонтану саласының пайда болып, іргетасының қаланғанына отыз жыл толып отыр. Расында да, осыдан дәл отыз жыл бұрын, 1992 жылы республикамызда алғаш рет Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде шығыстану факультетінің Қиыр Шығыс кафедрасында жапон тілі мен әдебиеті кафедрасы ашылды.



Отандық жоғары оқу орындарының арасында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қиыр Шығыс кафедрасы – жапон тілі мен тарихын меңгерген мамандарды даярлайтын жетекші білім беру орталығы. Отыз жыл ішінде университет Күншығыс елінің бірқатар ЖОО және ғылыми орталықтарымен тығыз әрі берік қарым-қатынас орнатты. Солардың бірі – Цукуба университеті. Бүгін біз осы Цукуба университетінен арнайы шақырылған ҚазҰУ-дың профессоры Ниномия Такаши жөнінде сөз қозғамақпыз.

Ниномия Такаши 2014 жылдан бастап сегіз жыл көлемінде ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлық құрамында жұмыс істеп келеді. Ұстаздың, жапонша айтқанда сэнсэйдің алған білімі мен кәсіби тәжірибесіне қатысты айтар болсақ, ол 1999-2003 жылдар аралығында Жапонияның атакты жоғары оқу орны Нара университетінде білім алады. Ол университетте ежелгі Таяу Шығыс тарихын зерттеумен айналысады. Болашақ профессор университеттің үшінші курсына оқып жүрген кезінде ежелгі тарихпен қатар, әлемнің көне жазулары мен тілдерін үйренуге қызығушылық танытты. Нақтырақ айтқанда, жапон ғалымы шумер және аккад сияқты ежелгі өркениеттердің тілдерін зерттеуді қолға алады. Аккад тіліне ықпал танытқаны сонша, ол түрлі кітаптар мен сөздіктерді пайдалана отырып, үздіксіз білім алудың арқылы аккад тілін жетік меңгеріп шығады.

2003 жылы Ниномия Такаши Цукуба университетіне магистратураға түсіп, аккад, араб, иврит және амхар сияқты тілдердің арғы тегі прото-семит тілдерін зерттей бастайды. Әсіресе Оман мен Йемен мемлекеттерінде таралған мехри, джиббали және сокотри деп аталатын көне семит тілдерін зерделеуге көп көңіл бөледі. Осы кезде шетелдік ұстаз Оман мен Йеменде зерттеулерді жүзеге асыру үшін араб тілін үйренеді. Араб тілін жоғары деңгейде игерген жапон ғалымы ақыры Эфиопия және Оманға арнайы барып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Біліктілігін одан әрі шыңдау мақсатында, Ниномия сэнсэй 2007 жылы Цукуба университетінің докторантурасында оқуын жалғастырады. Болашақ профессор докторантурада оқып жүрген жылдары Цукуба университетінде жапон тілін оқыту әдістемесі бойынша арнайы білім алады. Сондай-ақ университеттегі Орта Азия елдерін зерттеу орталығына қызметке орналасады. Сөйтіп ол бұрын зерттемеген жаңа саланы игере бастайды. Қызметке орналасқаннан кейін, ұстаз қазақ студенттерімен етене араласып, республикамыз туралы, халқымыздың әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты, қоғамдық-әлеуметтік өмірі жөнінде жан-жақты мағлұмат алады. Мұнда жапон ғалымы Қазақстанның тарихын, мәдениетін, ұлттық болмысын, тілін егжей-тегжейлі зерделеп, білімін тереңдетеді.

Орта Азия елдерін зерттеу орталығында қызмет істеп жүрген кезінде Ниномия сэнсэй Цукуба университетінде өткізілген ғылыми конференцияға Қазақстан атынан қатысқан, сол жылдардағы ҚазҰУ проректоры болған Тілекқабал

Рамазановпен танысады. Ал 2013 жылы жапон ғалымы алғаш ҚазҰУ-ға келіп, университеттің сол кезде бірінші проректоры қызметінде болған Мұхамбетқали Бүркітбаевпен кездеседі. Екі жақты келіссөз жүргізудің нәтижесінде, жапон профессоры әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қызмет етуге ресми түрде шақырылады. Қазақстанға келуден бұрын ол қазақтың тілі мен ділі, қоғамдық ұйымдасуы, дәстүрлі тұрмыс-тіршілігі жөнінде ақпарат жинап, әбден дайындалады.

Қазақстанға қызмет етуге келген Ниномия сэнсэй бірден ҚазҰУ-дың дайындық факультетіне түсіп, қазақ тілін оқи бастайды. Ол танертең қазақша үйреніп, түстен кейін Шығыстану факультетінде жапон тілінен сабақ береді. Профессор Қазақстанға келіп, қазақ тілін үйрене бастағанда, күнделікті өмірде кейбір сөздерді түсінуді қиын болғанын айтады. Түсінбеген сөздерді сөздіктерден қарап, әріптестерімен сұрап, еңбекқорлықпен, табандылықпен қазақ тілін үйренеді. Сабақтан тыс уақытында, теледидар көріп, әріптестерімен, такси жүргізушілерімен қазақша сөйлесіп, жергілікті тілде пікір алмасуға дағдыланады. Осылай Ниномия сэнсэй екі жыл қазақ тілін оқып, қазақ тілінде еркін сөйлеп, өз ойын еркін жеткізе алатын дәрежеге жетеді. Қазақша таза сөйлеп қалып, үздіксіз білім алудың мақалалар мен ғылыми еңбектер жаза бастайды.

Жапон ғалымы қысқа уақыт ішінде өзі бұрын-соңды естіп-білмеген, өз туған жерінен мүлдем өзгешеленетін елдің тілін меңгеріп, әдебиеті мен мәдениетін оқып біліп, осы ісімен қазақ елі мен халқына өзінсіз ерекше құрметін білдіре алды. Оған қоса Ниномия сэнсэй қазақ тілін жетік меңгеру арқылы жапон тілі мен Күншығыс елінің төл мәдениетін біздің еліміздің азаматтарына таныстыру мүмкіндігіне ие болды. Қазіргі кезде жапондық профессор ҚазҰУ Шығыстану факультетінде сабақ берумен қатар, қазақ және жапон тілдерінің грамматикалық ерекшеліктерін зерделеп, салыстырмалы талдаулар жүргізуде. Сондай-ақ ұстаздың ҚазҰУ факультеттерінде, республикамыздың өзге де жоғары оқу орындарында Күншығыс елінің ұлттық болмысы, мәдениеті және білім беру жүйесі тақырыбында дәріс оқып жүргені – соның айғағы.

Әрбір ісін ерекше ыждағаттылықпен, тиянақтылықпен орындап, кемеліне жеткізетін осындай білікті ұстаздардан тәлім алған жастарымыз шығыс тілдері, мәдениеті мен тарихын үйреніп, әлем туралы ақпараттардан хабардар, бәсекеге қабілетті, ой-өрісі кең, білімді азаматтар болып қалыптасатынына сенімдіміз. Осылайша екі ел арасындағы байланыстарды нығайту жолында еңбек етіп жүрген, әрі қазақ тілі мен мәдениетін қадірлеп, құрмет тұтатын жапон ғалымынан біздің ұлгі алар тұстарымыз, көңілге тоқып үйренер дүниелеріміз көп-ақ.

**Гүлмира ТАЗАБЕКОВА,**  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы

# Қоқыс сұрыптайтын құрылғы

Бүгінгі дамыған заманда өнертабыс әлеміндегі жаңалықтар таңғалдырып жатады. Сондай тың дүниелерді ойлап тапқандардың қатарында қазақтың да аты аталса, қуанып қаламыз. Жақында Amanzholov University магистранты автоматтандырылған қоқыс сұрыптау кешенін жасап шығарды.

**Уәлихан ЖАЙЛАУ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Жоба бойынша кешен күн мен жел энергиясынан және жаңбырдан қуат алады. Оған қоса арнайы QR-код орнатылады. Бұл құрылғыны аталған университетте «Информатика» мамандығы бойынша білім алып жүрген Дәулетбек Ағзам қытайлық жоба негізінде жасап шығарды. Оның айтуынша, тұрғындар қоқысты жай ғана тастамай, ол үшін ақша да алады. Яғни әр қоқыстың материалы, салмағына байланысты есепшотқа қаржы түседі. QR-код қоқыс тастаушыға төлем



қызметін атқарады. Осылайша пайда табу арқылы азаматтардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру – жобаның бір мақсаты.

Магистранттың жобасы Өскемен қалалық әкімдігі ұсынған «Таза қала» жобасынан өзгеше. Дәулетбек Ағзам тамақ қалдықтары салынатын контейнерге арнайы желдету жүйесі бар салқындатқыш орнатып, жағымсыз иістің

ауаға таралуының алдын алады. Жас өнертапқыш бұл жобасын бұдан әрі дамыту үшін Қытайға баруды жоспарлап отыр. Тек жергілікті атқарушы органдардың қолдауы қажет.

Дәулетбектің бұл жобасы Түркиядағы ЕХРО халықаралық STEM-фестивалінде көпшілік назарына ұсынылып, салалық нысанның қатарына қосылған жоғары баға алған еді.



ЖЕМҚОРЛЫҚ – ИНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ

# Пара беру проблеманы шешпейді

Қазір халық «парамен ұсталды» деген ақпаратқа селк етпейтін болды. Жемқорларды құрықтайтын қызметкерлердің өздері кейде парамен ұсталып жатады. Қоғамда бұл кеселемен күрес шараларына сенімсіздік қалыптасқаны рас. Тамырын тереңге тартқан жемқорлықты жою үшін батыл қадамдар қажет деп есептейді жұртшылық.

**Оралхан АХМАДИЯ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Иә, жемқорлықпен күрес шаралары жүйелі жалғасып жатыр деп ұрандатқанымен, көлеңкелі қылмысқа жол берушілердің саны азаймай тұр. Соның ішінде, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген азаматтардың қызметтік өкілеттіктерін теріс және заңсыз пайдалану, кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласу, кедергі жасау, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық, жеке және заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беру сынды сыбайлас жемқорлық деректері әлі де ел аумағында белең алып отыр. Мемлекет бюджетін мақсатсыз пайдалану, қызмет бабын жеке бас пайдасына жарату, жұмысқа қабылдау барысында белгілі бір қаражат мөлшерін талап ету, тексеріс мекемелерінің келуіне орай қаржы жинау секілді сыбайлас жемқорлық тәуекелдері де қазір қоғамда жиі ұшырасып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін жиі еске салады. Оның пікірінше, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек. Бұл ретте, Президент соңғы жылдары бірқатар маңызды қадам жасағанына назар аударды. Соттардың сапалы қызмет атқаруы үшін нақты шаралар қабылданғанын атап өткен жөн. Кейінгі үш жылда 200-ге жуық судья жұмыстан шығарылды, я болмаса лауазымы төмендетілді. Қылмыстық үдерістің үш буынды үлгісі енгізілді. Соның нәтижесінде прокурорлар былтыр үш жарым мыңға жуық адамның қылмыстық үдеріске негізсіз тартылуына жол берген жоқ. Басқа да бірқатар институционалдық шаралар жүзеге асырылып жатыр.

«Жемқорлық әрекеті үшін сотталған

азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келіп отыр», деген еді Президент былтыр Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте.

Мемлекет басшысы құқық қорғау органдары батыл әрекет етпей, сыбайлас жемқорлықпен тиімді күрес жүргізу мүмкін емес деп санайды. Көп жыл бойы олар мәселені терең зерттей тұрып, пара алушыларды қылмыс үстінде ұстап келді. Өртүрлі адам бір лауазымды атқарып отырып, бірдей мәселелерді шешкені үшін кінәлі деп танылған. Жемқорларды тұрақты түрде ұстап, түрмеге тоғытып отырған. Ал сыбайлас жемқорлықтың белең алуына қатысты себептер мен жағдайлар ешкімді қызықтыра қоймаған. Тек соңғы жылдары ғана осы мәселеге назар аударыла бастағаны байқалады.

Былыр Антикорт Call-орталығына 27 мыңнан астам қоңырау келіп түскен, оның ішінде жемқорлық құқық бұзушылық фактілері бойынша 233 хабарлама тіркелген. 37 хабарлама бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталса, 18-і сотқа жолданған. Сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі бойынша 20 іс тоқтатылып, 25-і ведомстволық бағыныстылығы бойынша жолданған.

Жемқорларды ұстауға қарапайым тұрғындар да белсенді атсалысып жатқанын атап өткен жөн. Ол үшін сыйақы да қарастырылған. Мәселен, жуырда жемқорлық туралы хабарлаған Атырау облысының тұрғыны 12 миллион

теңгеден астам сыйақы алды. Ол Атырау облысы әкімінің бұрынғы орынбасарын әшкерелеуге көмектескен. Сыйақы параның жалпы сомасының 10% құрайды.

Жалпы, елімізде былтыр 134 азаматқа 40,6 миллион теңге сыйақы үлестірілген. Ең үлкен сыйақы көлемі Атырау және Қызылорда облыстарында берілді. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарды ашуға жәрдемдесетін азаматтарды көтермелеу қағидаларына сәйкес төлемдер азаматтар хабарлаған адамдарға қатысты сот үкімі шығарылғаннан кейін жүргізіледі. Сонымен қатар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет ақпарат берушілердің толық құпиялылығын қамтамасыз етеді. Осы жылдың 3 қаңтарынан бастап азаматтардың бұл санаты куәгерлерді қорғау бағдарламасына ауысқанын атап өткен жөн.

Анығы сол, қай жерде ақша көп, сол жерде парақорлықтың ісі шығады. Елімізде көбіне ауыл шаруашылығы, кеден, құрылыс, білім беру, коммуналдық бағыт, денсаулық сақтау салаларында сыбайлас жемқорлық фактілері көп тіркелді. Бір ғана агроөнеркәсіп кешенінің айналасында дау-дамай, айғай-шу толастар емес. Нақтыласақ, ауыл шаруашылығындағы субсидияларға байланысты жемқорлық деректердің көп анықталатыны жасырын емес. Соңғы 5 жылда мемлекет шаруаларды қолдау үшін екі триллион теңге бөлген. Осы уақыт ішінде аталған салада 960 қылмыстық іс тіркелген. 450 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Бұл сала жылдар бойы жемқорлыққа белшеден батып жатқаны жиі айтылып жүр. «Соның кесірінен мемлекет үлкен зиян шекті, азық-түлік қауіпсіздігіне нұқсан келді. Атап айтқанда, жайылымдық жерлерді суландыруға бөлінген 80 миллиард теңгенің тең жартысы мақсатқа сай жұмсалмаған. Былыр қуаңшылық болған кезде шаруалар жемшөп таппай, мал қырылып қалды. Тіпті, кейбір өңірде шаруаларға субсидия ретінде күн батареясы берілген. Ашығын айтқанда, ауыл тұрғындарына не қажет екеніне ешкім бас қатырмаған. Субсидияны игерлік деп есеп беру үшін сол күн батареяларының бағасы еселен көрсетілген. Мұның бәрі уәкілетті органдардың жауапсыздығынан болған. Ауыл шаруашылығы министрлігі мен өкімдер мұндай былыққа жол бергені үшін жауап беруі керек», деген болатын Президент.



Қолтамыр жасаған Қимбат ШЕЖІМБІ, «EQ»

Кейінгі кезде мемлекеттік қызметшілерді темір тордың ар жағына «серуендетіп», жаза басқан бұрынғы әріптестерінің уақытша қоныс тепкен орнын көрсету дәстүрі пайда болды. Ойлансын, сабақ болсын деген мақсат қой. Себебі енді ғана мемлекеттік қызметші мәртебесін иеленіп, алғашқы сатыға қадам басқан жастар жетерлік.

Қазіргі уақытта сингапурлық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес моделі үздіктердің қатарында. Сингапур тәуелсіздік алған сәтінде 1965 жылы сыбайлас жемқорлығы ең жоғарғы көрсеткішті ел болған: шенеуіктерге парасыз бір шешімді қабылдауға да рұқсат берілмейтін. Индеттің тамырына балта шабу үшін заңдар қатаң болды және соттық жүйе тәуелсіздігі жоғарылады. Бар-жоғы бірнеше жылдан соң осы сияқты іс-шаралар кешенінің нәтижесінде сыбайлас жемқорлық деңгейі жедел төмендеді. Қазіргі уақытта Сингапур әлемде сыбайлас жемқорлық көрсеткіші ең төмен мемлекеттердің алғашқы ондығына енеді.

Қазақстан – ТМД елдерінің ішіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы арнайы заң қабылдаған алғашқы мемлекет. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары сияқты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мемлекетіміздің басқару жүйесін тұншықтырып, өзге маңызды салалардың дамуына нұқсан келтіріп отырғаны рас. Шын мәнінде адал қызмет атқаратын

мемлекеттік органдардың арқасында ғана еліміздің экономикалық дамуы тұрақты болатыны анық. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті әркім өз отбасынан бастау керек. Мемлекеттік қызметшілердің пара алғанына танданамыз-ау. Кейде өзіміз де ұсақ та болсын жымсықы әрекеттерге жол беретіміз жасырын емес. Жол ережесін бұзып, жол-патрульдік қызметкері тоқтатса: «Асығып бара жатыр едік» деп ақталамыз. Баламыз жақсы мектепке қабылдану үшін таныс директорларды іздейміз. Ауылдасың немесе руласың үлкен қызметке тағайындалса, «бір көмегі тиер» деп балаша маз боламыз. Халыққа көрсету орталығындағы кезектен құтылу үшін айла тапқын келіп тұрады. Осы сияқты ұсақ дүниелер сыбайлас жемқорлыққа апаратын жол болып саналады.

Ел азаматтарының қолдауы мен белсенділігі, ашықтығы мен оперативтілігі айрықша маңызға ие. Анығында, «Жемқорлыққа қарсымыз!» деген ортақ ұран көптің көкейінде көлкіп тұрғанмен, іске келгенде қоғам інетіне қарсы тұру жалқынның жұмысы, ардың ісі болып саналады. Сондықтан қандай да бір сыбайлас жемқорлық көріністеріне куә болған азаматтың әлеуметтік ірдеке көз жұма қарамауы, белсенді әрекет ете білуі – еліміздің ертеңі үшін жасалған ерен ерлікпен және елеулі еңбекпен пара-пар.

ТАЛАП ЖӘНЕ ТӘРТІП

## Жүргізушілерге сес болатын «Сергек»

Тараз қаласында «Сергек» аппараттық бағдарламалық кешені қосылатыны туралы ақпарат өткен жылы тарап үлгерген еді. Бейнебақылау жүйесінің нақты қашан іске қосылатыны туралы ел арасында сан түрлі қауесет те жүрді. Халық «Сергекті» алаңдай күткен еді...

**Табиғат МҰСЫЛМАНҚҰЛ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Сөйткен «Сергек» Тараз қаласында 16 қаңтар күні ресми түрде іске қосылды. Аппараттық бағдарламалық кешен іске қосылған алғашқы күннің өзінде қазынаға 2 млн теңге түсірген.

Еліміздегі айлық табысы аз қаланың тұрғындары қалтаға қол салған, қол салғанда мол салған бейнебақылау жүйесі жүйкемізді жұқартты дегенді алға тартып отыр. Ал полиция департаментіндегі жауапты мамандардың жұрт назына қатысты өз айтары бар.

«Облыстық полиция департаменті тесттік режимнің аяқталуына байланысты 2023 жылдың 16 қаңтарынан бастап облыс орталығында «Сергек» қоғамдық және жол қауіпсіздігі жүйесі іске қосылғанын хабарлайды. Бүгінде 48 аппараттық бағдарламалық кешен (35-і – желілік учаскеде және 13-і – қиылыстарда) қаланың жол қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Жүйе жылдамдықты асыру, бағдарламаны тыйым салған белгісіне өтіп кету, жол белгілерін сақтамау (тоқтау сызығын басу, қиылыстың алдында дұрыс орын ауыстырмау, тыйым салынған жерде тоқтау және тұрақтау) секілді жол ережелерінің бұзылуын тіркейді. Тәжірибе көрсеткендей, жол-көлік апаттары көбінесе жүргізушілердің

жылдамдықты шамадан тыс асыру, бағдарламға тоқтамау, жол қиылысынан дұрыс өтпеу салдарынан болады. Осы орайда «Сергек» интеллектуалды қоғамдық және жол қауіпсіздігі жүйесі автокөлік апаты салдарынан жаракат алу және өлім көрсеткіштерін азайтуға, апаттарды алдын алатын негізгі жол ережелерін сақтауға көзделген жүйе екенін атап өткен жөн», дейді облыстық полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының өкілі Нұрсұлтан Әлішев.

Астанада жоба іске қосылған бірінші жылдың өзінде жол-көлік оқиғасынан қаза болғандар саны 43%-ға дейін азайған екен. Алматыда 2019-2022 жылдары қайтыс болғандар саны екі есеге төмендеген. Шымкентте де жағдай өзгерген.

«Жүйені орнатудағы басты мақсат – Тараз қаласындағы қауіпсіздікті күшейту. Бұл автокөлік жүргізушілердің санын өзгертіп, көлік жүргізу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді», дейді Нұрсұлтан Әлішев.

Әкімшілік полиция бөлім басшысы Н.Әлішевтің айтуынша, жол қозғалысы ережелерін бұзу деректерін тіркеу автоматтық режимде жүргізіліп, бұл мәліметтер полиция қызметкері тексергеннен кейін құқық бұзушыға жіберіледі. «Барлық ереже бұзу жағдайлары Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің әкімшілік өндірістердің бірың-



ғай тізілімінде автоматты түрде тіркеледі. Хаттамаларды ЭЦҚ көмегімен e-gar-public.kg.kz және egov.kz сайттарынан, сондай-ақ Каспи банктің мобильді қосымшасындағы мемлекеттік қызметтер бөлімінде жүктеуге болады. Ал егер қала тұрғыны аппараттық-бағдарламалық кешенде тіркелген құқық бұзушылықтармен келіспесе, нұсқамада көрсетілген телефон нөмірін қоңырау шалады», дейді Н.Әлішев.

Өйткенмен, аппараттық бағдарламалық кешеннің қосылғанына наразылар да аз емес. Олар жергілікті халықтың табысының аздығын алға тартып, айыппұл төлеудің қиындығын айтып отыр. Айтуларынаша, әлеуметтік теңсіздік онсыз да қос бүйірден қысқан шақта «Сергектен» келген айыппұлды төлеу оңайға соқпайды.

«Қалада «Сергек» аппараттық кешенін әр жерге бір орналастырып жатыр. Жамбыл халқының басым бөлігі 60-80 мың теңге көлемінде ғана жала-

қы алады. Соған қарамастан табысымыз Астанадағыдай деп ойлап, аталған бақылау жүйесін қосып жатыр. Кешен арқылы бір тәулікте 2 млн теңге айыппұл жиналыпты. Қалада такси болып әуірімдеп нәпақа тауып, күнін әрең көріп жүргендер бар. Олар қалай айыппұл төлемек?» дейді Тараз қаласының тұрғыны Күмісбек Оңдәбаев өз ойымен бөлісіп.

Жергілікті көлік жүргізушілер ауыл-аймақтан келетін туыстары қаланы дұрыс білмейтіндіктен «Сергек» аппараттық бағдарламалық кешенін әлі талай уақыт бойы айыппұлмен жарылқайтынны айтып күйініп отыр. Өйткенмен, бейнебақылау жүйесі ресми түрде іске қосылды. Енді көлік жүргізушілер сауысқанай сақ болмаса, айыппұл төлегені төлеу. Өйткені қаланың 48 жерінде орналасқан бейнебақылау жүйесі әрбір заңсыздықты қалт жібермейді.

**Жамбыл облысы**

ЕЛДІК ІС

## Қанатқақты жоба – Атырауда

«Құқықтық көмек» қанатқақты жобасының заңгерлері Атырау облысына арнайы барып, өңір тұрғындарын толғандырған мәселелерге құлақ түрді.

**Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Айта кетейік, «Құқықтық көмек» – «Аманат» партиясының мұрындық болуымен іске қосылған жоба. Ауыл, ауданда тұратын қарапайым халықтың құқығын қорғайтын жоба шеңберінде белгілі құқық қорғаушы Абзал Құспан бастаған бір топ заңгер жақында Атырау облысында болды. Олар сотта және тағы басқа жағдайда талап-арыз толтыру, өкілеттік ету, өзін қорғау мәселелері бойынша Исатай, Индер, Мақат, Жылыой аудандары мен Атырау қаласында азаматтарға кеңес берді.

Қабылдауға келген азаматтарды тұрғын-үйді жекешелендіру, жеке сот орындаушыларының қызметі, еңбек даулары, алимент төлеу мәселелері толғандырады. Жалпы, заңгерлер 100-ден астам адам қабылдады.

«Аманат» партиясы ақпан айынан жаңа жоба ең алдымен ауыл тұрғындарына құқықтық көмек көрсетуге арналып отыр. Жасыратыны жоқ, құқықтық сипаттағы мәселені шешу кезінде қала тұрғындары көп мүмкіндікке ие. Ал ауыл тұрғындарының сапалы құқықтық көмек алуға деген мүмкіндігі ұдайы бола бермейді. Сондықтан бұл партиялық жобаның мәні мен маңызы ерекше», деді Абзал Құспан.

Ол сондай-ақ аталған бастама тұрғындар жиі ұшырасатын заңдағы қарама-қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік беретінін жеткізді. Мәселен, бір топ азамат заңгерлерге 2020 жылы Атырау мұнай өңдеу зауытында қызмет етіп жүрген кезде заңсыз қысқартуға ұшырағандарын жеткізді.

Өз мәселесін айта келген

тұрғынның бірі ұзақ уақыт бойы құздырылған табылдығын тоздырып жүр. Себебі оның атына іс жүзінде ол иелік етпейтін автокөлік ресімделіпті.

Бір топ әйел пәтерлерді жекешелендіру кезінде пайда болған мәселелер бойынша шағым айтты. Олардың айтуынша, тұруға жарамсыз ескі үйлер берілген. Жалға берілген пәтерлерде өмір сүру мүмкін емес. Ал үй ішін өз бетінше қалыпқа келтіріп, жөндеу жұмысын жүргізу үшін олар осы пәтерлерді жекешелендіргісі келеді.

«Шалғайдағы елді мекен тұрғындары үшін бұл жобаның пайдасы көп. Бізге облыс орталығына барып, маман іздеудің қажеті жоқ. «Аманат» партиясының ұйымдастыруымен білікті маман бізге өзі келіп, қажетті кеңес берді», деп атап өтті өңір тұрғыны Гүлнар Жұмағұлова.

Өз кезегінде, заңгерлер әрбір өтінішті мұқият қарап, құжаттармен танысып, әрі қарай қалай әрекет ету керек екені жөнінде кеңес берді.

Келіп түскен сауалдарды ескере отырып, келешекте жұмысты WhatsApp-тағы автоматтандырылған чат-бот арқылы онлайн режимде жүргізу жоспарланып отыр. Бот 2000-нан астам заңгер тіркелген заң бағу мобильді қосымшасының адвокат базасымен өзара әрекеттеседі. Сөйтіп, партия сапалы қызметтерге қол жеткізе алмайтын отандастарымыздың құқығын цифрландырудың көмегімен қорғауды көздеп отыр.

Атырау облысында қанатқақты режимде бастау алған «Аманат» партиясының «Құқықтық көмек» жобасы еліміздің барлық өңірінде жалғасады.

**Атырау облысы**

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ

# Әлемге танылған тұлға

XX ғасырдың басында Алаш ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері саяси сахнаға шықты. Алайда олар кеңес өкіметінің орнауымен әртүрлі жағдайға ұшырады, жер аударылды, тұтқындалды, атылды. Ал Мұстафа Шоқай ғұмырының 20 жылдан астамын әділеттік пен заңдылықты қатаң ұстанған Францияда, шетелде өткізуге мәжбүр болды.

### Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі

Сыр еліне танымал әулеттің отбасында дүниеге келген, туасы зерек Мұстафа ауылда төрт жылдық медресені екі жылда бітіреді. Орыс коньсы аударушылары мен Ресей патшасының жергілікті шенеуніктері Шоқайдың кірпіштен салынған үйін ақысыз-пұлсыз иеленіп, егістік жерін тартып алады. Осыдан кейін Шоқай баласының өз құқығын өзі қорғай алуы үшін әрі қарай орысша оқығанын қалайды. Мұстафа 1899 жылы үш жылдық Перовск училищесіне түсіп, оны 1902 жылы аяқтайды да, оқуын Ташкенттің ерлер гимназиясына жалғастырады. Орысша сауатын жап-жақсы жетілдіре түсіп, қоғамдық өмірге араласа бастайды. Түркістан өлкесінің орталығы Ташкентке жан-жақтан келген кісілердің өтініш-арыздарын шешуге қатыса отырып, жергілікті әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы әлеуметтік теңсіздікті көзімен көріп, жүрегімен сезеді. 1910 жылы оқуды аяқтағанда өзіне тиісті алтын медальді генерал-губернатор А.Самсоновтың баласы Запреметовке беруді де албырт көңілге қаю салады.

Мұстафа Шоқай өмірінде Петербург университетінің заң факультетінде оқуы ерекше маңызға ие болды. Ең алдымен, берісі Ресейдің, арысы Еуропаның білімі мен ғылымынан хабардар болып, алғырлық қабілетімен сол кездегі орыс қауымындағы демократиялық үрдісті бойына сіңірді. Осы кезең туралы 1933 жылы «Есімдігілерім... (Ресейдегі түркі студенттер өмірінен)» атты мақалада былай деп жазылған еді: «Мен Ресейдің реакция жайлаған, ерекше оқу орындары, әсіресе университеттер тікелей полицияның бақылауына алынған 1910-1914 жылдары Петербуртке оқып жүрген болатынмын. Жағдайдың сондайлығына қарамастан, біз, студенттер, саяси бой көрсетулерге шығатынбыз. Үкіметке қарсы шешімдер қабылдап, көшелерде демонстрациялар жасайтынбыз». Осылай университетте жүргенде-ақ қоғамдық өмірге белсенді араласып, өзінің саяси бағытын ұштай түскен болатын.

Мұстафа Шоқайдың саяси-әлеуметтік көзқарасының қалыптасуында Орталықтағы Ресей мұсылмандары қоғамдық ұйымдарының жұмысына тартылуы, жолығып тұрған, кейде қызметтес болған Алаш ардақтарының рөлі жоғары болды. Әсіресе 1905 жылдан бастап қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын басқарған, Мемлекеттік думаның мүшесі, «Алаш» партиясының негізін қалаған, кейінгі Алашорда үкіметінің басшысы Әліхан Бөкейханның саяси ықпалы ертерек басталған көрінеді. 1939 жылдары сонау гимназияда оқып жүргенде естіген ұстаз сөзін былайша еске алған еді: «Ұлтқа пайдалы адам болғының келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттан өзі-ақ көрсетіп береді».

Әліхан Бөкейханның ұсынысымен Мұстафа Шоқайдың 1916 жылы 10 тамызда Мемлекеттік дума және үкіметтің тыңдауына Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысын патша үкіметінің қатыгездікпен басқаны туралы арнайы материал жинау мақсатымен құрылған комиссияның аудармашысы, хатшысы және маман-зерттеушісі ретінде Түркістан өлкесінде болуы, оны думаның Мұсылмандар фракциясының Кеңесші бюросында қызметке ежелген болатын.

Жинақтай айтқанда, Ресей орталығындағы бас-аяғы 6-7 жылға созылған уақыт Мұстафа Шоқайдың нағыз саяси университетіне айналды. Бұған дәлел ретінде оның 1917 жылы сәуірдің басында Петербургтен кетер алдында өзіне бұрыннан таныс, сол тұста бүкіл Ресей ауқымында маңызды рөл атқарған Петербург жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің төрағасы

Николай Семенович Чхеидземен кездескендегі әңгіме тақырыбына тоқтай кетейік. Мұстафа Шоқай Түркістан автономиясын құруға әзірлік жасап жатқанын айтады. Бұл сөзден шыншынған Чхеидзе автономия елді дереу дербестікке, бөлінуге апаратынын айтқанда, Мұстафа Шоқай орыс революцияшы демократиясы ұлттардың бостандығы туралы талай жылдан бері көтерген ұранына берік болса, бөлінуден қорқудың реті жоқ екенін жеткізеді. Бұл, біріншіден, Алаш ұлт-азаттық қозғалысының автономия үшін күресінің басталғанын көрсетсе, екінші жағынан, сол кездегі Ресейдің биік лауазымындағы кісімен осылай сөйлесе алуы Мұстафа Шоқайдың саяси өресін, шынайы қайраткерлік болмысын танытып еді.

Ал сан салалы саяси қызмет пен жергілікті халық өкілдерін ұйымдастыра білу нәтижесінде орнаған, өзі басшысы болған Түркістан мұқтарияты Мұстафа Шоқайдың эмиграцияға кетер алдындағы алғашқы саяси шыны, көтерілген биігі болатын. Алайда саяси сипаты жағынан Орта Азиядағы тұңғыш мемлекет 64 күн ғана өмір сүрді. Кеңес өкіметі оны құлатты, Қоканды қанды қырғынға айналдырды. Ал басына 1000 сом бәйге жарияланған Мұстафа Шоқай шетелге кетуге мәжбүр болды.


### Мұсылман эмигранттарының көшбасшысы

Тағдыр Мұстафа Шоқайға жарты ғасырдан астам өмір сыйлады. Оның 20 жылдан астамын эмигранттардың екінші отаны санаған Францияда өткізді. Осында сан салалы саяси қызметімен, ерекше қажыр-қайратымен, бірнеше тілде жазылған, сан тақырыпты қамтыған шығармашылық мол мұрасымен отандық эмиграциялық қызметтің тұңғыш жарқын беттері жазылды, ірі қайраткер санатында әлемге танылды.

Осы жылдары арнайы құрылған саяси ұйымы, саяси партиясы жоқтығына қарамай, Мұстафа Шоқай кең мағыналы күреске шығып, Түркістандағы озбыр кеңестік саясатты барынша көрсете білді. Бұл қарқынға «Яш Түркістан» айрықша шабыт қосқан болатын. Журналдың тоғыз жылдығына арналған мақаласында: «Еуропа елдерінің кеңпейілділігін пайдаланып шығарып келе жатқан осы бір ұлттық басылымды өзіміздің тәуелсіз Түркістанымызда шығаруымыз керек еді. Онда біз өзімізді қазіргідей әлдеқайда бақытырақ сезінер едік» деп жазды.

Мұстафа Шоқай эмиграцияда Түркістан ұлт-азаттық күрестің мақсатын қайта қарады. 1923 жылы Париждегі «Orient Occident» журналында жарық көрген тұңғыш француз тілінде жазылған «Ресей саясаты және Түркістан ұлттық қозғалысы» деген мақаласында Түркістанның автономияға қатысты бағдарламасын ұлттық тәуелсіздік бағдарламасына ауыстыру керек екенін түсіндірді. Бұл идея кейін заңды жалғасын тапты. 1929 жылғы «Яш Түркістан» журналының бірінші санында жарияланған «Біздің жол» атты мақаласында Мұстафа Шоқай: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды» деп алдағы мақсатты өзгеше айқындаған еді.

Саяси қызметті жемісті жүргізу үшін Мұстафа Шоқайға ең бірінші орыс отаршылдығына қарсы күрестің стратегиясының құрамды бөлігі деп санаған Батыс елдерінің кеңестік кезіндегі Түркістан мәселесін қандай дәрежеде білетіндігі мен түсінігі қажет-тұғын. Осы мақсатта Ыстамбұл, Париж, Берлин, Варшава, т.б. қалалардың үнін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды» деп алдағы мақсатты өзгеше айқындаған еді.



жариялады. Осы мақсатта 1924 жылдан 1933 жыл аралығында Лондонда алты-жеті рет болды. Корольдік Халықаралық қатынастар институтында жасаған баяндамасына институт кеңесінің төрағасы Н.Малькольм былайша алғыс білдіреді: «Құрметті Корольдік Халықаралық қатынастар институты кеңесінің аттанып алғысымыз білдіреміз. Институтқа көрсеткен қызметіңіз сіздің тарапыңыздан үлкен ізгілікті іс болды. Сөйлеген сөзіңізге тыңдағандар шын ықылас қойып, риза болды». Бұл институтта баяндама жасау құрметі кез келген шетелдік ғалымның пешенесіне жазыла бермеген еді, ол Мұстафа Шоқайдың халықаралық өмірдің сұңғыла сарапшысы ретінде танылуымен байланысты болды.

Мұстафа Шоқай елден жеткен материалдарға ғылыми тұрғыдан талдау жасап, баға беріп, кеңестану бағытын жана интеллектуалдық көзқарасқа көтерді. Әлемге танылған тұлға шығармаларының он екі томдық толық жинағындағы мыңға тарта түрлі мақала мен мәтінді кеңестік жүйенің Түркістандағы ұлттық саясатын жан-жақты әрі барынша терең сынады.

Кеңестік шындықты Алаштың елдегі басылылары да білді, алайда қатаң цензура, жіті бақылау олардың ашық айтуына мүмкіндік берген жоқ, жазағандарын жергілікті басылымдарда жариялап пады. Ал әлдеқалай халқына деген сүйіспеншілікпен айтқан ой-пікірлері үшін жала жабылып, ақыры 1930 жылдары қайғылы жағдайға ұшырады.

Тәуелсіздік үшін күрестің қажеттілігін әлемдік деңгейде жариялап қана қоймай, Мұстафа Шоқай оған жетудің жолдары мен амалдарын саралады. Ол ең алдымен түркістандықтардың ішкі бірлігін нығайтуды аса маңызды іс деп санады. Сонымен қатар сұңғылы стратег, тамаша тактик ұлт жауының күшті екенін, сондықтан Түркістан ұлттық ұйымының бір мәнділігі басқа халықтардың ұлттық орталықтарымен тығыз байланыс жасау мәселесін қарастырды. Мұстафа «Алған бағытымыз айқын болсын» атты мақаласында: «Тек өз күшіміздің азық ететіні көзге көрініп тұрған ақиқат. Сондықтан біз өзімізбен тағдырлас және өзіміз сияқты ұлттық тәуелсіздікке ұмтылып отырған халықтармен тізе қосып, күш біріктірудің жолдарын іздестіруіміз лазым» деп жазды. Осы мақсаттағы ізденіс Мұстафа Шоқайды Әзербайжан, Дон, Карелия, Грузия, Волга бойы, Қырым, Кубань, Солтүстік Кавказ, Түркістан, Украинаның және басқалардың өкілдері кірген «Прометей» (Ресейдің езгісіндегі халықтар лигасы) халықаралық ұйымында қызмет етуге әкелді. Бұл ойлар ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған барлық халықтың тізе қосып, күш біріктіруін қалаған, олардың ұлтын, дінін, нәсілін, партиясын терген-тектемейік, алапаламайық, тек осындай жол ғана бізді ұлттық азаттыққа жеткізе алады деген тамаша идеядан туған еді. Шынына келгенде, бұл идея тәуелсіз елдер үшін де өміршен екендігін бүгінгі күн көрсетіп отыр.

Мұстафа Шоқайдың саяси-әлеуметтік болмысын оның жарық көрген барлығы үшін жүздей хатты қамтыған эпистолярлық мұрасыңыз толық түсіну қиын. Бұл хаттар түгел емес. Олардың мазмұны

біразының қолды болғанын, оған арнайы мекемелердің араласқанын байқатады. 100-ге тарта әртүрлі елдегі, әртүрлі ұлттың өкілдерімен, саяси қайраткерлерімен, ғалымдарымен қарым-қатынасының нәтижесінде болған осы хаттар мазмұны Мұстафа Шоқайды эмиграциядағы мұсылман эмигранттарының көшбасшысы болғанын көрсетсе, мұны Әзербайжанның саяси қайраткері, «Прометей» ұйымы басшыларының бірі Мұстафа Векли (Мустафа-бек Надир-ага оғлы Веклиев) 1938 жылғы 17 мамырдағы хатындағы: «Біздің ұлттық күштерімізді біріктіру туралы мәселеде сіздің көмегіңіз бен қолдауыңызды күтемін. Себебі біздің ісімізге сіздің жаңыныңыз аштығының білемін» деген сөздер дәлелдеп тұр.

### Жалынды публицист, тамаша тарихшы

Алаш ұлт азаттық қозғалысы жетекшілерінің кез келгеніне ерекше қайраткерлік қасиетпен бірге шығармашылық қуат та кем берілмеген. Медальдің екі жағындай ажырағысыз бұл дүние Мұстафа Шоқайға да тән. Ол 1921 жылдың мамырында Францияға жетіп, Парижде орналасқаннан соң берісі Түркістан, арысы бүкіл түркі халқының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрес алаңын іздеді. Енді ойдың күшіне, қаламның ұшына сенді.

Өзінің журналистік жолын сонау Ташкентте 1917 жылдың маусымында шығып, бірақ бір жылдан соң 1918 жылдың сәуір айының ортасында жабылған «Бірлік туы» газетінің негізін қалауы әрі редакторы болудан бастауы, Түркістан өлкесі мұсылмандары ұлттық орталығының бастамасымен 1917 жылдың сәуір айынан бастап шыққан «Улуг Түркістан» газетінің редакция алқасында болуы, басылымдардың жұмысына белсене араласуы Мұстафа Шоқайдың ұйымдастырушылық қабілетін, журналистік шеберлігін танытатын алғашқы қадамдар еді. Газет беттерінде түркі халықтарының бірлігі, жаңадан орнаған кеңес өкіметінің отаршылдық саясаты, жер, ұлт азаттығы мен бостандығы мәселелеріне байланысты бірнеше мақаласы жарық көрді. Егер «Бірлік туы» газетінің 1917 жылы 4 шілдедегі санында 1917 жылдың 1-12 мамыр аралығында өткен бүкіл Ресей мұсылмандары жиналысынан туған ойларын қорытқан болса, 1917 жылғы 8 қарашадағы осы газеттің №14 санында жарық көрген Міржақып Дулатұлымен кеуейі қол қойған «Алаш ұранды қазаққа!» атты мақаласында Түркістан аймағындағы босқан қазақ-қырғыздардың жағдайына тоқталып, олардың мың-мыңдап қырылуы мен босқынға айналуы, халықтың топ-тобымен Қытайға көшкендігі туралы айтылды. Журналистік тәжірибе 1919 жылдың наурызы мен 1921 жылдың ақпаны аралығында Грузия демократиялық республикасында болғанда жетіле түсті. Жергілікті бірнеше басылымға белсенді қатысып, өзі де газет-журнал шығарып, осы уақытта 60-тай мақаласы жарық көрді. Ал Францияға жетіп, Парижде орналасқан соң қайсар қайраткер, жалынды публицист өзі сонау Петербургтен жақсы танып кешегі Ресейдегі Уақытша үкіметтің басшылары, Париждегі эмигранттар А.Ф.Керенский мен П.Н.Миллюковтың басылымдарына араласа бастайды. Осында 1925 жылға дейін жарияланған 150

мақаласынан хабардар болған кеңес көсемі И.В.Сталин 1925 жылдың 29 мамырында РК(б) Пи Күргөз өлкелік комитетінің Бюро мүшелеріне «ақтүркияшыл баспасөзге мәлім Шоқай» туралы арнайы хат жазғаны белгілі.

Түркістан ұлттық бірлігі ұйымының саяси белсенділігін арттыру Ыстамбұлдағы «Йени Түркістан» журналымен қатар Еуропада жаңа басылымды қажет етті. Оны ұйымдастыруға байланысты Польша мемлекеті өкілдерімен біраз жұмыс жүргізді. Мұны Мұстафа Шоқай хаттарынан байқауға болады. Сонымен қажырлы еңбектің нәтижесінде, 1929 жылдың желтоқсанында Берлинде «Яш Түркістан» («Yas Turkistan») журналының алғашқы саны жарық көрді. Мұстафа Шоқайдың шығармашылық жұмысына ерекше қарқын берген бұл журналда 1939 жылдың тамызына дейін 224 мақала жарық көрді. Бұл жарияланымдарда Ресей өкіметінің отарлау саясаты, осыдан туындаған проблемалар: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері, Алаш қозғалысы, Түркістан мұқтарияты, басмашылар көтерілісі, т.б. ұлттық аймақтардағы озбыр да өрескел әрекеттер қатаң әшкереленді.

Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы ерекше жұмысының бірі Францияның ресми тілін жете меңгеруі-тұғын. Осы тілде 130-дан астам мақала жазды. 1924-1933 жылдары Ұлыбританияда оқылған баяндамаларын да осы тілде жасауы жайдан-жай емес.

Энциклопедиялық білімдар, тамаша тарихшы Мұстафа Шоқай шығармашылығының 1920 жылдардан бастау алып, ал 1930 жылдан кейін ерекше көңіл бөлген өзекті тақырыптарының бірі халықаралық мәселелер болды. Негізінен орыс, француз, ағылшын, неміс, поляк және түрік-шағатай тілдерінде жазылған 150-дей мақаласында Англия, АҚШ, Аустрия, Германия, Италия, Жапония, Қытай, Польша, Палестина, Франция, Чехославакия, Шығыс Түркістан, т.б. елдердің сыртқы саясатына, жалпы халықаралық өмірдің өзекті мәселелеріне, ел ішіндегі экономикалық дағдарысқа саяси сараптана жасалған. Оның Екінші дүниежүзілік соғыс алдындағы әлемдік саясатты жіті қадағалап отырғаны ерекше байқалады. Бір ескертін нәрсе – халықаралық тақырыптың қайсысына қалам тартса да Мұстафа Шоқай туған елі, Түркістан өнірін өсте есінен шығармайды, бар мәселені осының маңына топтастырады. 1932 жылы жарық көрген «Қиыр Шығыста» атты мақаласында «Біз мейлі Қиыр Шығыста болсын, мейлі басқа бір жақта болсын, қашан да Ресейдің беруді күтпейміз» деп жазуы тегіннен-тегін емес.

### Кемел ой иесі

Мұстафа Шоқай Еуропаның нақ ортасы – Францияда түркі тектес эмигранттардың кемел көсемі ғана емес, түйінді сөздің шешені де болған еді. Ұлы тұлғаның кеңес өкіметінің ұлттық саясаты, Түркістанның азаттығы үшін күрес, тәуелсіздіктің мәні мен мазмұны, оған жетудің амалдары мен жолдары, ұлттық мемлекет құру, қоғамдағы саяси қайраткерлер мен зиялы қауымның орны, оларға қойылатын талап-тілектер, т.б. саяси-әлеуметтік мәселелерді сөз еткен ой-тұжырымы мен нақыл сөздері бұған нақты дәлел бола алады.

Мұстафа Шоқай «Большевизм – түрікшілдіктің жауы» атты мақаласында «Яш Түркістан» журналының оқушылары Мәскеудің Түркістандағы ұлттық саясатының қандай екенін жақсы білетінін ескерте келе былай деді: «Большевиктер атамекеніміз Түркістанда ұлттымыздың өзіне тән рухани әлемін суалтып, оның орнына орыс пролетариатының рухын орнатпақ болды». Осындай себептерден кеңес үкіметі тепкісіндегі халықтардың арасында толассыз бас көтеріп келе жатқан бір халық болса, ол – біздің түркістандықтар екеніне шүбә болмауы керектігін де атап көрсете отырып: «Оған себеп – Түркістандағы орыс большевиктерінің әдеттен тыс езуі мен қанауы, қатыгездігі болып отыр. Түркістан орыс большевиктерінің желкелеген саясатына ғана қарсы күресіп жатқан жоқ, «орыс

пролетарлары билігінің» тұтас жүйесіне қарсы күресіп келеді» деді.

Кеңес өкіметі Түркістанда өздері құрған республикалардың түрі – ұлттық, мазмұны – пролетарлық десе, Түркістанның тәуелсіздігі үшін күрестің басты мақсатын Мұстафа Шоқай: «Ал біздің мұратымыз – Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны ағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» деп айқындады.

Түркістанның ұлт-азаттығы қозғалысының стратегиясы мен тактикасын жан-жақты қарастырған Мұстафа Шоқай қолға тиген тәуелсіздікті тұғырлы етуге аса қажетті ұлттық қасиеттерді сақтай, оны дамыта білуге қатаң талаптар қойды. «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп-дамыды, жеміс береді» деп жазды. Мұнда қаншама ой, қаншама өсиет жатыр. Өкінішке орай, мыңдаған жылдар ата-бабамыз күш-жігерін, тіптен ғұмырларын да құрбан етіп, қол жеткізген Тәуелсіздікті күнделікті өмірде тиісінше қадірлей, қастерлей, мақтаныш ете алмай жүрген ұлттық рухсыз жандар бүгін ортамызда аз емес.

Ұлттық рух шынайы ұлтшылдық үдерісінде қалыптасатынын жақсы білген Мұстафа Шоқай халқымыздың мәдени және рухани саладағы жетістіктерінің барлығы ұлтшылдық қозғалысына тән деп есептеді. «Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан. Жеңілес ұлтшылдық» атты еңбегінде: «Халқымыздың мәдени және рухани жақтан қол жеткізген жетістіктерінің бәрі тек ұлтшылдық қозғалысына тән. ...Қанқұмар коммунистер халқымызға хайуандық пен зұлымдық істей отырып, ұлтшылдық идеясына қос кештіре алар ма? Егер кімде-кім бұл өлмес идеяны Мәскеудің күнде өзгеріп тұратын түсі сияқты деп білсе, сөзсіз қателескен болар еді. Ол – халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлттымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді» деді.

Бүкіл түркі жұртының ардақты перзенті сонау 1923 жылы тәуелсіздікке қол жеткізген туысқан Түркия елін үлгі тұтып: «Батыс білімін» «Шығыс рухымен» ұштастыру үстіндегі Түркия тәжірибесі біз үшін аса құнды. Біздіңше, дүние тарихында бұрынсоңды көтерілмеген жетістіктердің түпкі себептері – Түркия ұлттық күштерінің Еуропа тәрбиесін алған түркі зиялылары мен шығыс зерделі зиялылары түркі менталитетін (Mentalitet) сәтіммен істігістері алуында жатыр».

Бұл ойлар бүгінгі күні біз үшін де маңызды. Батысқа көбірек көңіл бөліп, Шығысты қаға беріс қалдыру – толыққанды тірлік емес. Осы сәтте жүрегі елім, Түркістаным, сүйікті халқым деп соғып, тарихи, ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып, Шығыс пен Батыстың білім-ілімін қос қанат еткен Мұстафа Шоқай әлем айдынына еркін жүзді. Ал 1936 жылы Берлин радиосынан Түркістан жастарына арнаған сөзінде: «Түркістан үшін олу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат ауыфа болмақ. Мұны ұмытпау керек» деген сөздер мәңгілік ұстаным болып қалды.

Тәуелсіз ұлттық мемлекеттіліктің жалынды жаршысы және тамаша ұлттық идеялардың иесі, энциклопедиялық білімдар Мұстафа Шоқайдың асақар арманы орындалды. Алайда осы кезге дейін Мұстафа Шоқайдың бірнеше тілде жазылған 700-ден астам еңбегі әлі өз елінің мемлекеттік тіліне аударылған жоқ. Артында қалған осындай әлі де зерттей, игере түсуді қажет ететін мәңгі өлмейтін идеялары мен ой-пікірлері Қазақстанның бүгінгі байытып, келешегін кемелдендіре түсеріне игі ықпал етері сөзсіз.

**Әбдіжәлел БӘКІР,**  
саяси ғылымдар докторы,  
Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
профессоры, Мұстафа Шоқай  
ғылыми орталығының  
жетекшісі



ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

# Көшекқали сұлтан

Кейінгі жылдары қазақ тарихын, оның ақтаңдақ беттерін ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеулер көптеп жазылып жүр. «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен тұлғалар тарихын саралау жаңа беле-ске көтерілді. Ал бүгін Әбілқайыр ханның шөбересі, Нұралы ханның немересі, Шығай сұлтанның ұлы Көшекқалидың өмір жолы мен оның ұрпақтарына тоқталмақпыз.

Алдымен, сөздің басын аз-кем Шығай әулетіне бұрсак. Шығай сұлтан Бөкей хан қайтыс болғаннан кейін 8 жыл Ішкі Қазақ ордасына басшылық етті. Оның ұлдарының барлығы да тегіне тартып, шетінен өжет болды. Ат жалын тартып мінгеннен ел басқару ісіне белсе-не араласты. Үлкені Өтебәлі 1825 жылы әкесі басшылық жасаған қызылқұрт руына рубасылыққа тағайындалды. Оның ізін ала табын руына – Хансұлтан, кете руына – Тоғым, тана руына – Мірхайдар, алаша руына – Қайыққали, ноғай-казакқа – Дәулеткерей және Жакып, Жүсіп, Көшекқалилар бас-шы болды.

Орда мен Орынборда ел басқа-руға араласқан Көшекқали Шығав ноғай-қазақ шежіресін, әлем тари-хын жетік білген, кадет корпусы-нан суропа мен шығыстың бірнеше тілін үйреніп шыққан білімді бо-латын. Соның ішінде орыс тілінің мәнері мен байлығы шебер кол-дануы талайды таңғалдырған.

Шекара комиссиясының бұ-рынғы төрағасы Ладженский: «Көшекқалидай орыс тіліне жетік адам осы елде орыс пен қазақ ішінде санаулы», деген. Көшек-қалидың орыс тіліне шеберлі-гін 1844 жылдың қараша айы-нда Ордаға келген тарихшы барон Ф.Бюллер де байқапты. Өз қолжаз-басында: «Көшекқали Шығавпен сөйлесу қандай ғанибет, ол орысша тамаша сөйлейді», деп жазған.

Көшекқали мен інісі Мірхайдар Орынбор Неплюев кадет корпус-ын бітірді. Корпусты хорунжий шенімен үздік аяқтаған Көшек-қалиды Жәңгір хан 1834 жылы қайтыс болған ағасы Өтебәлінің орнына қызылқұрт руын бас-қаруға тағайындаған. Сол жылы желтоқсан айында оған есаул (жа-саулы) шені берілсе, 1835 жылдың 1 қыркүйегінде Оралдың төменгі ше-карасы Ішкі Орал және Ортааралық дистанциялары бойынша Орданың депутаты болып бекітілді.

Жәңгір 1840 жылдың 9 қазан-ында Көшекқалиды үкіметтік марапатқа ұсынған: «Ру бас-шысы, хорунжий, сұлтан Көшек-қали Шығайұлы 1833 жылдан баста-п бүгінге дейін осы лауазымды атқарды. Тілді жетік біледі, өзіне жүктелген үкімет тапсырмаларын мұқият орындап келеді», деп полк сотнигі шешін беруді сұраған. Ол шенді 1841 жылы 11 қаңтарда алған.

Уақытша кеңес құрылған соң Көшекқали 1847 жылы Орынбор әскери губернаторының өкімімен Орда басқарушысының іс-қағаз-дарын жүргізді. Ханның кезінде де, Уақытша үкімет тұсында да ел ішіндегі тергеу, казактар қоныс-танған жерлерді шолу жөнінен ар-найы тапсырмаларды орындады.

Көшекқали осындай сан түрлі қызметте жүріп, бір кездегі әкесі

Шығай секілді Орда билігін қолына алу ниеті де болған еді.

Қызмет бабында аталаста-рының қай-қайсынан да білімі артық сұлтан бұл ойын жүзеге асыра бастады. Әсіресе Уақыт-ша Кеңестің іс-қағаздарын жүр-гізуге тағайындалғаннан кейін Көшекқали кеңесшілер Шөкі мен Мемдігерей сұлтандарды биліктен ығыстыруға күш салған.

Көшекқалидың шағыстыруына шыдамаған Жәңгірдің ағайындары жоғары жаққа хабарлап, оның қызметін төмендетуді сұраған. Тек көнекөз Шөкі немере інісінің түртпегіне оңайлықпен көнбеген.

1848 жылы Мемлекеттік мү-лік министрлігінің бірінші де-партаменті Орынбордан Көшек-қали Шығав пен Жарас Нұралы-хановтың формуляр тізімін сұрат-қан. Генерал-губернатор екеуін Сырдария бекінісін салу кезінде әскери жүк пен азық-түлік жет-кізуге Бөкей ордасынан түйе мен ат жинаудағы сінірген еңбегін елеп, нағрадаға ұсынбақ болып, үкіметке бұған дейін жасаған қызметін білуді тапсырған екен.

Орда басшылығы Жарасқа: «63 жаста, Кіші жүз ханы Нұралы Әбілқайырұлының баласы. Ішкі Орал шебіне таяу Қамыс-Самар-да жаз жайлап, қыс қыстайды. Ордада тыныштық орнығуына жәрдемдескен өңгесімен белгілі. 1829 жылдың басындағы толқу кезінде Жайықтан өтпек елдің жо-лын кесу үшін Іргеқұмға аттанды. Шекара комиссиясынан мақтау қағаз алды», деген оң мінездеме берген.

Көшекқалиға да осындай фор-муляр жөнелтілген. Алайда олар-мен бір мезгілде хан ордасынан Орынборға басқа мазмұндағы мі-нездеме қоса жолданады. Шөкі сұлтан өз мөріні басып: «Көшекқали Шығав пен Жарас Нұралыханов сұлтандарды нағрадаға ұсыну үшін формуляр тізімдерін аттестаттай алмаймын. Өйткені біріншісі менің және ұлым Медетғалидың үстінен жалған шағым жазуға жұртты ара-ндатуда. Ал Жарас тек Орынборға дейін керуенге ілесіп барғаны бол-маса, оны жасақтауға араласқан емес», деп мәселенің мән-жайын ашып берген.

Орынбор мұрағаты құжатта-рында Көшекқалидың орыс ұлық-тары алдында бекілі жоғары бол-ғандығын айқындайтын тағы бір дерек бар.

1854 жылы Ішкі Қырғыз орда-сы басқармасы бойынша Уақыт-ша Кеңесте Мемлекеттік Мү-лік Министрлігінің кеңесшісі, Бас штаб полковнигі Иванин: «Сұлтан Көшекқали Шығав – кеңесші, Мендігерейдің тобында, ол қазақтың салт-дәстүрін жақ-сы білетін Ордадағы ең білімді сұлтанның бірі, орысша жақсы сөйлеп-жазады, орыс кітаптары

мен журналдарын жаздырып а-лады, тұрмыс салтында орыстың көп әдет-ғұрпын қолданады, сол үшін Әділ, Шөкі және Шомбал Ниязов басқарған ескі қазақ тобын жек көреді. Жалқаулығына, қазақ жайбарақаттығына қарамастан орыстармен жақындасуда және Орда қызметінде пайдалы бо-лар деп мен оны кеңесші етіп тағайындауға тырыстым», десе сол жылы Ішкі Қырғыз ордасына ар-найы тапсырмамен келіп, полков-ник Иваниннің орнында уақытша қызметте болған майор Житков та осы пікірде болған.

Көшекқалиды орысша шебер жаза білу өнері қиын-қыстау кез-де үкіметтің көрінен талай құтқар-са да, 1856 жылдың қысында «билігін асыра пайдаланды» деп қызметінен шеттетілді. Бірақ араға жылдар салып 1862 жылдың мамырында Көшекқали қызметке қайтарылып, Орданың Талов бөлігінің басқа-рушысы етіп қойылды. Ал өмірі-нің соңғы жылдары Қамыс-Самар қисымының правительі болған. Қайтып Ордаға оралуға тағдыр жазбай, осы әкімшілік бөліністе жүріп, елу жасында өмірден озып, сол маңда жерленген. Оның құл-пытасында: «Дешті Қыпшақ ханы хан Нұралының немересі Көшек-қали сұлтан Шығайұлы 1866 жылы 50 жасында уақытша өмірден мәңгі өмірге көшті», делінген.

Өлкетанушы М.Жахатовтың «Құлыптастар сөйлейді» кітабы-нда Жаңақала ауданы Жаңақол (Айдархан) ауылындағы Шәріп деген жердің – правитель жатқан қорым екендігін, сол жерде «Кө-шекқали бөгеті», «Көшек айды-ның» деген жерлер барлығын, қор-мынан 200 метрдей шығыс ба-ғытта үлкен-үлкен үйлердің орын-дары болғандығын осы жерде көп жыл қой баққан Жүзжасар Шабаков айтқан. Қамыс-Самарда Көшекқали Шығайұлы, Мұхамед-Салық Бабажанов, Салахаддин Көшекқалиұлы (халық – Салық деп атаған болуы мүмкін), Шарафеддин Көшекқалиұлы (халық – Шәріп деп атаған) сияқты адамдар Бактыге-рей Құлмановтан бұрын правитель болған.

Көшекқалидың құлыптас дерегі бойынша 1816 жылы дүниеге кел-ген. Ал өзі 1848 жылы 10 наурызда толығымен формулярлық тізімде «жасым 33-те» деп көрсеткен.

Бабалар рухына тағым – ұрпақ парызы демекші, ғасырдан ғасыр-ға құлыптасы мұқалмай жеткен Көшекқали бабасының басына 2020 жылы ұрпақтары Айбек Амангелдіұлы, Артур Мемдібай-ұлы және Бағир Өтеғалиұлы Құран бағыштап, ескерткіш-белгі ор-натты.

Қамыс-Самардағы тағы бір құлыптас – Шығайдың әйелі, Көшек правительдің анасы Жібек ханымдікі. Ол құлыптаста: «Дешті



Қаламды жасаған Қомсәби ШЕКІМБАЙ. «ЕО»

Қыпшақ ханы Нұралы хан ұлы Шығай сұлтанның зайыбы Жібек ханым Асанқызы Қарабай сұлтан немересі уақытша өмірден мәңгі өмірге көшті 78 жасында 1870 жыл» делінген.

Көшекқалидың 1848 жылғы формулярлық тізімінде оны «двов», яғни әйелі қайтыс болған деп жаза-ды. Ұлдары Салахаддин – 8 жаста, Шарафеддин – 5 жаста болған. Қайтыс болған әйелі жөнінде еш мәлімет жоқ.

Ал одан кейінгі әйелі Ханым-жан Хан қорымында жерленген. Ханымжанның құлыптасында: «Бұл жерде жатқан Көшекқали сұлтанның некелі әйелі Ханымжан Қайыпқали сұлтан қызы бақилыққа көшті 44 жасында 1874 жылы. Белгі қойған некелі күйеуі Көшек-қали сұлтан» делініп, төре таңбасы қойылған.

Ханымжанның әкесі Қайып-қали Есімов те, атасы Есім хан Нұралыханұлы да тарихта орны бар тұлғалар. Ал Көшекқалидың бөлінінің зор екендігін дүние сал-ғанына 8 жыл өтсе де құлыптаста есімінің жазылуы дәлелдеп-ақ тұр.

Көшекқалидың екі ұлы да әке жолын қуып Орынбордағы Неплюев кадет корпусында оқыды. Неплюев кадет корпусын тамамда-ған хорунжий шеніндегі Салахад-дин мен Жүсіптің баласы Сағынге-рей Шығавты Орынбор мен Самар генерал-губернаторы 1859 жылғы 14 қазандағы бұйрығымен Орда-ны басқару жөніндегі Уақытша кеңеске жіберген. Олар кеңес төр-ағасы Гериннің қарамағында іс-қағаздарын жүргізіп, тілмаштық қызмет атқаруға тиіс болған. Сала-хаддиннің өмірі мен қызметіне қа-тысты басқа дерек табылмады.

Салахаддиннен тараған ұрпақ-тар бізге Жаңақала ауданында жер-ленген қызы ғана белгілі. Оның құлыптасында: «Дешті қыпшақ ха-ны Нұралы хан ұрпағынан Көшек-қали сұлтанның немересі Бибі-Хадиса Салахаддин сұлтан қызы уақытша өмірден мәңгі өмірге

көшті 12 жасында 1880 жылы» делінген.

Бұлардан төрт жыл кейін оқу бітіріп келген Шарафеддин Орда қызметіне жиырма төрт жыл ғұ-мырын арнаған. Өуелі ағасы секілді тілмаштықтан бастаған ол бөкей-ліктің төрт бұрышы түгел қамтып: 1866-1868 жылдары Орта дистан-цияда депутат, 1870-1873 жылдары – Талов, Қамыс-Самар, 1877-1881 жылдары – Тарғын, Қалмақ, 1881-1882 жылдары Нарын қисымында басқарушы болды. Ал 1882-1885 жылдары Ордаға полицмейстер қойылып, Ресейдің нысандық кімімен сән түзеген алғашқы қазақ төртін сақшысы болды.

Шарафеддин – қырда әкім-дік қызмет атқарғанымен, әскери адам ретінде шені өскен қазақтың бірі. Неплюев кадет корпусын бітірісімен 1863 жылдың 12 мау-сымынан Орынбор желіаралық 2-батальонына прапорщик шенімен кіріскен оған бір жылдан кейін корнет атағы берілді. Бес жыл қыз-меттен кейін армия кавалериясы бойынша ығына поручик белгісін тақты. 1871 жылдың 1 шілдесінде штабс-ротмистр атанған.

Орданың барлық бөлігінде дерлік әкімдік лауазым, 1868-1870 жылдары Уақытша кеңесте кеңесші қызметтерін атқарған Шарафеддин де бір кезде атасы Шығай, аталастар Бөкей мен Жәңгір біртіндеп заңдастырған Орда шекарасын нақтылай түсуге атсалысқан.

1873 жылдың 27 наурызында казактар мен Орал қазачествосы-ның жерлерін межелеу жөніндегі үкіметтік комиссияның мүшесі ретінде төрт ай шекара белгілеуге іссапарға жіберілген. Осы еңбегі ерекше бағаланып, патша жар-лығымен Әулие Станислав орде-німен марапатталған.

1885 жылдан Қамыс-Самар бөлігінің әкімі болған Шарафеддин 1889 жылдың қаңтарында Астра-хан губерниясы бастығының бұй-рығымен отставкаға шықты. Қо-лына «қай жерде де еркін тұруына рұқсат беретін» паспорт алды. Айбек Шығав архивтен алған

құжатта 1901 жылы дүниеден оза-ды деп жазылған.

Шарафеддин ата-баба салты-мен әуелі ақсүйек тұқымынан Бажак Қасымовтың қызы Айжанға үйленгенімен, алғашқы жары жас-тай қайтыс болды. Екінші әйелі ордалық Итемген Ұрқымбаевтың қызы Қарашап. Одан 1871 жылы дүниеге келген Уәсила есімді қыз бен 1873-1888 жылдары өмір сүрген Азаматкерей және 1876 жылғы Әділгерей деген ұлдары болған. Қарашап Хан қорымында жерленген. Сонымен қоса ұрпағы Айбектің айтуы бойынша Шара-феддиннің үшінші әйелі орыс бол-ған. Әзірге ол жөнінде дерек жоқ.

Бұл күнде Орал қаласында тұ-ратын Көшекқали ұрпағы Айбек Амангелдіұлы Шығав алдағы уақытта Шарафеддин бабасының жерленген жерін нақтылап, басына белгі орнатып, қауымды ұзартып қоршамақты.

Шарафеддиннің дүниеге кел-ген уақыты нақты зерттеуді талап етеді. Себебі қолдағы бар мәлімет-тер бойынша 1848 жылы Шарафед-дин 5 жаста делінсе, дүниеге кел-ген жылы 1843 жылдың шамасы, ал Шарафеддиннің 1885 жылғы қызметі жөніндегі формулярлы тізімінде 35 жаста екендігін жазған. Бұл тізім бойынша дүниеге кел-ген жылы 1850 болады. «Қамыс-Самар – Жаңақала. Өткені мен бүгінгі» атты кітаптың I томында Шарафеддин 1846 жылы туған де-ген дерек келтірілген.

Бұл сұлтанның бейнесі мен тұл-ғасын толық көрсету әлі де жан-жақты ізденіп, зерттеуді қажет етеді. Сондықтан мақалада келтірілген мәліметтер мен болжамдарға қосымша деректер табылып, түзе-тіліп, толықтырылып жатса, күніл-гері ризашылығымызды білдіреміз.

### Лаура МҰСАҒАЛИЕВА,

Хан ордасы тарихи-мәдени, архитектуралық-этнография-лық музей-қорығы қызметкері

Батыс Қазақстан облысы

### БІР ӘННІҢ ТАРИХЫ

# «Рахмет саған, туған ел» қалай жазылды?

Елі ерке ақын атап кеткен Нарша Қашағанұлының бақилық болғанына да біраз жылдың жүзі болды. «Елде тұрам» деп жырлаған ақынның «Ауыл ғана ауыспайтын астана» деген тіркесін таластық жерлестері аузынан тастамай айтып жүреді.

### Табиғат МҰСЫЛМАНҚҰЛ, «Egemen Qazaqstan»

Нарша туралы әңгіме қозғала қалса, белгілі композитор Әуезхан Салабековтің шығармалары туралы айтылау мүмкін емес. Ақын мен композитор тандемінен туған бірнеше ән жергілікті халықтың жүрегінде орын тапса, әйгілі «Музарт» тобы орындаған «Рахмет саған, туған ел», белгілі әнші Асқар Жүнісбеков шырқаған «Хат жазып тұр» әндерін күллі қазақ халқы сүйсініп тыңдады. Есті әндер әлі күнге дейін ескірген жоқ. Өйткені сазы мен сөзі үйлескен туындының өлмейді.

Нарша Қашағанұлы мен Әуезхан Салабеков шығармашылығын тоғыстырған «Рахмет саған, туған ел» әні жұртты бірден баурап алды. Ауылға деген сағынышты сөз сайын арттыра түсетін туын-дыны, расында да төбіренбей тыңдау мүмкін емес.

«Қасиеттім, киелім,

*Жаралған сенен сүйегім.  
Арқардай ауып жүргенде,  
Арқамды саған сүйедім,  
Рахмет саған, туған ел»,*

деп келетін әннің қайырмасының өзі адам бойындағы сезім пернелерін деп басаты-ны даусыз. Осылайша, жаныңды баурай түсетін ән кімді де болсын бейжай қал-дырмайды.

Ақиқатында, «Рахмет саған, туған ел» композитордың тапсырысымен жазылған қатардағы көп әннің бірі емес. Көзі тірісінде Нәкеннің өзі бұл өлеңді Талас ауданының Құрметті азаматы атағын алған кезде жазғанын айтып жүретін. Ғұмыр бойы елде тұрған ақын көңілі толқып, еліне ризашылығын білдіру мақсатында салтанатты іс-шарадан бір сағат бұрын ғана осы өлеңді ақ парақ бетіне түсірген екен.

«Елде тұдым, елде есейдім,  
ер жеттім,  
Кісіліктің мектебінен елде өттім.

*Елде жүрсе болады екен елде екпін,  
Есік жақта жұрмей*

*еркін төрлеттім».*

Нарша ақынмен көзі тірісінде бір-неше мәрте әңгімелесудің сәті түскен еді. Сонда ғой, «Неге өмір бойы ауылда тұ-рып келесің?» деп сұраймын. Ол осы бір шумақты оқыды да әрі қарай ағайыннан алыстағысы келмейтінін кестелеп тұрып айтып беретіні.

Осылайша күтпеген жерден жазыл-ған «Рахмет саған, туған ел» атты өлеңі ақын салтанатты іс-шарада жерлестеріне ризашылық хаты ретінде оқып береді. Кейіннен осы өлеңі жаңа жинағына енеді. Ақынның сол кітабымен танысқан композитордың бойын шабыт кернеп, жаңа ән дүниеге келеді. Алайда Әуезхан Салабеков ол кезде өлеңнің қандай жағ-дайда дүниеге келгенін хабарсыз еді.

«Шынтуайтында, «Рахмет саған, туған ел» – тәуелсіздік жолында жанын құрбан еткен боздақтарға, алашордашыларға, Екінші дүниежүзілік соғыста шейіт болған батырларға арналғандай көрінетіні бар. Нағыз поэзияға лайықталып жазылған ән болғандықтан шығар, жұрттың да жүрегіне жылдам жетті. Өрі-беріден кейін мұнда тарихқа деген құрмет, қазақ

халқына деген шексіз алғыс жатыр. Содан да болса керек, осы ән әлі күнге дейін ескірген жоқ», дегенді композитор Әуезхан Салабеков кездесулерде жиі ай-тып жүреді. Расында да солай ғой.

Айтпақшы, өлеңнің түпнұсқасында «саған» деген сөз болмаған. Ақын «Рахмет туған ел» деп аяқтауды жөн санаған. Алайда композитор әннің ырғағына сай келуі үшін екі буыннан тұратын «саған» сөзін қосуды жөн деп тапқан. Онысы ұтымды шыққанын да айта кеткен ләзім.

Өнерде шекараның болмайтыны ақи-кат. Әсіресе музыканың тілі ортақ екеніне ешкімнің таласы да жоқ шығар. Оны композитордың тағы бір сөзінен аңғаруға бо-лады. Қайбір жылы елордада өткен үлкен концерттің бірінде шетелдік қонақтар Нарша мен Әуезханның тандемінен туған «Рахмет саған, туған ел» әнін беріліп тын-дап, өз пікірін білдіруді жөн деп санапты. «Музарт» тобының орындауында Қазақ еліне кеңінен танылған «Рахмет саған, туған ел» атты шығармалды шетел-діктер де ұнатып қалыпты. Сөзін Нарша Қашаған ағамыз жазған болатын. Осы ән Астанада өткен бір үлкен концертте орындалып, шет мемлекеттерден келген өкілдер тамсана тыңдаған. Араб және неміс

ұлтының өкілдеріне қатты әсер еткені мені қайран қалдырды. Концерттен кейін бізге жақындап: «Біз сөзін түсінген жоқпыз. Алайда лирикалық ән жүрегімізге жылы тиді. Кейіннен аудармашы арқылы әннің сөзін тәржімалатқан кезде әсері тіптен арта түсті», деп іттипат білдірді», дейді компо-зитор. Мәдениет саласының үздігі Әуезхан Салабеков ойымен бөлісіп.

«Қазақ деп соққан жүрегім,  
Қазығының бірі едім.  
Тайғағында тағдырдың,  
Табанды саған тіредім,  
Рахмет саған, туған ел!

*Еркеледім, есірдім,  
Ессіз, көзсіз көсдім.  
Еңіреп кетті есіл күн,  
Бәрін де сонғы кеуірдің,  
Рахмет саған, туған ел!»*

деп жырлаған Нәкен көзі тірі болғанда 1 сәуір күні 72 жасқа толар еді. Ақынның 70 жылдығы ойдағыдай деңгейде ата-лып өтілген жоқ... Салаға жауаптылар-ды қайдам, бір анығы Нәкенді елі ұмыт-пайтыны анық. Өйткені «Ерке ақын» деген атты қойған да елі еді ғой...

Жамбыл облысы

# Ат жалында кеткен арман

Ақын Нұрлан Мәукенұлы (Бергазиев) мына жаланның жарығын небәрі 43 жыл ғана көрді... Аспаны заңғар, топырағы құнарлы Зайсанда 1960 жылы 25 желтоқсанда дүниеге келіп, өмірдің мәнін өлеңнен іздеп өткен ақынның қазақ поэзиясындағы сапары жалғаса бермек. Тек ақын есімін жаңғыртып, жырларынан сусындап, туындыларын лайықты бағалай білсек, қанекі...

**Жолдыбай БАЗАР,**  
«Egemen Qazaqstan»

Қазақ әдебиетінің жазиралы әлеміне XX ғасырдың токсаныншы жылдары келіп қосылып, өз қазығын сеніммен қалқан Нұрлан Мәукенұлының шығармашылығына ден қойып, салқын-қандылықпен зерделесеніз, ұлтымыздың жыраулық дәстүрінен тамыр тартқан, өмір философиясына бабалар көзімен қарауға талпындырар, қаныңды қыздырып, жігерлендірер жасыңды жыр дегеннің не екенін анық түсініп қана қоймайсыз, қалап келгенде зәмзәм ішіп шөл басқандай маңдайыңыз жілісіп рахаттанасыз, кейде бұйығы мұңға батып, кейде қуанышқа кенеліп әрі-сәрі күй кешесіз, ой сүрлеуіне түсіп алып қиял көгін шарлап кете барасыз.

Ақынның жаны, ішкі әлемі буырқанған, толқынның дауыл сапырған, кейде жуасып мөлдірей тұна қалатын теңіз тәрізді. Сол жан – теңізде бак пен сор, бар мен жоқ арпалысқан, ауыры мен жеңілің, азабы мен рахатың, қайғысы мен қуанышын сыңар еткен мына өмірдің бар болмысы мұнарлана көрінеді. Аударылып-төңкеріліп, өрекіп-шапшып, көтеріліп-басылып, бозарып-сарарып, жарқырап жаққұтанып, арагидік өкпесін баса тынышталып... беймаза күй кешер сол жан – теңіз айдынында ақын сөйлеп барады...

Иә, ақын сөйлеп барады. Сөйлегенде күңіреніп, күрсең сөйлейді.

*«Тірінің қамын тірі жер,  
Тірлер бірін-бірі жер.  
Тірілікте қашқан қадірің,  
Өлгенде ғана біліңер».*

Адамның дүниеден озғанда ғана қадірі білінетінін, орны ойсырап қалатынын талайлар айтқан. Бұл өмір қағидасы ретінде халықтық ұғымға айналған философиялық түйін. Бұл қағиданы ақын шымыр ұйқаспен қисындай отырып, оған өзінің ішкі күрсінісін, күйініш сезімін сыналай енгізіп, айтылған ойды тереңнен ұқтырып, жүрегіңді дір еткізеді.

*«Тірінің қамы – бас қамы.  
Күнде бір әлем – ашқаны.  
Күйремейтіндей көңілі,  
Құламайтындай аспаны...  
...Өлінің қамы – өз қамы,  
Өгейсіп кеткен өз қамы.  
Бір уыс топырақ бұйыртып,  
Мандайға бақыт жазғаны...  
Тірінің қамы – бас қамы,  
Таусылмайтындай дастаны.  
Өлеңшіл өзен өткені.  
Айғайшыл асу асқаны.  
Өлінің қамын тірі жер,  
Тірлер бірін-бірі жер.  
Бір күні біз де барамыз,  
Сен аман болмай, сірі Жер!».*

Санаға салмақ салар, жүректі шымырлар мұндай сөзді өмірдің өзегіне ой жүгірткен, тағдырдың ызғары желіне тонып, жаны жаураған, тұшы мен ащыны қатар көрген адамдар ғана айта алады. Қатал сыны қабырғанды қайыстырар жалған өмірде біріннің етін бірі жеуге дайын адамдардың аярлыққа сүйенген жойдасыз іс-әрекетіне ақын осылайша күйінеді. Күйінеді де «Бір күні біз де барамыз, Сен аман болмай, сірі Жер!», деп қасіреті қат-қабат, қабағы қатал, құшағы суық бұл дүниеден бір күні кететінін, «сірі Жердің» қойнына сніп, мәңгілікке дамылдайтынын жұбаныш көреді.

Нұрлан Мәукенұлының таң асырылған тұлпардай жарап, жұлқынып, жұтынып тұрған жырларының қай-қайсысын алып қарасаңыз да өзінің иіріміне тарта жөнеледі. Ақынның ой маздаған, кеудені нәзік те бұйығы сырымен толқытар, қоңыр мұңымен қай-қайдағынды қозғар өлеңдерінен ежелгі түркілік сарынды, кешегі жырауларша сөз саптауды анық байқайсыз. Бұл ақын туындыларының басты ерекшелігін көрсетсе керек әрі оның шығармаларының дара бітімін айғақтайды.

Сөз зергерінің «Қайран ата-бабам-ай!» деген өлеңіне зер салайықшы. Осы бір өлең арқылы ақынның ішкі қалауын, ұстанымын, адами, рухани тұрғыда нені көксейтінін, жан сарайындағы буырқанған ақындық алап күшті бағындырып, оны дұрыс жолға бағыттай алғанын байқайсыз.

*«Қайран ата-бабам-ай!  
Ат жалында кеткен арманы,  
От-жалында кеткен орманы,  
Ішінде кеткен құсасы,  
Құлаумен болған қораны...»*

Бұл көкірегі ояу, көзі ашық бүкіл қазақтың сөзі емес пе? Ақын елдің сөзін айтып тұр. Өз ұлтының аңсар-арманын, әттеген-айын, өзгеге кеткен ессесін жүрегінің көзінен өткізіп тұрып қапаланады, қазақтың «от-жалында кеткен орманы» мен «ат жалында кеткен арманын» жоқтап аң ұрады. Бұған қоса, ақынның бүгінгі мен ертеңінің рухани-танымдық бастауында тұрған ата-бабаларымызға деген сый-құрметі мен тағзымын эстетикалық, лирикалық-философиялық мәнде қанық бояумен бере алған.

*«Қайран ата-бабам-ай!  
Қара жер болған қорымы,  
Қараусыз қалған орыны.  
Екі дүниеде қайтадан  
Бінә да болмас порымы...  
Қайран ата-бабам-ай!  
Ай қараңғы кешеді  
Адастып жүріп нешеме,  
Соңынан ұрпақ өргізген,  
Көз жасын құйып кесеге.  
Қайран ата-бабам-ай,  
Қайран ата-бабам-ай!»*

Тарихи санасы ояу адам ғана қазақтың кешегісіне көңіл көзімен қарап, ой түйеді, бабалар басынан өткен аласапырандардың салмағын жан-дүниесімен сезіне алады. Бұл тұрғыдан келгенде Нұрлан Мәукенұлы өзін кешегі нәубетті кезеңдерде өмір кешіп, қандай қиындыққа кезіксе де жаңталаса жүріп ұрпақ өргізген, елдік мұратты көкसेген ата-бабаларымыздан бөліп қарамайды. Бүгін – кешегінің жалғасы, ертеңге көпір. Мұны терең сезінетін ақын бұрынғының жақсы істерін үлгі тұтып, қателіктерінен сабақ алуға үндейді.

Ақын ұлт тағдыры, адам, дәуір және қоғам жөніндегі жан тебіреністерін жыраулық дәстүр негізінде толғап, халықтық, ежелгі түркілік сарынның тамырына қан жүгіртті. Дәлірегі, жыраулық үрдіске жаңаша үкі тағып, түркілік сарынның түндігін ашты да, ата-бабаларымыздың елдік мұратын ұқтырып, ұлттық рухын оятты. Сонымен қатар ақын тек өткен шақтың ойпаңы мен өріне ат шалдырып қоймай, бүгінгі қоғамның жықпыл-жықпылына үңіліп, ондағы жағымсыз көріністер мен келеңсіз жағдаяттардың, қалпына келтіру қиын зардаптардың пығу тегі отарлау саясатынан, кеңестік



Каламашы жасаған: Әрмен СМІГҮЛ, «ЕҒ»

“**НҰРЛАН МӘУКЕНҰЛЫ – БОЛАШАҚҚА МҰҢЫН ДА, АРЫЗЫН ДА, ӨСИЕТІН ДЕ, ЖАН СЫРЫН ДА ЖАЗЫП КЕТКЕН АҚЫН. ОЛ КЕЙІНГІ ҰРПАҚТАН ҮЛКЕН ҮМІТ КҮТЕДІ ӘРІ ОЛАРҒА СЕНЕДІ. БҰЛ АБАЙДЫҢ, МАҒЖАННЫҢ ЖОЛЫН ҮЛГІ ЕТКЕНДІК.**

тоталитарлық жүйеден екенін сенімді түрде айтады.

Қараңыз:  
*«Отарлаушысы орыс болған,  
Отының басы қорыс болған,  
Орманы тоң-торыс болған,  
Қайран да менің қазағым!  
Өзеге кілең пенде болған,  
Өзінде барға кенде болған,  
Артық та болған, кем де болған,  
Қазағым, менің қазағым...»*

Басына төнген қасіреттің, нәубеттің құрбаны болған қайран қазағның қайғысын жан-дүниесімен түйсігіп, шарасыздықтан өзегі өргенген ақынның жүрегінің түкпірінен жарып шыққан үні қандай кастерлі әрі аянышты...

Нұрлан Мәукенұлы – болашаққа мұңын да, арызын да, өсиетін де, жан сырын да жазып кеткен ақын. Ол кейінгі ұрпақтан үлкен үміт күтеді әрі оларға сенеді. Бұл Абайдың, Мағжанның жолын үлгі еткендік.

*«...Менің заманым дімкәс,  
Сырыма сеніп сырлас.  
Мұра деп білсең мұңымды –  
Менің мұңыммен мұңдас...  
...Біздер – тарихымызбен  
кеш танысқандармыз,  
Біздер – тілімізбен  
кеш табысқандармыз...  
...Бізден кейінгі буын,  
Бұйырмағаның үшін қуын.  
Сенің заманың таптасын,  
Біздің заманның уын.  
Бізден кейінгі ұрпақ,  
Өзіңе-өзің жүр сақ.  
Сенің заманыңа салауат айттым,  
Менің заманым – сырқат...»*

Бұл ақынның келешекке арнаған арызы, сыры, ішкі әлемін жарып шыққан

жанайқайы. Суреткердің осы үнін естіп, ой түйген қоғам, ұрпақ жаман болмаса керек.

*«Жырау әлем, жетеле,  
Көңілімді оят, көзімді аш.  
Сөзің жетсін жетеме,  
Лебің тшіп сезім-мас.  
Сөздің дәмін алайын,  
Сиқырымен баурағын.  
Ой нәріне қанайын –  
Жалаңаштай жәурадым».*

деп жыраулық дәстүрден қуат, шабыт алып, өлең өлкесіндегі өмірін әрлендірген, бойындағы таланттың, қарым-қабілетін шындаған ақынның туған жер, отан, қоғам, ұлт, ел-жұрт, адамгершілік, махаббат, перзенттік парыз және басқа да тақырыпта жазылған өлеңдерінен мына дүниенің қыр-сырына, өрі мен ылдына, күңгейі мен көлеңкесіне зейін салып, зерделеген, философиялық ордалы ой түйген, кемелдікке қол созған жанның қолтаңбасын көресіз...

Жүрегі нәзік, көңілі сезімтал, сезімі серек жанға қарама-қайшылыққа толы, адал мен қарау, жақсы мен жаман шарпысқан, мейірім азайып, қулық-сұмдық, ашкөздік пен қысастық еркін «тайраңдаған» қоғамда өмір сүру оңай емес. Ақын «Төзе алмаймын» деген өлеңінде:

*Төзе алмаймын –  
Бар төзім таусылды,  
Тынып жатқан таулар жұтты даусымды.  
Шапанымның шалғайын жел қаусырды,  
Соққан құйын мазақ етті маусымды...  
...«Шыда», – дейсің,  
Шыдам бітті, шырағым,  
Құдайыңнан қолдау иет сұрадым.*

*Бетімді енді құбылага бұрамын,  
Көзіме ілмей көңілімнің құрағын...»* дейді.

Барлық жөнсіздікті жүрегімен қабылдап, жаны ауырған, кесірлі келеңсіздіктерден көңілің қалып, санасы сансыраған ақынның сөзі ғой бұл. «Шыдамым бітті», дейді. Бірақ морт сынғысы жоқ. Құдайдан медет тілеп, жақсылықтан үмітін үзбейді. Бойындағы иманынан нәр алған кеудесіндегі үміті ақынды алға жетелейді.

Ал «Жанымды қоярға жер таппай...» деген өлеңінде ақын:

*«Будақ-будақ бұлттай  
Боз аспанда боздап кетіп барамын.  
Боздағымды ұмытпай  
Баста мұңын қозғап кетіп барамын».*

деп мұң шағады. Бұл ақынның ғана емес баршаның мұңы. Ақын өз басын ғана күйттемейді, өзгеге болсын, өзгенің бағы жансын деп «Боз аспанда боздап кетіп бар-рады». Ақиық ақындар ғана өзінің өмірге келудегі мақсатын көптің сөзін сөйлеу, жұрттың мұңын мұңдап, жоғын жоқтау деп түсінеді. Нұрлан Мәукенұлы да өзінің атқарар миссиясын осы «төңіректен» іздейді.

Ақынның жүрегі нәзік, елжірегіш. Сол жүрекке зіл-батпан жүк артылса, қиын-ау. Елжірегіш ет жүрегі зіліп кетсе бәрі де бітпей ме? Бірақ Нұрлан Мәукенұлы өзінің ақындық, азаматтық миссиясын орындау жолында өзін құрбан етіп, жүрегің аямаған ақын. Қараңызшы:

*«Қорқам кейде: мен осы көпке  
барман,  
Алып жейді-ау кеудемде кеткен  
арман...»*

*Өмірімнің өзегін жасалмаған от  
Жүрегімді жарылаған өткені маған...»*  
«Өміріңіз өзегін от шарпып, жүрегі өт уына малынған» ақын тағдырына мойынұсынады. Өйткені бұл өзінің пешенесіне бұйырған ауыр да қасиетті жолы, тағдыры еді. Тағдырынан қашып құтыла алмайсың. Өйткені ол – талайсыз тағдыр.

*«Көкірегімде көл жатыр  
тынышын алар,  
Ту сыртымда жел жатыр  
тынышын алар,  
Тулағанда толқыны түлшиққытырп,  
Ойдым-ойдым орманым  
сыңсып алар.  
Өзім салған өмірім соқпағын-ай,  
тағдырымының тезінет  
оқтадым-ай...»*

Дарыны тағат тапқызбай төте де соқпақты жолмен өз шыңына шыққан қайсар ақын тағдырының үкіміне бағынып, бақиға аттанғанда соңында қалған ел-жұрты – ойдым-ойдым орманы жоқтайтынына сенімді болады. Сол сенімі ақталды ма?.. Біз осы оны ұмытып кеткеніміз жоқ па, қалай?

Дем үзілді, жүрек тоқтады, жан көке ұшты, тән суыды... суық көр жасырды. Мәңгілікке бостандық... Жыр қалды. «Өлді деуге сая ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?»

Н.Мәукенұлы өзінің халқы алдындағы, қазақ әдебиетіндегі негізгі азаматтық негізгі миссиясына адал болып, оны артығымен орындаған ақын. Бұған ақынның соңында қалған жауһар жыр-мұрасы дәлел.

Жыраулық өнерді уақыт көшіне ілестіріп, оған жаңаша реңк беріп ірілік көрсеткен ақынның үнін мына қоғам, келер ұрпақ естуі тиіс. Сол үшін де қазақ әдебиетінің жыраулық дәстүрі өкілдерінің шығармаларымен астасып, тұтасып жатқан Нұрлан Мәукенұлының туындылары зерттеуші-ғалымдардың назарына ілігіп, ғылыми айналымға түссе, оқулық-хрестоматияларға енгізілсе деген тілек бар.

КІТАП КӨКЖИЕГІ

## Тыңға түрен салған еңбек

Кенес одағы басшылығының ұйғарымымен «Капустин Яр» әскери полигонына айналған Батыс Қазақстан облысының Орда ауданы 1952 жылы таратылады. «Ел аман, жұрт тынышта жер аударып, Зарлады-ау, Құм Нарынның жас баласы» деп ақын Қайрат Жұмағалиевтің анасы Жаңылғанын Өзенкызы жырлағандай, аудан халқы ата-баба қонысын, мал-мүлкін еріксіз тастап, республикалық ішкі депортацияға ұшырайды. Сөйтіп, Оңтүстік Қазақстан облысының мақта өсіретін Ильичев ауданына Орда ауданының «Интернационал», Калинин, Каганович атындағы және көрші Жаңақала ауданының Ленин атындағы, «Сары өзен» – барлығы 5 ұжымшардан депортацияланған 724 адамның аянышты тағдыры, әсіресе жұқпалы іш-сүзегіне ұшыраған балалар өлімі бүгінге дейін ашық айтылмай келген еді.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры Бактылы Боранбаеваның «Капустин Яр әскери полигоны: Қазақ депортациясы» атты зерттеу еңбегінде, бұл мәселе облыстық архив қорында сақталған құнды құжаттар, естеліктер және туған жерден еріксіз көшкен халықтың жан күйзелісінен туған өлең-жырлар арқылы ғылыми негізде сарапталады.

Тарихшы-ғалым Бактылы Боранбаеваның осыдан бірнеше жыл бұрын Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан батысқазақстандық қыз-келіншектер туралы кітабын оқыған едім. БАҚ

беттеріндегі мақалаларынан да азы-көпті хабарым бар. Ізденгіштігін, ғылыми нәтиже алуға ұмтылысын байқағанмын. Осы ойым қазақ депортациясы жайында кітабы қолыма тиген соң біржолата бекемделді.

Кітапқа академик М.Қойгелдиев, профессорлар М.Сдықов, С.Смағұлова, М.Каримов пікір жазған екен. Кітапты баспаға ұсынған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті еліміздегі беделді оқу орнының бірі. Міне, осындай сүзгіден өткен еңбектің сапалы болуы заңдылық.

Мазмұндық-композициялық тұрғыдан жұмыс



ұш құрамдас бөліктен тұрады. Біріншісін Б.Боранбаеваның зерттеулері құрайды. Мұнда Орда ауданының сынақ айлағына қалай айналғаны,

қазақ депортациясының географиялық ауқымы мен ұлттық қасіреті риясыз тебіреніспен ашылған.

Екінші бөлікте туған жерден еріксіз көшкен қазақтардың тағдырын суреттеген естеліктер топтастырылыпты. 1952 жылдың жазында жүзеге асқан бұл науқанды қазақтың соңғы көштерінің бірі десек қателесе қоймаспыз. Аталған зерттеуде еліміздің батысынан оңтүстігіне тартқан көш жылап-сықтаумен дйттеген жеріне жеткені мол деректік негізде дәйектелді.

Кітаптың басым бөлігін архив құжаттары құрайды. Ордада сынақ айлағын құруға кеңестік билік қаншалықты мән бергенін құжаттарға Сталин, Молотов, Маленков, Тайбеков, басқа да қол қойғанынан байқауға болады. Түптеп келгенде, Б. Боранбаеваның «Капустин Яр» әскери полигоны: Қазақ депортациясы кітабы» – тыңға түрен салған зерттеу. Ол ұлттық тарихымызды ақтандардан арлытуға, тарихи ақиқат пен әділдікті қалпына келтіруге қызмет етіп тұр.

**Ханкелді ӘБЖАНОВ,**  
ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор





# Студенттер сайысында ілгерілеу бар

АҚШ-тың Лейк-Плэсид қаласында ұйымдастырылған XXX қысқы Дүниежүзілік универсиада өз мәресіне жетті. Жер-жаһанның ең үздік студент-спортшылары бас қосқан жарыста Қазақстан құрамасы сәтті өнер көрсетіп, 11 медаль жеңіп алды. Осы нәтижемен жерлестеріміз жалпыкомандалық есепте 11-орында тұр.

**Әли БИТӨРЕ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Мұхиттың арғы бетіндегі студенттер додасының соңғы күнінде Қазақстан құрамасының қоржынына тағы екі медаль түсті. Шайбалы хоккейден Қазақстан құрамасы қысқы Универсиаданың қола жүлдегері атанды. Жарыстың іріктеу кезеңінде барлық қарсыласын бег қаратпай жеңген жерлестеріміз жартылай финалда Канада құрамасына жол бергенімен, үшінші орын үшін өткен матчта Жапония хоккейшілерін ірі есеппен тізе бүктірді – 8:1.

Кездесудің есебін жетінші минутта Максим Мұхаметов ашты. Кейін ол 25 және 48-минуттарда да мергендігімен көзге түсіп, хет-триктің авторы атанды. Екінші кезеңде Саян Данияр (23-минут), Әлихан Өмірбеков (26), Батырлан Мұратов (39) дәлдік танытса, соңғы, шешуші 20 минутта Әли Қасенов (43) пен Данил Бутенко (50) қарсыластарының қақпашысын қапы қалдырды. Ал Жапония құрамасының жалғыз шайбасын Юто Гондаира (40-минут) салды. Осылайша, шайбалы хоккейден Қазақстан құрамасы өз тарихында екінші рет қысқы Универсиаданың қола жүлдегері атанды. Бұған дейін жерлестеріміз 2007 жылы Италияның Турин қаласында

өткен студенттер додасында Финляндия хоккейшілерін 5:2 есебімен жеңіп, қола жүлдені мойнына ілген болатын.

Финалда АҚШ құрамасын 7:2 есебімен тізе бүктірген Канада хоккейшілері Универсиада жеңімпазы атанса, жарыс қожайындары күміс жүлде иеленді.

Шаңғышылар бәсекесінде сынға түскен Ксения Шальгина да жарыстың соңғы күнінде ел қоржынын тағы бір қоламен толықтырды. 15 шақырымға жалғасқан жарыста жерлесіміз мөре сызығын үшінші болып қиды. Оның уақыт көрсеткіші – 39 минут 50.1 секунд. Бұл тартыста Эстония құрамасының өкілі Мариэль Мерлий Тянеттің бағы жанды. Күміс медаль америкалық Кендалл Крамердің еншісінде кетті. Тағы бір отандасымыз Надежда Степашкина 41:03.2 уақыт көрсеткішімен мөреге 6-шы жетті.

Сондай-ақ бір күн бұрын шорт-тректен еліміздің ерлер құрамасы эстафета сайысында қысқы Универсиаданың күміс жүлдесіне қол жеткізді. Қазақстандық студенттер 5 мың метр жарыста тек Корея құрамасына есе жіберді. Қола жүлдені Нидерланд студенттері (7:12.450) қанағат тұтты.

Ұлттық құрама намысын Әділ Ғалиахметов, Еркебұлан Шамұханов, Валерий Клименко мен Санжар Жанысов қорғады. Мұның алдында шорт-трекшілер

аралас командалық эстафетада да екінші орыннан көрінген болатын.

Айта кетейік, биылғы студенттер аламында Қазақстан құрамасынан биатлоншылар Вадим Куралес пен Бекентай Тұрлыбеков және шаңғымен тұғрдан секіруші Данил Васильев АҚШ-та Әнұранымызды шырқатса, биатлоншы Александр Мухин мен шаңғымен тұғрдан секіруден командалық сайыста Данил Васильев пен Сергей Ткаченко күміспен күлтелді. Александр Мухин (биатлон), шаңғыдан командалық жарыста Айна Рақышева, Надежда Степашкина және Ксения Шальгина қола жүлдегер атанды.

Қысқы Универсиаданың жалпыкомандалық есебінде Жапония спортшылары топ жарды. Жарыстың алғашқы күнінен бастап, соңына дейін медальдар кестесінде ешкімге дес бермеген Куншығыс елінің өкілдері 21 алтын, 17 күміс, 10 қола медаль жеңіп алды. Екінші орынға Корея спортшылары жайғасты. Олардың еншісінде 12 алтын, 8 күміс, 9 қола медаль бар. Үздік үштіктің балтын, 1 күміс және алты қоламен Канада құрамасы түйіндеді.

Ал Қазақстан 3 алтын, 4 күміс, 4 қола медальмен жалпы есепте 11-орынға табан тіреді. Осыдан төрт жыл бұрын Ресейдің Красноярск қаласында өткен студенттер додасымен салыстырар болсақ, жерлестерімізде ілгерілеу байқалады. Сол жылғы Универсиадаға 95 спортшымыз қатысып, 4 күміс, 3 қола мен 17-орыннан көрінген еді. Быыл АҚШ-қа 78 студент-спортшы аттанған болатын.

Келесі қысқы Универсиада 2025 жылы Италияның Турин қаласында ұйымдастырылады деп жоспарланған.

ПАРИЖ-2024

# Олимпиадаға дайындық қалай жүріп жатыр?

Халықаралық Олимпиада комитеті (ХОК) келер жылы Франция астанасы Парижде жалауы желбірейтін жазғы Олимпия ойындарының дайындық барысына көңілі толмайтын айтты. Жанкүйерлер төрт жылда бір келетін бұл мерекені асқан ыждағатпен күтіп отырғанда, ұйымдастырушылар бірқатар кедергіге тап болыпты.



**Әли БИТӨРЕ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Жуырда Францияның АФР ақпарат агенттігі Олимпия ойындарының дайындық барысына тексеріс жүргізіп, бірнеше нақты проблеманы атады. Оның біріншісі – қаржы мәселесі. Франция жазғы Олимпиаданы өткізу құқығын жеңіп алғаннан (2017 жыл) кейін ойындардың шығынын 3,8 миллиард еуроға бағалаған болатын. Бірақ үш жыл бұрынғы COVID-19 пандемиясынан кейін ұйымдастырушылар жарыс бюджетін 400 миллион еуроға дейін қысқартқан еді.

Енді ол аз болғандай, әлемдегі саяси жағдай салдарынан Францияда инфляция өсіп барады. Сондықтан Олимпия ойындары өтетін спорт кешендерін құру міндеті жүктелген Solideo компаниясы қосымша шығынға ұшырайтын түрі бар. Құрылыс компаниясы қосымша қаржыны өз қалтасынан шығармайтыны анық. Бұл ақша ең бірінші мемлекет қазынасынан өтелуге тиіс. Алайда қазіргідей дағдарыс заманында Франция халқы Олимпиаданы өткізу үшін мемлекет бюджетінен көп көлемде қаржы бөледі қолдай қояр ма екен?

Әзірге мемлекет қазынасына Олимпиадаға байланысты қосымша табыс түсіп жатқан жоқ. Өйткені билеттер енді ғана сатылымға шығарылса, ірі компаниялар да бұдан былай келісімшартқа отыра бастайды. Егер Франция билігі мен халқы мемлекет бюджетінен Олимпиаданың құрылысына қаржы бөлуге қарсы болып, олар жаңағы қосымша табысты күтетін болса, нысандардың құрылысы кешеуілдейтін кәдік. Тіпті спорттық нысандар Олимпиада басталғанға дейін салынып үлгермеуі де мүмкін.

Екіншісі – қауіпсіздік мәселесі. Мамандардың болжауынша, Париждегі Олимпия ойындарын тамашалау үшін Францияға 10 миллионға жуық жанкүйер келуі мүмкін. Париждің орталығын Олимпиада ғимараттарымен байланыстыруға тиіс болған екі метро жолының құрылысы да дәл уақытында аяқталатынына күмәнмен қарайтындықтар да бар. Бірақ АФР басылымының мәліметі бойынша, ұйымдастырушылар бұл мәселені бақылауға алғанын айтқан екен.

Сондай-ақ Олимпиада кезінде жер үстіндегі транспорт арқылы жеделі жерге қатынаудың өзі де жанкүйерлерге қиындық тудыратыны айтылып жатыр. Себебі Францияда автобус жүргізушілері жетпейді.

Көпшілікті ұайымға салып жатқан ең негізгі мәселелердің бірі – Олимпия ойындарына келетін спортшылар мен арнайы қонақтардың қауіпсіздігі. Естеріңізге болса, былтыр Париждегі «Стад де Франс» стадионында өткен Чемпиондар лигасының финалында билетсіз жанкүйерлер алаңға кіріп кетіп, матч шамамен жарты сағатқа кеш басталған еді. Осы жағдайдан кейін спорт мамандары француздардың қауіпсіздік мәселесіне де күмәнмен қарай бастады. Олимпия ойындарының ашылу және жабылу салтанаты дәл осы «Стад де Франс» стадионында өтеді деп жоспарланған.

Олимпия ойындарының сценарийі бойынша, жарыстың ашылу рәсімінде 180 мемлекеттің делегациясы қайықтардың көмегімен Сена өзенінің бойымен жүзіп өтуге тиіс. Ал оны өзен жағасынан 600 мыңға жуық жанкүйер тамашалай алады. Дегенмен, әзірше бұл қағаз жүзіндегі жоспарлар.

Жалпы, әр Олимпиаданың алдында БАҚ беттерінде Олимпия ойындарын қабылдайтын мемлекет төртжылдықтың басты бәсекесін өткізуге дайын емес, спорттық ғимараттар жарыс өткенге дейін толық құрылып үлгермейді деп

үнемі жазылып жатады. Бірақ бірде-бір Олимпия ойындары ешқашан белгіленген мерзімнен кешігіп басталмаған. Яғни барлық дода қандай қиындыққа тап болса да, дер кезінде өткізіліп отырған.

Осыдан біраз уақыт бұрын Париж Олимпиадасының ұйымдастырушылары ресми түрде жарыстардың күнтізбесін жариялады. Яғни XXIII жазғы Олимпия ойындарының алауы 2024 жылдың 26 шілдесінде тұтанып, 11 тамызда өз мәресіне жетеді. Олимпиаданың алғашқы күнінде велоспорт, дзюдо, семсерлесу, суға секіру, регби, жүзу, нысана көздеу және 2021 жылы Токио Олимпиадасынан бастап Олимпия ойындарының бағдарламасына енген скейтбордтангтен жүзделер сарапқа салынады. Ал Олимпиаданың соңғы күнінде марафон (жеңіл атлетика), күрес, ауыр атлетика, су спорты, бөксәйіс, гандбол және баскетбол спортынан үздіктер анықталады.

Париж Олимпиадасының билеттері ресми түрде 2022 жылдың желтоқсан айынан бастап сатылымға шығарылды. Ресми мәлімет бойынша, Халықаралық Олимпиада комитеті бас-ағы 10 миллион билетті сатылымға шығарады. Оның 1 миллионы 24 еуродан, жартысы 50 еуро және одан арзан бағада қолжетімді болады. Тағы 3 миллион билеттің бағасы 100 еуродан басталады. Тек 15% билет қымбатқа сатылмақ. Яғни 950 еуро деп белгіленген. Олимпиаданың ашылу және жабылу салтанатына бөлек билеттер сатылады.

2023 жылдың ақпан айынан бастап жанкүйерлерге арзан бағадағы үш спорт түріне арналған билеттер пакеті ұсынылады. Оның бағасы 75 еуродан қымбат болмайды. Жанкүйерлер сатылымның алғашқы кезеңінде «Өз ойындарыңды жинақта» атты билет пакеті арқылы бәсекенің бағдарламасын ұйғайлы етіп жасақтай алады. Ол үшін 2023 жылғы 31 қаңтарға дейін <https://tickets.paris2024.org> сайтында тіркеуден өту қажет. 31 қаңтардан кейін толық тізім жасақталады. Егер сіздің өтінішіңіз лотереяда таңдалса, Make Your Games билет пакетін сатып аласыз. Ал 2023 жылғы 13 ақпанда тіркелген жанкүйерлер арасында жеребе өтеді. Бұл жайлы хабарлама әр адамның тіркеу кезінде көрсетілген электронды поштасына келеді. Ескерер жайт: хабарлама алған азаматтар 48 сағаттың ішінде электронды поштаға келген сілтемені ашып, хатты алғанын растауы керек. Сосын билет таңдап, 15 ақпаннан 15 наурызға дейін сатып алуыңызға болады.

Ал билетті жеке-жеке сатып алғысы келетін жанкүйерлер үшін мұндай мүмкіндік былай жүреді. 2023 жылғы 1 наурыз бен сәуірдің аяғына дейін <https://tickets.paris2024.org/> сайты арқылы тіркеуден өтіп, мамырдың басынан бастап билет ала аласыз.

Париж Олимпиадасы мен Паралимпиадасын ұйымдастырушылар ойындардың ұранын бекітті. Алдағы төртжылдықтың басты додасы – Games Wide Open («Барынша ашық ойындар») ұранымен өтеді. Ұйымдастырушылар осы арқылы ғаламат әсерді бірге бөлісу үшін жанкүйерлерді көптеп жинауды көздеп отыр. Сол себепті де «Өз ойындарыңды жинақта» сынды пакет Олимпия ойындары тарихында алғаш рет ұсынылған.

«Жаңа ұранда 2020 жылғы Олимпиада тәртібіне сәйкес Ойындардың үлгісін жаңартуға деген ұмтылыс байқалады. Париждегі додада Олимпиада есігі мүмкіндігінше көп адамға ашылғанын қалаймыз. Сена жағалауында болатын ашылу салтанаты, қаланың көрнекті жерлерінде өтетін жарыстар мен Париждегі іс-шаралар адамдарды алаңда ғана емес, оның сыртында да біріктіруді көздейді», деді ХОК басшысы Томас Бах.

БОКС

# Жеті қыздың жеңілісі

Таиландтың астанасы Бангкокта бокстан жастар арасындағы (U-22) Азия чемпионатының жартылай финалдық кездесулері өтті. Алғашқы күні біз қыздар арасындағы бәсекелерді тамашаладық. Шаршы алаңға тоғыз бұрымдымыз шықты. Солардың арасынан тек екеуі ғана ақтық сайыста күш сынасу құрметіне ие болды.

**Ғалым СҮЛЕЙМЕН,**  
«Egemen Qazaqstan»

Жексенбідегі жарыс Қазақстанның жанкүйерлері үшін көңілсіздеу басталды. 50 кило салмақтағы Мөлдір Тойкова Нгуен Нгок Траннан ойсырай ұтылды. Вьетнам боксшысы бірінші және екінші раундтарда жерлесімізді ноқдауға жіберіп, төреші соңғы кезеңде жекпе-жекті тоқтатуға мәжбүр болды. 54 килодағы Әнел Сақыш өзбекстандық Нигина Уктамовемен қолғап түйістірді. Уктамова былтыр Польшаның Кельц қаласында өткен әлем біріншілігінде бас жүлдені олжалаған болатын. Қазір де ол нағыз бабында екен. Бәсеке барысында Әнелді екі рет есендіреткен Нигина еш кедергісіз финалға шықты. Көп кешікпей 57 кило салмақ дәрежесіндегі Виктория Графеева тағы бір өзбек қызы, Азия чемпионы Ситора Тұрдыбековамен сайысқа түсті. Бұл бәсеке де көршілеріміздің пайдасына шешілді.

Таиландтық Порнтип Буапамен айкасқан 60 кило салмақтағы Шахназ Исаева тіптен дәрменсіз көрінді. Қарсыласы оны жақсылап тұрып сабап, екінші раундта нокаутқа жіберді. 63 килодағы Назерке Серік те ел сенімін ақтамады.



Ол моңғолиялық Ганзориг Бадмаараке лайықты қарсылық көрсете алмады. 66 кило салмақтағы Өзбекстан мен Қазақстанның өзара тартысы тағы да алғашқылардың пайдасына шешілді. Бұл жолы Ақнар Ишанованың Найбахор Хамидоваға шамасы жетпеді.

Алты боксшымыз ұтылған соң барып қана қазақ қыздары өздерінің алғашқы жеңісіне қол жеткізді. 70 кило салмақтағы Жасмин Қизатова вьетнамдық Труонг Мин Тху Кюнхты үшінші раундта техникалық нокаутпен жеңді. Өкінішке қарай, Жасминнің жеңісті жолын Дана Дидай жалғастыра алмады. 75 килода сынға түскен ол таиландтық Манинок Байсоннан оңбай таяқ жеңді. Қарсыласы оны үш рет нокаутқа жіберді. Дананың мұрнынан қан кеткеннен кейін төреші бәсекені мерзімінен бұрын тоқтатты. Ең соңғы болып 81 кило салмақта Гүлсейя Ержан рингке көтерілді. Ол Непал боксшысы Жабегу Тришаны еш қиналмай ұтып. Сөйтіп, жартылай финалға шыққан тоғыз бұрымдымыздың тек екеуі ғана ақтық сынға жолдама алды. Әрине, бұл

жағдай елімізде қыздар боксы тұралап қалғанын көрсетеді.

Кеше ерлер жартылай финалдық бәсекелерін өткізді. Бұл межеде біздің боксшылар мына қарсыластарымен күш сынасты: Санжар Тәшкенбай (48 кило) Наттхонг Тхуамчароен (Таиланд), Нұрсұлтан Алтынбек (54 кило) Ислам Торобаев (Қырғызстан), Махмұд Сабырхан (57 кило) Джеричо Акайлар (Филиппины), Талғат Сырымбетов (60 кило) Пхухтан Роддук (Таиланд), Мұхаммедсабыр Базарбайұлы (63,5 кило) Тулга Оюмбаатар (Моңғолия), Абзал Серік (67 кило) Пенх Вантхунг (Камбоджа), Сабыржан Аққалыков (71 кило) Довуд Маххамов (Тәжікстан), Диас Молжігітов (75 кило) Аликути Кахаер (Қытай), Ерасыл Жақпеков (80 кило) Жасурбек Юлдошев (Өзбекстан), Ерхат Бензат (92 кило) Нуратбек Тохиров (Өзбекстан) және Аманат Сабырғали (+92 кило) Жахонгир Зокиров (Өзбекстан). Бұл жекпе-жектердің қалай аяқталғаны жайында газетіміздің келесі санында егжей-тегжейлі баяндайтын боламыз.

ФОТОЭТЮД



Суретті түсірген Ерали Омар, «EQ»

СЕМСЕРЛЕСУ

Бахрейнде екі жүлде бұйырды

Бахрейнің астанасы – Манамада семсерлесуден жастар арасындағы әлем кубогі ақталды. Бұл жарыста 14 мемлекеттен келген 100-ге тарта спортшы бақ сынады.

Жарыстың алғашқы күні Қазақстан жастар құрамасының мүшесі Богдан Лукин табысты өнер көрсетті. Бастапқы бәсекелерде барлық қарсыласынан басым тұскен ол жартылай финалда эстониялық Салм Маркустан бір ғана ұпай ұтылып, қола медаль иеленді. Нәтижесінде, Балтық жағалауының өкілі күміспен күптелсе, бас жүлде мысырлық Ел-Сайд Мұхаммедке бұйырды. Тағы бір коланы иорданиялық Оден Лиад еншіледі. Өзге жерлестеріміз мынадай орындарды иеленді: Алексей Касаткин – 9, Георгий Тинников – 32, Михаил Кузьмин – 40, Аңсар Қасен – 44, Арман Жабайханов – 58 және Владислав Снегирев – 59.

Командалық сайыстың «шпага» жаттығуы бойынша Қазақстан құрамасы күміс медаль олжалады. Біздің жігіттер жартылай финалда Эстонияны жеңгенмен, ақтық сында Мысырға есе жіберді.

ТЕННИС

Рыбакинаның рейтингі жоғарылады

Әлемнің бірінші ракеткасы Ига Швентекті ұтып, Аустралия ашық біріншілігінің ширек финалына шыққан Елена Рыбакина WTA рейтингіндегі жағдайын біршама жақсартты.

Осыған дейін үздіктер тізімінде 25-орында тұрған жерлесіміз жоғарыдағы табысынан кейін бірден тоғыз сатыға жоғарылады. Қазіргі кезде Елена 16-орынды иеленді. Жалпы, ол әр жылдары ТОП-10 теннисшінің қатарына енетін 10 ойыншыны жеңген екен. Алайда әлемнің бірінші ракеткасы деген атағы бар спортшыны алғаш рет ұтып отыр. Егер алдағы уақытта да жеңісті жолы жалғасатын болса, онда Рыбакинаның бүгінгіден де жақсы нәтижеге қол жеткізетіні сөзсіз.

Ал WTA мен АТР рейтингінде өзге үздік ойыншыларымыз мынадай сатыларға жайғасты: Александр Бублик – 36, Юлия Путинцева – 44, Тимофей Скатов – 153, Михаил Кукушкин – 221, Бейбіт Жұқаев – 302.

ФУТБОЛ

Тізімге де ілінбедік

Штаб-пәтері Германияның Бонн қаласында орналасқан Халықаралық футбол тарихы мен статистика федерациясы (IFFHS) әлемнің ең үздік ішкі чемпионаттарының рейтингін жариялады.

Аталған ұйым бұл тізімге 80 мемлекетті енгізген екен. Өкінішке қарай, солардың қатарында Қазақстан жоқ. IFFHS сарапшыларының пайымдауына, біздің Премьер-лига Замбия, Албания, Грузия, БАӘ, Никарагуа, Ангола, Эстония, Венесуэла, Латвия, Гватемала, Өзбекстан, Танзания, Судан, Кипр секілді елдердің біріншіліктерінен де нашар екен. Тіпті, Өзбекстанның өзі жерлестерімізден әлдеқайда жоғары тұр. Олар 57-орынды иеленуде. Ресейге бұл тізімде ең соңғы 80-орын бұйыран екен.

Ал көшбасшылар жайында айтар болсақ, бірінші орында – Бразилияның «А» сериясы. Екінші орында – Англияның Премьер-лигасы. Үшінші сатыға Испанияның Ла Лигасы орналасты. Сондай-ақ Германияның Бундеслигасы, Италияның «А» сериясы, Францияның 1 лигасы, Португалияның «Примейрасы», Нидерландтың «Эредивизи», Аргентинаның «Примерась» және Парагвайдың «Профессиональ дивизионь» ТОП-10 чемпионаттың қатарына қосылды.

Дайындаған  
Ғалым СҮЛЕЙМЕН,  
«Egemen Qazaqstan»

ТАБИҒАТ ТЕРЕЗЕСІ

Жыл құсы

Қазақстан биоалуантүрлілік қауымдастығы көкқұсты «Жыл құсы» деп таныды. Онлайн сауалнамаға қатысқандардың 64 пайызы көкқұсты жыл құсына лайықты деп тапқан.

Эльвира СЕРІКҚЫЗЫ,  
«Egemen Qazaqstan»

Құстарды қорғау одағының дерегіне сүйенсек, құстар арасынан көп дауыс жинаған көкқұс Қызыл кітапқа кірген. Дәстүрлі шараны ұйымдастырушылар көк құсқа тән ерекшеліктерді атады.

Кейінгі жылдарда белсенділер тарапынан құстардың тіршілігіне

қызығушылық артып келеді. Ал адамдар көп демалатын таулы аймақтарда құстарға төнер қауіп көп.

Өткен жылы бұлбұл «Жыл құсы» деп танылған еді. Сауалнаманың мақсаты қоғам назарын табиғатты қорғауға, оның ішінде құстарды аялауға бағытталып отыр.

АЛМАТЫ



БӘРЕКЕЛДІ!



Тіл үйрететін тегін курс

Қазақтың келешегін ойлаған Алаш арыстарының арасында жеті жұрттың тілін меңгергендер аз болмаған. Дәл солардай болмағанымен, ұқсауға тырысқан атыраулықтар үшін қазақ, ағылшын, орыс тілдерін тегін үйрететін курс ашылды.

Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ,  
«Egemen Qazaqstan»

«Тіл» оқу-әдістемелік орталығы басшысының міндетін атқарушы Лаура Ғазизованың айтуынша, тіл үйрету курстарында оқуға 20 жастан асқан кез келген тұрғынның мүмкіндігі бар. Арнайы курста еркін сөйлеуге дейінгі тіл жетілдіру машығы оқытылады.

– Біз Қазақстанның да өркеніетті елдер қатарында болғанын қалаймыз. Бұл үшін ел азаматтарының білім алуға, әсіресе шет тілін меңгеру талпынысына қолдау білдіру керек. Өйткені қазір жаңа дәуірдің сын-тегеуріндеріне тез бейімделу қажеттігі туындап отыр. Осы тұрғыдан айтқанда, тіл үйрету курсының ашудағы мақсатымыз – Атырау тұрғындарының

біліктілігін арттыру, бәсекеге қабілетті болуына жағдай жасау. Қазір біздің орталықтағы тіл үйрету курсына 70-ке жуық адам оқып жатыр. Олардың 80 пайызы – жеке тұлғалар, ал 20 пайызы – мекемелерде жұмыс істейтін қызметкерлер, – дейді Лаура Ғазизова.

Тіл үйренгісі келетіндер бір топқа 15 адамнан бөлінеді. Оқу жиілігі – аптасына бес рет. Қазақ тілі курсы 120 сағат оқытылады. Ал орыс тілі мен ағылшын тілін оқытуға 80 сағат бөлінген.

Атырау облысы

КӨРМЕ

Ақын шығармаларын айшықтады

Биыл елордадағы Сөкен Сейфуллин музейінің құрылғанына 35 жыл толады. Алғашқы ашылған күннен осы шаһардың рухани-мәдени ордасына айналған шаңырақта дауылпаз ақынға қатысты бірқатар құнды деректер мен жәдігерлер сақталған. Жақында мұражайда айтулы күнге байланысты «Латын және төте қарпімен жазылған Сөкен шығармалары» атты көрме ашылды.

Азамат ЕСЕНЖОЛ,  
«Egemen Qazaqstan»

Жалпы, ақын музейінің ашылған күні ешқашан ескерусіз қалмаған. Жыл сайын осы күні түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Біз айтып отырған көрме де – соның бір көрінісі. Іс-шараның негізгі мақсаты – тұғырлы тұлғаның шығармаларын насихаттау.

С.Сейфуллин музейінің ғылыми қызметкері Қабиден Қуанышбайдың айтуынша, көрмеге көрнекті қайраткердің латын және төте қарпімен шыққан еңбектерімен бірге ол

құрастырған кітаптар қойылған. Солардың ішінен 1914 жылы жарық көрген «Өткен күндер» атты тұңғыш жыр жинағы мен 1927 жылы төте қарпімен, 1936 жылы латын графикасымен басылған, атақты «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романын ерекше айтуға болады. Сондай-ақ 1935 жылы Алматыдағы Қазақстан көркем әдебиет баспасынан Сөкеннің алғашқы еңбегінен шыққан Ыбырай Алтынсариннің жыр жинағы да бар. Бұл кітапқа ағартушының 25 өлеңі енген. Сонымен бірге көрме төрінен қаламгердің 1932-1935 жылдары шығармалары енген



«Әдебиет майданы» журналы, 1973 жылы шыққан «Лотос» атты афро-азиялық өлеңдер альманахы және

«Социалистан», «Экспресс» кітаптары мен жары Гүлбаһрамға 1929-1935 жылдары жазған хаттары орын алған.

**EGEMEN QAZAQSTAN**  
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

**МЕНШІК ІЕСІ:**  
«Қазақ газеттері» ЖШС

**Саясат және құқық бөлімі**  
Бану ӘДІЛЖАН

**Экономика бөлімі**  
Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ

**Әлеумет және білім бөлімі**  
Орынбек ӨТЕМІРПАТ

**Мәдениет және руханият бөлімі**  
Жолдыбай БАЗАР

**Әдебиет және өнер бөлімі**  
Ерлан ЖҮНІС

**Интернет-редакция бөлімі**  
Динар КЕРІМ

**Бас директор**  
Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ

**Бас редактор**  
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ

**Бас редактордың орынбасарлары**  
Думан АНАШ, Талғат БАТЫРХАН

**Жауапты хатшы**  
Самат МҮСА

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**  
Ақмола облысы – Байқал Байқұл  
Алматы облысы – Қалмаханбет Мұхамедәлі  
Атырау облысы – Жолдасбек Қашербайұлы  
Ақтөбе облысы – Байн Қуанышқызы  
Батыс Қазақстан облысы – Қазыбек Қуанышқызы  
Жамбыл облысы – Табиғат Мұсылманқұл  
Жетісу облысы – Мұхтар Күмісбек  
Қарағанды облысы – Қыялғардақ Айтжан  
Қостанай облысы – Нұржанат Құлабай  
Қызылорда облысы – Мұрат Жетпісбай  
Маңғыстау облысы – Гүлфия Дәуітбай  
Павлодар облысы – Мұрат Қарлығұлы  
Солтүстік Қазақстан облысы – Жасқабай Самрат  
Түркістан облысы – Ғалымжан Елшібай  
Шығыс Қазақстан облысы – Мерей Қайнарұлы  
Шымкент қаласы – Әнуар Жұмашбай

тел.: 8 7759549863  
тел.: 8 7786522402  
тел.: 8 7760068003  
тел.: 8 7014890223  
тел.: 8 7475311951  
тел.: 8 7470784922  
тел.: 8 7753010129  
тел.: 8 7014901976  
тел.: 8 7775800024  
тел.: 8 7018598809  
тел.: 8 7020071776  
тел.: 8 7051535557  
тел.: 8 7026384000  
тел.: 8 7056238817  
тел.: 8 7763268898

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**  
010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13  
050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а

**АНЫҚТАМА ҮШІН:**  
Астана. АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;  
Электронды пошта: info@egemen.kz  
Интернет-редакция: portal@egemen.kz  
Алматы: 8 (727) 273-07-87, факс 8 (727) 273-07-87;  
Электронды пошта: almaty@egemen.kz

**МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:**  
Астанада – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48, egemen\_adv@mail.ru  
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz

Индекс **65392**. Аптасына 6 рет шығады.  
«Қазақ газеттері» ЖШС компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
Көлемі 8 баспа табақ. Нәмірдегі суреттердің сатысына редакция жауап береді.  
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

**Газетті қайта өсікке қою туралы**  
№KZ21VPY00062701 куәлеті 2023 жылғы 12 қантарда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті берген.  
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті  
КР СТ ИСО 9001-2009  
Сана менеджменті жүйесі талаптарына сәйкес сертифицикатталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.  
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта») АҚ**

**ТАРАЛЫМЫ 80 117 дана**

Нәмірдің көзекші редакторы  
Маржан ӘБІШ

ISSN 1999-9720

9 771999 972005